

МАРАТ БАЙЗАҚОВ

**АЙТАРЫМ БАР,
ӨЗІҢЕ, ӘКЕ...**

*Шығарманың әдеби нұсқасын жасаған
Сатимова Марияш Балтабай қызы*

Алматы 2015



ӘОЖ 930.27 (577)
КБЖ 67.2 (5 Қаз)
М 17

БАЙЗАҚОВ МАРАТ

М 17 Айтарым бар, өзіңе, Әке... Шығарманың әдеби нұсқасын жасаған
Сатимова Марияш Балтабайқызы / – Алматы: «Баспа-Сөз» баспасы, – 2015.

ISBN 978-601-7317-27-0

Кітап авторы отбасы мен халықтық дәстүрлер, олардың әрқайсысының қоғамдағы орны туралы ой түйеді. Мұндағы әр ой оқушысын елітеді, өткені мен кеткені туралы толқынысқа бөлейді... Өткеніміз бен болашағымызды жалғастыратын – біздің отбасымыз, жақын жандарымыз бен ұрпағымыз, автордың айтқысы келгені де осы, өткенсіз болашақ жоқ. Кітап жалпы оқырманға арналған.

ӘОЖ 930.27 (577)
КБЖ 67.2 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7317-27-0

© Байзақов М., 2015
© «Баспа-Сөз», 2015



ҚОРҚЫТ БАЙЗАҚОВ
(1912-1979)

Қорқыт Байзақов 1912 жылы Өрлік ауылында дүниеге келген.

Жаманқала балық кәсіпшілігінде жұмысшы болып еңбекке араласты. 1925-1941 жылдар аралығында Доссор мұнай кәсіпшілігінде оператордың көмекшісі, оператор, есепші, бас есепші, кәсіподақ төрағасы қызметтерін атқарды. 1941 жылы майданға аттанып, 1942 жылы Одесса қаласында офицерлер даярлайтын училищені бітіреді. 1941-1943 жылдары бөлімше командирі, 1943 жылдан аға лейтенант шенінде рота командирі болады. Ол 195-атқыштар дивизиясының 565-атқыштар полкі, 301-атқыштар дивизиясының 1050-атқыштар полкі құрамында Батыс майдан, 3-Украина, 1-Белорусь майдандарында шайқасты. Мұндағы ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Қызыл ту» ордендерімен, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Кенисбергті алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Қорқыт Байзақов соғыстан аман-есен оралғаннан кейін түрлі лауазымды қызметтер атқарып, туған елі мен жерінің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты.

СӨЗБАСЫ

*Ешбір еркек өз Әкесін толық түсінбей тұрып,
жақсы әке бола алмайды.*
Торнтон Нивер Уайлдер

Ешбір бала өз әкесі туралы толық білемін деп сеніммен айта алма-са керек. Әйтсе де, өз әкеңнің ең болмағанда бір қырын тани алсаң, әке алдындағы перзенттік борышыңды өтеуге ұмтылыс болар. Бірақ, әке алдындағы перзенттік парыз ешқашан өтелмейтіні анық.

Өмірде өзгермейтін ештеңе жоқ. Сол сияқты менің өмірімде өзгермеген тек қана мейірім мен әділдікке деген сенім ғана. Біздің отбасымыздың ең бағалы қазынасы адалдық болатын. Кейде мен бұл адалдықты адамдарға тән еместей, жан ауыртар сезімдей қабылдайтынмын. Бірақ, кейінірек, талай өмір өткелдерінен өткен соң ғана, бұл кез-келгенге бұйыра бермейтін, тек санаулыларға ғана бұйырап несібе екенін түсіндім. Өтірікті көре білмесең, шындықты айта білмесең оның несі өмір?

Әке өз перзенті үшін жауапкершілігіне қоса, өз сәбиіне қорған да болмақ. Әке – өмір мектебінің алғашқы ұстазы. Әкемізге қарап қана өз ойымыздың, пиғылымыздың түзулігі мен әр басқан қадамымыздың дұрыстығын аңғарамыз. Ұстаз-Әке лайланған ой-санаңды тазартып, тазалық шуағын себер. Ол – өмірдің тар жол, тайғақ кешулерінде талмай, тынбай, шаршамай биікке жол бастаушың. Ал биіктік заңы – ерекше: бере де біл, қызмет қыла да біл. Әкем мына сөзді жиі айтатын: «Бақыт – алғанда емес, бере білуде». Мен әкемнің маған бергенінің қаншалықты шексіз екенін тым кеш ұғындым. Оның ғибратты ойларын мезгілінде зейін қойып тыңдамағаным өзегімді өртейді. Әкем жайлы ойлай бастасам, санамда ғажайып бір сезім оянады. Уақыт өткен сайын оның тұлғасы іріленіп, биіктеп бара жатқандай. Анам туралы ойлансам да дәл осындай сезімді бастан кешемін. Бала күнімде мен ата-анаға бала күніңнен ер жеткенше ғана бауыр басатындай көруші едім. Ал өмірде тіпті де олай емес екен.

Қанша жасқа келсең де, ата-ананды сағынасың екен, өз өміріңді, әр қадамыңды олармен салыстырасың екен. Тек мені ғана емес, талай адамды толғандырған мына ой маған маза бермеді. Неге Әкеме көзі тірісінде лайықты құрмет көрсете алмадым? Неге оған деген шексіз құрметім мен ыстық ықыласымды көкірегіме қамап ұстадым. Ол сол құрметке лайық еді ғой. Неге оған деген жақсы сөздерімді ол дүниеден өтіп кеткеннен кейін ғана айттым? Оған мезгілінен кеш айтылған жылы да жақсы сөздерден пайда бар ма еді? Жүрегімді жарып шыққан бар жақсы сөзім мен алғысымды сен тіріде айтуым керек еді... Бәрі де кеш... Кешіктім... Жүрегімнің түбінде қайғы мен кінәлау, өкініш қана қалғандай. Мен сенің алдында мәңгі борыштымын. Ол борыштың ешқашан өтелмесін де білем... Әкем бізбен өмір жайлы тым аз сөйлескендей көрінеді. Әкемді қандай ойлар толғандырды екен деп әлі ойланамын. Сірә, ол тәрбиені сөзбен емес, іспен ғана беруді дұрыс деп түсінген сияқты.

Әкем дүниеден өткеннен кейін, санамды шарқ ұрғызған сандаған сауалға жауап таппағанда, басымды тауға да, тасқа да ұрған кездерім, тіпті лайықсыз адамдардан қажетсіз ақыл тыңдаған да кездерім болғанын несіне жасырайын. Ол кезде де, қазір де Әкемнің ақылына зәрумін, кімге, неге сенерімді білмей аласұратын кездерім әлі де бар. «Жүз ұстаздың бергенін бір Әке ғана бере алады» деп ағылшын жазушысы Джордж Герберт айтқан екен. Оқығаныма сенсем, уақытпен сыналған жайттарға ғана сену қажет. Әрине кей заңдар ескірген шығар, бірақ дінге қатыстының көпшілігі уақыт сынынан өткені анық, адам баласы үшін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Мұхаммед пайғамбар Алланың мейірімі шексіздігіне үндесе, Иса пайғамбар жоқ-жітікке көмектесуді, досына да, қасына да махаббатпен қарауды, кешірім мен мойынсұнуды уағыз етеді. Буддизм достық пен ынтымаққа шақырады. Лао Цзы қара бастың қамын ойламаған адам бақытқа жетеді десе, Конфуций сыйластыққа сенді. Осының бәріне қоса, ата-анаңа арқа сүйе. Сонымен қатар, әр ананың өз перзентін дүниеге өзі ғана әкелетіні сияқты, өз өміріңнің мәнін өзің ғана жасайсың. Мүмкін солай да шығар.... Бірақ қазіргі күні діннің өзін әркім өз қалауына, өз ыңғайына қарай бұрмалап алып жүргені белең алып кеткені де рас емес пе? Мұсылман дініндегі түрлі бағыттарды насихаттаушылар әлі оң-солын бағдарламаған жастарды өз мақсаттарына пайдаланбақшы. Сондықтан бұл мәселеде абай болмаса болмайды.

Білуімше, ертеректе Батыс Қазақстанға мұсылман дінін уағыздаушылар Татарстан мен Башқұртстаннан келген. Оның белгілі өкіл-

дерінің бірі қазіргі Атырау облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетовтың атасы Ізмұхамбет молда мен Чкалов ауылында тұрған Лұқпан молда. Қазір Чкалов ауылында Лұқпан молданың немересі, менің ағам Мақсоттың құрдасы Ермек тұрады. Ермектің жас күнінен машина айдап, атасын үнемі машинамен алып жүретіні есімде. Олардың бірі Уфа медресесін, екіншісі Қазан медресесін бітірген. Қазақ жеріндегі мұсылмандық қағидалары мен ұстанымдары ұрпақтан ұрпаққа берілген, оларды өзгертуге, ия болмаса жоққа шығаруға болмайды. Белгілісі, түбінде ақиқат қана жеңбек!

Мен оқыған кітаптарға сенсем, адам өзіне берілген аз ғана ғұмырда қуаныш пен қайғының да, ашу мен сабырдың да, реніш пен кешірімнің де, билік пен бағыныштың да, кемсіту мен өркөкіректіктің де, білім мен надандықтың да, қапас пен азаттықтың да, бәрінің де аз-аздан дәмін татады екен. Сонымен қатар, адам осы сынақтарға жасында тап болмаса да, қартайғанда кездеспек. Осы сындарды қалай қабылдаса, алдағы тағдыры да соған орай болмақ. Сенсек, мұның бәрі — әркімнің өз тағдыры. Ал тағдырың өз қолыңда деп, тіпті сол тағдырды өзгертуге де болады дейді білетіндер. Бірақ сол тағдырдың белгісін көрерге көкірек көзің болмаса ше? Ол аздай, ішкі даусыңды еститін құлағың кер болса ше? «Қырықтың бірі қыдыр» дегендей, сол белгілерді үйге келген сансыз қонақтардың біреуі білдіруі де мүмкін ғой. Аталарымыз жолға шыққан жолаушыға да бата бергенде, «Жорытқанда жолың болсын, Қыдыр ата жолдасың болсын» демей ме? Мен Уфада оқып жүргенімде Әкем маған үнемі жүрек тебірентер хаттар жазатын. Ол хаттар менде сақталмаса да, мен онда жазылған Әкемнің ойларының мазмұнын өз естеліктерімде беруге тырыстым. Әкем сөз қадірін білетін, сөз құдіретін жанымен түсінетін. Қазақ сөз құдіретін аса жоғары бағалаған, «аузы дуалы» жандарға сенген. Бабаларымыз сөздің жаны бар деп түсінген. «Айтпаса сөздің атасы өледі» деп, орынды сөзді жоғары бағалап, аталы сөзге тоқтамағанды арсыз деп сөккен. Әр сөз өзіндік қуатқа ие, сөз құдіретінде шек жоқ. Әр сөзді айтушының да, тыңдаушының да деңгейі әртүрлі болса керек. Сондықтан да кейде сөйлемегеннің өзі дұрыс па деймін. «Өз балаларыңды үндемеуге үйрет. Сөйлеуді олар өздері-ақ үйренеді» дегенді Бенджамин Франклин (американдық саясаткер) айтып кеткен екен. Сонымен қатар Ресей ақыны Расул Гамзатовтың мынадай сөзі бар: «Адамға сөйлеуді үйрену үшін екі жыл уақыт керек, ал үндемей қалуды үйрену үшін алпыс жыл уақыт керек».

Әкем дүниеден өтіп, өзім елу жастан асқан соң ғана ата-бабам туралы ойлана бастадым. Олар кім болған, қайда өмір сүрген, мәңгілік мекендері қайда? Ұрпағым олар туралы ойланып, іздейтіндей күн туса, білетін де ешкімнің қалмайтыны мені қатты толғандырды. Осылайша мен олар туралы деректерді іздестіре бастадым. Олар жерленген жерлерді табумен қатар, менің ата-бабамның шежіресін білетін көнекөз қариялардың әңгімесін тыңдадым, ағайындар арасындағы түрлі қызықты хикаяларды жинастырдым. Олар туралы кітап жазуға талпындым. Өзімнің жазушылық талантыма сенбегендіктен, бұл істе кәсіби жазушылардан көмек сұрадым. Олардың алғашқысы – Берік Қорқытов. Менің әкемнің атын қойған Қорқыт бидің ұрпағы. Одан кейін де белгілі жазушыларға қолқа салдым, бірақ реті келмеді. Осылайша, маған өз әкесі туралы тек өз ұлы ғана жаза алмады деген ой келді. Оскар Уайлд айтқандай: «Ақиқатты танып білу үшін миллиондаған адасулар болуы керек». Осы орайда жарым Майра Жұмағалиеваның да осы іске қосқан үлесі туралы айта кеткенім жөн шығар деп ойлаймын. Мен Әкем туралы кітап жазғызу үшін жазушы іздегенімде, маған кітапты жазуға кеңес берген, оған қоса өз Әкесі туралы кітап жинақтап шығарып, үлгі көрсеткенін ерекше айтқым келеді. Қалай болғанда да, пайғамбар жасына жеткенде қолыма қалам алып, өз отбасым туралы, Әкем туралы кітап жазуды бастадым. Бағасын оқырманның өзі берер деп ойлаймын. Әкемнің қарындасы Дәмет апам мына сөздерді үнемі айтатын: «Адам баласы артына бұрылып қарамайды ғой. Егер бұрылып қараса шимай-шимай ізді көрер еді». Мен де сол кісінің айтқанын жасағым келді. Артыма бұрылып қарап, біреуге ұнайтын, біреуге ұнамайтын, шимайланған өмір іздерін көргім келді. Менің отбасымның өмір іздері кейінгі балаларымызға, ұрпағымызға сабақ болардай өнеге бере алса, мақсатыма жеткенім... Роберт Рождественскийдің «Жан азасында» болуы керек, «Бұл өлілерге емес, тірілерге керек» деген бір сөз бар еді. Сонымен қатар белгілі француз жазушысы әрі саясаткері Франсуа Рене де Шатобриан айтқан: «Тірілер өлілерді үйрете алмас, ал өлілер тірілерді үйрете алады» деген сөзі есімде. Сондықтан да Әкемді еске ала отырып, осы жазбаларды ұрпақтар үшін жазудамын. Олар да өткенді біле отырып, өз өмірлеріне ой жүгіртсін, өз өмірлерін бабалар тағдырымен салыстырсын деген ойдамын. Қолыма қалам алғызған да осы ойлар. «Өмірдің көбі кетіп азы қалды» деген өлеңдегідей, өмір жолындағы өткен мен кеткенді екшеп, сол жолда қиындық пен қуанышты бірге бөліскен жандарды,

жеңістер мен жеңілістерді таразыға салатын, ой елегінен өткізетін сәт келген сияқты. Жылдар зымырап, өмір керуеннің артта қалған әр жылын санаған сайын, мен сол жылдардың бәрінен түйгенім мен жиганым үшін, ғасырлар өлшемімен қарағанда түкке тұрғысыз болып көрінетін өткеніме бұрылып қарадым. Сандаған жылдар бойы менің жанымға маза бермей келген осы ойлар менің бақытты балалығымнан бастау алған өмір жолым мен үлкен де тату отбасым жайында осы шығарманың жазылуына түрткі болды. Кешегі мен бүгінгінің тарихы қатар өрілген бұл хикая – біздің өз шежіреміз, өз хикаямыз.

Әкем мен Анамды еске алу үшін өтінішімізді жерге тастамай, өз естеліктерін жібергендердің бәріне ризалығымыз шексіз. Соның ішінде ҚР еңбегі сіңген қайраткері, ҚР журналистер Одағының мүшесі Ғалым Оразбаевқа, Ғани Менетаевич Каринге, ҚР Журналистер Одағының мүшесі Людмила Павловна Петриченкоға, ҚР Құрметті геологы Бисенбай Бисенғалиевқа, жиендерім Марияш Сатимоваға, Әлия Наурызалинаға, барлық туыстарымыз бен жақындарымызға осы кітапты құрастыруда берген кеңестері мен көмектері үшін ризашылығымды білдіремін. Ал осы жазбада біреулер туралы қысқа ғана айтсам, ал кей жандар туралы мүлдем жазбай кеткен болсам, ол үшін кешірім өтінемін. Мұның бәрін бір кітапта қамту мүмкін емес. Менің жазып жеткізе алмаған жерлерімді осы кітапта естеліктерін айтқан жандар толықтырар деген үмітім де бар. Бәлкім, адам аттарының тізіліп жазылуы, даталардың көп келтірілуі оқырманды жалықтырып та жіберер, бірақ мен мұны да керек деп ойладым. Өйткені мұндай кітап біздің әулетте бірінші рет жарыққа шығып отыр, мұнда біздің әулеттің жеті атасына дейінгі мәліметтер келтірілген. Өз шежіремізді білу біздің ұрпағымызға қажет деп есептегендіктен, «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген халық даналығын басшылыққа алдым. Бәлкім өзім туралы жазылған жайлар да көп шығар, бірақ, менің ойымша, мен де осы әулеттің бір өкілімін, сондықтан маған байланысты жайлар да, кездесулер мен таныстықтар да – біздің әулеттің тарихы. Бір кездері менің ұрпақтарым да осы тарихты керек қылар. Бұл кітапты жазу барысында, өз ойымды толық жеткізу мақсатында көптеген дәйексөздер келтірдім. Паскаль айтқандай: «Бұл ой ең бірінші сенің басыңа келген ой емес». Гетеде: «Мен талай талай рет өзгелер сепкен егіннің дәнін жинадым» деген сөз бар. Әрине, театр режиссері Н.П.Акимов айтқандай, «Даналар айтқан

сөздерден дәйексөздер келтіре отырып, өз ойларыңның да айтарын әлсіретпе» дегеніндей де қаупім бар, бірақ француз математигі, физик, философы Блез Паскальдың: «Не болса ол болсын, қажет дегенді жаса» деген кеңесі тағы бар. Осыған дейін айтқандарым да, алда айтарым да – әкемнің мен естіген ойлары. Бәлкім дәл осындай ойларды маған дейін де басқалар айтқан шығар. Кейде ойланып, айтарыңды тауып айтсаң – ол да бір қуаныш. Ал кейде сол ойыңды бір кітаптан тапсаң ше? Сені таңдандыратыны бұл туралы саған дейін ойланғандардың болғаны мен сол ойлардың мәнін көре тұра түсінбегенің ғана. Бәрібір, сенен бұрын біреулер айтып өтсе де, бұл – сенің ойың.

Осы кітапты жазу барысында, жұмысым жүрмеді, үзіліс көп болды, мұны «қолым жүрмеді» десем түсініктірек шығар. Әкемнің қайталанбас, ерекше мықты тұлғасын сомдау үшін өзімді әкемнің бейнесінде көруге, оның бейнесіне толық бойлауға тырыстым. Осыдан ұққаным, менің Әкем туралы білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз екен. Оның балалық шағы, жастығы жайлы тіпті ештеңе білмейді екенмін. Көзі тірісінде тағдырымның берген сыйы-асқар таудай әкем көз алдымда жүргенде сан мүмкіндіктің бірін пайдаланбағаным, оның жан дүниесін түсіне алмағаным, тіпті, түсінуге де тырыспағаным не дерсің? Әкем – менің пір тұтар асқарым!

Қазақ «Әкеден бала мысқал кем туады» дейді. Біздің әкелеріміз қаншама рет ажалмен бетпе-бет келді, нендей қиямет көрсе де, өмірден баз кешкен жоқ. Ал біз бейбіт күнде өмір сүрудеміз, бірақ жан-дүниеміз қаткыл тартып, күн өткен сайын қатыгезденіп барамыз. Ең жаманы – адами қасиеттердің жоғалып бара жатқанына бей-жай қарап қойып, обал мен сауапты ойламастан, еш қарекетсіз отырғанмыз. Әкем айтатын: «Екі адамды татуластырсаң – сауап, атқа мінуге көмектессең – сауап, қаптың бір басын көтеріссең – сауап». Ал осы айтылғандар үшін алғыс алсаң – жасаған сауабың үшін алған қайырың. Жол үстіндегі жолаушыға кедергі келтіретін тас пен бұтаны алып тастасаң да сауапты іс жасағаның. Сауап пен қайыр-жақындарына деген жан жылуың. Жақсылыққа үндеп, жамандықтан сақтандырсаң да сауап. Адасқанға жол сілтеп, зағипты жүрер жолына салып жіберсең де – сауап».

Әкем жайлы жазу үшін әкем жүрген жолдарды, әкем жасаған істерді, әкем араласқан ағайын-туыстарды, әкем жүрген ортаны тағы да бір ой елегінен өткізуге тырыстым. Менің ойымша, әкемнің үнемі

адамдарға көмек беруге ұмтылуы, оның адаммен тіл табысқыштығы, сендіре алу шеберлігі, басқа да адами қасиеттері оған ата-бабамыздан, Сатыбалды, Қармыс, Шалда аталарымыздан дарыған. Қазіргі күні мен Әкем бізбен бірге болмаса да, мен оны үнемі қасымда жүргендей сезінетінім де ұрпақтар арасындағы бір байланыстың бар екенінен хабар беретін сияқты.

ӘКЕМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

1979 жыл. Наурыздың 28-нен 29-на қараған түн. Әкемнің аурухана төсегіндегі соңғы сәттері болатын. Біз, оның перзенттері – София Мақсұт және мен, оның қасында қолымыздан келер еш қайранымыз болмай, дәрменсіз күйде отырдық. Чкаловтан анамызды алдырдық. Таңда Әкем бұл дүниемен қош айтысты. Әкемнің қасында өткен сол соңғы түнді мен бұлыңғыр күйде есіме аламын. Әкем енді жоқ.... Адамның жаратылысы солай болса керек, сол бойда Әкем енді жоқ деген ойға мен де көндіге алмадым. Көз алдымнан үзік-үзік болып Әкем жайлы естеліктер өте бастады. Мен Әкем мен шешем бар екенін бес жасымда біліп, түйсінген сияқтымын. Мұның себебі, маған кейін айтқандарынан білгенім, мені қыркымнан шыға сала, Кулагинодағы (қазіргі Есбол ауылы) нағашыларыма алып кеткен екен. Ол кезде біздің үй Сарайшықта тұрыпты. (Сарайшықтың орнында бағзы бір замандарда Ұлы Жібек жолы өткен көне қала болған деседі.) Анам қойма меңгерушісі, Әкем рабкооп төрағасының орынбасары.

Балалығымның естеліктерінен тағы бір есімде қалғаны – Мәриям әжем екеуіміздің 1957 жылы Кулагинодан Сарайшыққа келгеніміз. Сол жылы аса үлкен су тасқыны болып, жолдардың бәрін су шайып кеткен болатын. Елдің бәрі тасқынмен күреске жұмылып, әсіресе Анамның құм салуға бос қапшықтар беріп жатқаны есімде. Қапшықтарға құм толтырылып, тасқынға қарсы бөгеттер тұрғызылып жатты. Кейін ағам Мақсұт екеуіміз Сарайшықтың бастауыш мектебінде оқыдық. Ондағы үйдің ауласы өте үлкен болатын. Ауланың таза болуы, судың толып тұруы, отынның мол болуы, шөп шабу жұмыстары, бәрі де біздің міндетімізге кіретін. Суды Жайықтан таситынбыз, ал шөпті арғы жағадан шабатынбыз. Міне, осылайша Әкеміз бізді еңбекке, болашақ өмірге тәрбиеледі, адамға деген мейірбандыққа үйретті. «Әке мейірі таудан асқақ, ана махаббаты теңізден терең» екеніне кімнің күмәні бар. Әрине, ол кезде біз мұны онша түсіне қоймасақ керек. Тәрбиенің қаталдығы

мен қарапайымдығы болашақ өмірде біздің қиындықтардан тайсалмауымызға, кедергілерге тосылмауымызға, өмірдің қандай соққысы болса да, құдды бір бокстағыдай төтеп беруімізге ықпал етті деп ойлаймын. Әкем менің есімде жомарт, қарапайым, шыншыл, өткір, қызба мінезімен қалды. Ол өте жинақы жүретін, құрым етігін біз айнадай жалтыратып тазалайтынбыз, буркасын тіс тазалайтын ұнтақпен аппақ қылатынбыз. Әкем жартылай әскери киім кигенді ұнататын: желбегей плащ, кейде тері плащ, галифе шалбар, басына фуражка киетін. Жүйрік ат пен құмай тазыны жаны сүйетін. Кейде тіпті ауырып жатса да, жүйрік аттың дүбірін естісе, шыдамай ұшып тұратын. Әкем үнемі бәйгеге қосуға ат жарататын, ал бәйге ол кезде жиі болатын, 7 қарашада, 1-9 мамырда, ауылшаруашылық қызметкерлері мерекесінде өтетін. Аулада пеші бар үлкен қора бар еді, аттың терін алу үшін сонда қамайтын. Іші моншадағыдай ыстық, аттың үстіне бірнеше қабат жабу жабатын. Әкем әлде қасықпен, әлде саусағымен аттың үстінен саулаған тердің дәмін татып қарайтын. Бұл аттың үстінен үгітіліп тұзды тер шыққанша жалғасатын. Іс мұнымен бітпейтін, аттың үстіне жабылған жабулар кезекпен алынып, біреуі ғана қалатын да, сосын барып ат күн ұзақ тұратын. Әкем әдетте екі атты, кейде үш атты қатар жарататын. Бұл оның ат жаратудағы өзіндік әдісі болатын. Аттарды бәйгеден үш-төрт ай бұрын жарататын, ал ілгеріде айтылғандай әрекет бірнеше рет қайталанатын. Аттарды ұзақ қашықтыққа да, қысқа қашықтыққа да дайындайтын. Аттардың біреуі жұлделі І орынға, қалғандары оған көмектесу үшін, бәсекелес аттарды оған жақындатпау үшін дайындалатын. Аттарымыз бәйгеден алдымен келгенде әкемнің де, біздің қуанышымызда шек болмайтын. Қазіргідей жұлде қоры аса көп емес кез ғой, Әкем өз ақшасын қосып, сұраған жанның бәріне сарқыт тарататын. Бәйгеден талай рет алда келіп, ағам екеуміз жеңістің тәтті дәмін талай рет таттық. Үнемі жеңісті жолдар бола берген жоқ, бірде мен айналым санынан шатасып қалып, соңғы айналымға келгенше аттың басын жібермей, ешқандай жұлдеге ие бола алмай қалғаным да бар. Сонымен қатар бізде құмай тазылар болды, олардың саны 4-5 болатын. Анам оларға тамақты бөлек дайындайтын. Ал ұйқыға бізбен бірдей, үйде жататын. Әкем аңға қарусыз шығатын. Жолдастарымен бірге аңға шыққанда, әсіресе, қансонарда үнемі олжалы оралатын.

Әкемнің тағы бір есімде қалған қасиеті – адамдарға деген жанашырлығы, өзгелердің қайғысын бөлісе алатыны еді. Жеті жүз жыл-

дан астам уақыт бұрын Сағди айтып кеткен екен: «Егер басына қайғы түскен жандарға жанашырлық көрсетпесең, сен адам атына лайық емессің». Өмірден өткен адам, тіпті, жақын туысы болмаса да, сол үйге келіп, жаназаны ұйымдастырып, шаруашылыққа көмек беретін. Бұл дағдыға айналғаны сонша, кейде тіпті әкемді күтіп отырады екен. Ауылдасымыз Сираж аға әкем туралы естелігінде әкемнің әзілдеп айтқан: «Маған тірілерден алғыс бола қоймас, өлгендер разы шығар» деген сөзін айтып отыратын. Мұны айтқанда Әкемнің нені меңзегенін кім білсін, оны соңғы сапарға шығарып салуға мыңға тарта адам жиналғаны, алпыстан астам көліктің келгені оған деген халықтың ықыласы мен құрметін көрсетпей ме? Тағы бір есімде қалған бір жайды айта кетсем, Әкем жолдасы Сираж ағаға өзінің қарасына соятын малды тапсырып, жемдеуді тапсырады. Әкем дүниеден өтерден бір күн бұрын әлгі жылқы атқорадан қашып шығып, біздің үйдің ауласына келіпті... Сірә, біздің ақылымыздан тысқары жайлар көп болса керек.

Әкем бізге ешқашан өз өмірі туралы айтып көрген емес. Бірақ, біздің білетініміз – Әкем өмірдің талай талқысын көрген, ауыртпалықтың сан түрін басынан кешкен жан. Ешқашан ешкімге салмақ салмай, не көрсе де төзімділікпен, табандылықпен өмір сүрді. 1912 жылы Өрлік ауылында дүниеге келіп, 1929 жылы 17 жасында балық кәсіпшілігінде еңбек жолын бастайды. 1930-1941 жылдары «Ембімұнай» қой совхозының кәсіподақ комитетінің секретары болады. Сол кездегі Есбол аудандық комсомол комитетінде, Жылой ауданында, Гурьев облысының біраз мекемесінде еңбек етеді. 1941 жылы әскерге Жылой ауданынан шақырылады. Соғыстан елге жеңіспен 1946 жылы оралған Әкем бірден еңбекке араласады. Есбол аудандық қаржы бөлімінің бас есепшісі, кейін меңгерушісі болып қызмет етеді. 1947-1952 жылдары Махамбет аудандық қаржы бөлімінің, Махамбет аудандық жоспарлау бөлімінің бастығы болады. Алпысыншы, жетпісінші жылдары Чкалов атындағы совхоздың партбюро хатшысы, Сарайшық ауылдық кеңесінің төрағасы болады. Зейнетке шығар алдында «Бірінші май» совхозының кадр бөлімін басқарды. Кейін зейнеткерлікке шыққан соң Чкалов ауылындағы парқты өсіруге, кеңейтуге бар күшін салды. Жасына қарамастан, күннің ыстығында, жанын аямастан көшеттерді өзі егіп, суарып, балаша мәпелейтін. Қазір сол парк әлі бар, оның территориясына мектеп салынған, соғыстан оралмаған жерлестерімізге ескерткіш қойылған.

Әкемнің барында мен маған берілген сансыз мүмкіндіктің бірін де пайдаланбаған екенмін. Әкем өлместей, ешқашан айрылмастай өмір кешкен екенмін. Бұл менің жанымды қалай құлазытатынын білсеңіз ғой. Өмір жайлы, өлім жайлы, соғыс жайлы... ештеңе сұрап білместен, ал ол айтпастан, беймәлімділік пен сансыз сұрақтың арасында дәрменсіз күйде қалыппын. Соғыс жайлы ол ешқашан әңгімелеген емес. Соғыс оның көкірегінде көмулі күйінде кетті десем, артық айтқандық емес. Көзімен көрген қанды қасапты жадында қайта жаңғыртқысы келмеді ме екен? Бірақ, жеті кластық қана білімі бар ауыл баласының аға лейтенант шенімен, взвод командирі болып, «Қызыл жұлдыз», «Қызыл ту» ордендерімен, сандаған медальдар мен Алғысхаттармен соғыстан оралуының өзі көп жайдан хабар бермей ме? Соғыста екі қайтара ауыр жараланып, госпитальде емделіп шыққан соң, майдан шебіне қайта қосылған. «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденіне ұсынылған марапат қағазында 1050 Сталиндік атқыштар полкінің подполковнигі У.Гумеровтің ұсынуында лейтенант Қ.Байзақовтың батылдығы, ерлігі мен қаһармандығы арқасында жаудың беті тойтарылып, 25 фашистің көзін жойғаны туралы айтылады. Осындай батылдығы мен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылғанды да айтылады. Бірақ, әкем бәрібір соғыс жайлы ештеңе айтқан жоқ. Бұл жайында соғыс және еңбек ардагері, Атырау облысының құрметті азаматы Орынғали Қарасаев: «Соғысқа қатысқан ер азаматтардың сүйсінерлік ерекше қасиеті – қан майдандағы ерліктерін айтып мақтанбайтын. Өзім де Ұлы Отан соғысына қатыстым. Бірақ, сарбаздармен әңгіме бола қалғанда, «мен бүйттім», «мен мұнша немісті өлтірдім», «мен танк жардым» дейтін әңгімелер естілген емес. Қорқыт та біреу әдейілеп сұрамаса соғыс жайлы ашылып айта бермейтін. Әйтпесе Қорекеннің кеудесіне таққан «Қызыл Жұлдыз», екі «Қызыл Ту» ордендері, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Варшава және Кенисберг қалаларын жаудан босатқаны үшін» медальдарына, Украина мен Белоруссия майдандарындағы ерліктеріне кеуде көтеріп мақтануына да болар еді. Ол соған лайықты да еді. Есесіне Қорқыт Байзақовтың ерен ерлігін елі аңыз етіп айтып жүрді. Қатардағы жауынгер болып қантөгіс ұрыстарға араласқан Қорқыт Байзақұлының небір тар жол, тайғақ кешуді бастан өткізгенін білетінбіз. Қайтпас, қайсар жауынгер кейін офицерлік курсты тәмамдап, қол бастады, ұрыстарға араласты. Қиындықтан қаймықпай жол таба білетін командир атанды. Взвод, рота баскарып, жау шептерін талқандады. Осындай

ұрыстарда екі рет фашисттердің оғы тиіп, жараланса да, қайтадан қанды шайқастарға кірді. Соғыстан кейінгі кезде де Қорқыттың аты қара қылды қақ жарған әділдігімен, ел арасында орын алған кейбір кикілжің, дау-таластарды шешіп, екі жаққа ортақ оң шешімді тауып отыруымен, дуалы ауыз өсөздерімен және ұлағатты өсиеттерімен шықты», – деп жазды.

Әлі күнге Әкемнің сегіз қырлылығына қайран қалам. Сөзге шешендігі сонша, тыңдаушысын баурап, ұйытып алатын. Адаммен керемет тіл табысатыны өз алдына, адамдарды да бәйге аттарын қалай таныса, солай танитын. Өте мықты мал дәрігері болатын, үй жануарларын өзі емдеп, екпе жасайтын. Домбыраны керемет тартатын. Қолма-қол ұрыс, жекпе-жек ережелерін жақсы білетін. Бірде киномеханик Шәріп ағай ашуға мінгенде, өзінен екі есе биік және екі есе толық адамды жалғыз өзі алып ұрып, байлап тастағаны есімде. Осы қасиеттердің бәрі Әкеме талай жанжал мен араздықты шешуге көмек бергені анық. Неге екенін білмеймін, Әкеме келіп арыз-шағымдарын айтатындар өте көп болатын. Олардың бәріне ол жылы сөздерін аямай, жұбататын. Оған, әсіресе, ренжіскен ерлі-зайыптылар көп келетін. Күйеуіне ренжіген әйелдер Әкеммен әңгімеден кейін татуласып қайтатын. Біз қай жерде тұрсақ та Әкем қоғамдық «дружинаның» төрағасы болатын. Ол «дружина» ауылдағы қоғамдық тәртіпті қадағалайтын. Осыдан болар, оны көпшілігі құрметтейтін, ал кейбірі одан қорқатын да.

Біз Чкалов ауылында тұрғанда, жер ауып келген кәріс отбасыларымен араласып тұрдық. Олар әкемді өте құрметтейтін. Әкем де оларды еңбекқорлығы үшін жақсы көретін, оларға көмегін аямайтын. Сол кездері Қызылорда қаласында «Ленин кичи» атты кәріс тілінде газет шығып тұратын. Сол газетте Әкем туралы, оның суреті басылған мақалалар жиі жарияланатын. Әкем де жерлестерінің ықыласына лайықты жауап беретін, үйден қонақ арылмайтын, қонаққа барын беріп құрметтейтін.

Өз нағашылары жайлы естеліктерінің бірінде Махамбет поселкесіне Халық әртісі Күләш Байсейітованың келгенін Төлеш көке былай әңгімелейтін: «1949 жылдың қыркүйек айы. Қорекен сол кездегі Махамбет аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет ететін. Мен сол үйде жатып оныншы сыныпта оқитынмын. Мектептен келсем, нағашым:

– Тез тамағыңды іш, Сартоғайға кетеміз, көкөніс, жеміс, картоп әкелеміз, – деді. Біз бәрін әкелген соң ғана білдім, ертеңіне біздің

ауданға Күләш Байсейітова келеді екен. Қонақ үй болмағандықтан, ол осы үйдің қонағы болады екен. Ертеңіне түстен кейін, ішінде аудан, облыс басшылығынан да адамдар бар, жеңіл көліктерге мінген бір топ адам келіп те қалды.

Келісті де кербез, ақша жүзді, қарақаттай көздерімен кісіге мейірлене қарайтын, қымбат матадан тігілген қызыл түсті көйлегіне қосарлай жамылған түлкі терісі жарасып әйгілі Күләш қарсы алғандардың әрқайсысымен күле амандасып, үйге кірді. Қасында ері Қанабек Байсейітов, әнші Жүсіпбек Елебеков, облыстық партия комитетінің өкілі Қожантай Кенжеғалиев бар болатын.

Кеште клубта үлкен концерт болды. Ішке билетпен кірген көрерменнен де сыртта кіре алмаған тыңдаушы көп еді. Клубтың айқара ашылған есік-терезелерінен Күләштің бұлбұл даусымен шырқаған әні бүкіл ауыл үстінде қалықтап тұрды.

Концерттен кейін қонақтарды үйде құрметтеу жалғасты. Атақты адамдарды жақын жерден көру үшін, қонақтардың қолына су құюға сұрандым. Нағашым мені баласынып, бір нәрсені бүлдіріп алатындай көріп, қонақтардың қолына суды өзі құйды. Ол қонақ күтуде ештеңені елеусіз қалдырмайтын. Қонақжайлықты ата-бабамыздың ең басты қасиеті деп бағалайтын. Өмірдің ащысын да, тұщысын да татып, көргені де, түйгені де мол нағашым осының бәрін бізге тағылым ететін. Қорқыт нағашым мына сөздерді үнемі айтып отыратын: «Адам өз даңқын адамдықпен, арымен шығарады. Адамдыққа қонақжайлық пен жомарттық жатады. Ал арың – барын, даңқыңды өлгеннен кейін де жоғалтпайтын қазына. Егер адам болғың келсе, Абай атаң айтқандай, жамандықтың бәрінен аулақ болыңдар. Жамандықтың түрі көп. Мысалы, қорқақтық – үрейдің жолдасы, мен бұған кешегі соғыс уақытында көз жеткіздім. Жағымпаздық та қорқақтықтың туысы, жалқаулық – аяқтағы тұсау, көздегі шел. Қызғаншақтықтан аулақ болыңдар», – дейтін. Қорқыт нағашым мен үшін адалдық пен әділдіктің үлгісі болатын. Ол тума-туысты өте жақсы көретін, жиеннен жақын ағайын жоқ деп, бізді ерекше еркелететін. Ол дүниеден өткеннен кейін де біз оның осындай бауырмалдық қасиеттерін жиі еске алатын болдық».

Төлеш көкенің осы естеліктері біз үшін, менің бауырларым үшін, өте қымбат және Әкеміздің азаматтық, абзал қасиеттерін тағы бір мәрте паш етеді.

Әкемнің өр мінезі, өткірлігі, ешкімнің айтқанына көніп, айдауына жүрмейтіні, әрине оған үнемі жақсылық сыйлаған жоқ, бірақ мен

түсінсем, бәрібір Әкем өз мінезін өзгертпес еді. Мен оны Бауыржан Момышұлына ұқсататынымын. Осы ымыраға келместей мінезіне қоса, Әкем мейірбан, қарапайым, елгезек, әділетсіздікке жаны қас, кейде сезімге берілгіш адам еді. Қандай жағдайда да, көңіліне қатты тиген нәрсенің өзін, қаншалықты қиналса да сыртқа көрсеткен емес. Немересі Болатты жақсы көргені сондай, біздің ол туралы әзілдеп айтқан сөздеріміздің өзінен қызғыштай қорып, жанын сала қорғаштайтын. Туысқандардың қазасында көзінен аққан мөлдір жасты талай көргем. Әсіресе, Боранғали көке қайтыс болғандағы көзінде тұнып тұрған жас пен қайғы менің есімнен ешқашан кеткен емес.

Кейде Әкем арнасына сыймай, жолындағының бәрін жайпап өтетін сел сияқты болатын, бірақ қайтымы өте тез еді. Әкемнің мінезі жайлы аңызға бергісіз хикаялар жиі айтылатын. Бірде атқа жем-шөп бермей ашықтырғаны үшін, бір атшыны сабағанын естігем. Осы үшін оның сөгіс алғанын, жұмысынан төмендегенін білем. Әкемдей тік мінезді адамдарға өмір сүру оңай болмас, бірақ ондай жандар қара басының тыныштығы мен пендеуи игіліктер үшін өз мінезін ешқашан өзгертпес еді деп ойлаймын. Ондай жандар ту сыртынан жасалар опасыздыққа ғана ешқашан дайын болмас, ал бетпе бет келген өмір сынағының қандайы болса да жеңіп шығуға даяр. «Шер» сөзі қайғы, қасірет, мұң мағынасын да береді. Бірде Әкемнің қағаздарын қарап отырып, бір жылдың ішінде бірнеше рет демалыс алғанын, оның ішінде ақысыз демалыстар да сұрағаны жазылған арыздарын таптым. Шамамен 40-45 жастар шамасы сияқты. Сірә, сол кездерде қызметіне байланысты қиындықтар болған сияқты. Бір қызығы, дәл осы жасымда менің де жұмыс бабымен үлкен қиындықтарға тап болған едім. Кейінірек байқасам, мұндай сәйкестіктер бірнеше рет кездескен екен. Сірә, табиғатта тұқым қуалаудан да басқа, көзге көрінбейтін байланыстар бар екені анық. Әкем әрдайым мұқтаж жандарға көмек қолын созатын. Әкемнің Айтбай атамыздан туған Боранғали атты інісі болды. Ол да майдангер болатын, бірнеше орден-медальдардың иесі, өте көрнекті тұлға болатын. Батылдығына қоса ақылды, парасат-пайымы өте жоғары жан болатын. 1965 жылы 47 жасында дүниеден өтті. Екеуі бір-біріне өте жақын болатын, отбасымен бізге қонаққа жиі келетін, қандай жағдайда да бір-бірімен ақылдасып отыратын. Аттың бабын өте жақсы білетін, бұл жөнінде Әкем одан үнемі кеңес алып отыратын. Аңшылыққа жаны құмар еді, үйінде қарудың бірнешеуі болатын. Біреуін бізге де сыйлаған, бала

күнімде менің де ұстағаным бар. Боранғали көке ұзаққа созылған ауыр науқастан дүниеден өткенде Әкемнің қатты қиналғаны есімде. Өмірімде алғаш рет оны құлазыған, шарасыз күйде көрдім, салы суға кетіп, жападан жалғыз қалғандай күй кешті. Оның темекі тартқанын да сол кезде көрдім. Бұрын-соңды, тіпті соғыс кезінде де тартпаған темекіні содан бастап бес жыл бойы тартты да, кенет қойып кетті. Боранғали көке қайтқанда үлкені Юлия он жаста, кішісі Айгүл бір жарым жаста еді. Жаз шықса Әкем Максот екеуімізді Қазына апаға жіберетін, отын, малға шөп дайындауға көмектесетінбіз. Қазына апа азаматқа бергісіз, қолынан да, тілінен де іс келетін әйел еді. Басынан кешкен сонша тауқыметке қарамастан алты баласын өсіріп, жеткізді, жоғары білім берді. Қазір балаларының алды Юлия перзентхананың бас дәрігері, ұлы Ташкент «Ембімұнайэнерго» басқармасының басшысы, ортаншы қызы Майра Шымкент Мұнай өңдеу зауытында еңбек етеді. Ең кішісі Айгүл Алматы қаласында тұрады, ғылым докторы, жоғары оқу орнында ұстаздық етеді. Қабілет пен Ләйла өмірден ерте өтті. Қабілет сондай жақсы адам еді, адал, жаны жұмсақ, әділ болатын. Кездескенде әңгімеміз таусылмай, уақыттың қалай өткенін байқамай қалатынбыз. Қабілеттің артында жары Бақтылы мен балалары Назгүл, Марат, Вероника, Асылбек, Исламбек атты балалары қалды. Қазына апа 2014 жылы дүниеден өтті. Ол біздің Әкемізді қатты сыйлады, көзі жұмылғанша оған ризалығын айтып өтті. Әлі күнге Қазына ападан Әкем жайлы көп жайларды сұрап қалмағаным өкінемін.

АНАМ. МЕНІҢ НАҒАШЫЛАРЫМ

Біздің анамыз Әсия Рамазан қызы Батырованың соғыс жылдарында жасаған қайырымдылығы арқасында талай тарыққан отбасыларының аштық тырнағынан аман қалғаны туралы естідім. Бұл әңгімелерді анамның құрдасы Мария Скоробогатова, туыстарымыз Дәмет Әбіл қызы, Кітан Аманбай қызы, Қамия анамыз да айтып еді. Анам сауда саласында сатушы, қоймашы болып жұмыс жасап жүргенде, сол заманның бір уыс дән үшін талай адам сотталып, тіпті, атылып кеткен заңдарына қарамастан ашыққандарға көмектескен еді. Бұл үшін тек жай ғана мейірімділік емес, өте үлкен жүрек жылуы мен жанашырлық, қаншама ерлік пен батылдық керек екенін бағамдаңыз. Осы жерде Людвиг ван Бетховен айтқан: «Мен мейірімділіктен өткен керемет бар деп білмеймін» деген сөзін еске алғым келеді. Осыған қатысты сауда саласында қызмет еткен Ысқақ ақсақалдың айтқан бір әңгімесі есіме түсіп отыр. Олар – өмір бойы сауда саласында жұмыс жасаған адамдар. Ол – сатушы, анам – қоймашы. Ол кезде ауданның барлық сатушысы тауарды қоймадан келіп алатын және тәртіпке сай барлық тауарға құжаттар рәсімделетін. Бірде анам қателесіп, Ысқаққа құжатта көрсетілмеген артық тауар беріп жібереді. Өте көп сомада артық кеткен тауарды, кейін Ысқақ ақсақал өзі айтқандай, не істерін білмей, екіұдай ойға қалады. Тіпті қасындағы жолдасымен ақылдасады. Сонда ол кісі, біздің анамызды әулие адамға теңеп, қайтарып беруге кеңес береді. Әрине, Ысқақ ақсақал ол тауарды бәрібір қайтаратын еді, ал әлгі адамның сөзі Анамның қандай адам екенін тағы бір дәлелдейді. Анамның адалдығы, ниетінің ақтығына Ысқақ ақсақалдың азаматтығының арқасында кір келмей, тауар қайтадан қоймаға қайтарылады. Партия, кеңес ардагері Мұсабай Сағымбаев анамның өзіне костюмдік мата сыйлағанын, сол костюмнен саяси өмірге сапары басталғанын айтып отыратын. Анамның ұлты қазақ жерінде туып өскен татар болатын. Өте әдемі, сұлу өңді болатын, тіпті қартайған шағында да сол сұлулығының ізі білінетін. Анамның мейірімділігін, туыстарға қамқорлығы мен жанашырлығын, қонақжайлығын оның көзін көргендердің ешқайсысы ұмытпаған шығар. Мен ешқашан оның ешкімді ренжіткенін, біреуге дауыс көтергенін естіген емеспін. Анам Әкеме ешқашан қарсы келіп көрген емес. Сірә, ол оның бәріне келіскендіктен емес шығар деп ойлаймын. Білгенім, ол Әкемді сыйлап, ерін пірі деп қабылдағандықтан ғана оған қалтқысыз

бағынды деп түсінем. Анамның өте кешірімшіл жан болғанын да ұмытқаным жоқ. Біздің үйден ешқашан қонақ арылған емес, үйге қонақ шақырылмайтын немесе біреу келмейтін күн болмайтын. Сонша адамға тамақ дайындаудың өзін ойлап көріңіз. Оның үстіне үйде үнемі болатын туыстар мен жетімдерді қосыңыз. Соның бәріне анам түсіністікпен, мейіріммен қарайтын. Ауылдарда тұратын ағайындарға тамақ пен киім-кешек жіберетін. Арада сонша жылдар өткенде мені ойландыратын мына жай: осыншалықты қайрат пен жан тазалығы болуы үшін, қаншалықты жан қуаты керек болды екен? Өз өмірінде ол қанша жанға көмек қолын созды екен. Оны санау мүмкін болмас! Ол соншалықты мейіріммен өз келіндері мен күйеу балаларын қолдайтын, өз перзенттерін емес, олардың өмірлік серіктерін қадірлеуін қадағалайтын. Бүгінгі күні олар біздің анамызды соншалықты ықыласпен, сағына еске алатыны да сондықтан шығар? Содан да болар, ол туралы ғайбат сөз айтқан адамды көрмеппін де, естімеппін. Біз Анамызды өте жақсы көрдік, осындай ғажайып жанның перзенті болғанымыз үшін, Жаратқан Иеге сансыз мәрте Шүкір! Өмірінің соңғы жылдарында Анам қатты ауырды. Өмір жолында көрген ауыртпалықтары мен қайғы-қасіреті, қызы Лилияның қазасы, бәрі де өз ізін қалдырса керек. Анам өз немерелеріне, әсіресе Земфира мен Болатқа, олардың өзіне деген риясыз қамқорлығы үшін қатты разы болатын. 1999 жылы, сәуір айының 14-жұлдызында Анам өмірден өтті. Оны соңғы сапарына шығарып салуда жер қайысқан адам болды. Тіпті бір адамның анамның өмірден өткенін газеттен көріп келгені, анам мен әкем туралы жылы сөздерін айтқаны есімде. Атырау қаласында тұратын татар ұлтының өкілдері қалмастан келіп, бізге қолдау көрсетіп, жақсы сөздерін аямаған болатын. Олардың ең үлкені Әмина апайдың анама арнап оқыған дұғасын жиналған халық сілтідей тынып тындап еді. Анамды Әкем мен Ляля жатқан бейітке қойдық. Сандаған жандар келіп, Анамның артының қайырын сұрап, басымызды сүйеді. Біздің анамыз сияқты сандаған аналар туралы А.Фадеевтің «Жас гвардия» романынан алынған мына үзіндіде нақтырақ айтылған сияқты. Бұл үзіндіні әуелі апам София, кейін мен талай рет мектептің көркемөнерпаздар үйірмесінің сахнасында оқып едік: «Мен сенің тап-таза, қасиетті қолдарыңды сүйемін! Сен, сен сияқты сандаған Ана ұлдарын соғысқа аттандырды. Бұл қасіретті сен басыңнан кешпесең, сенен басқа бір Ана басынан кешті. Соғыс жылдарында адамдар аш-жалаңаш болмаса, қырымдар дөңге толса, пойыздар теміржол бойымен тоқтаусыз ағылса, бақтарда шие ағаш-

тары гүлдесе, домна пештерінде жалын лауласа, жаралы жауынгерді сыз топырақтан немесе төсегінен көтеріп, біреу қолтығынан демесе, мұның бәрі – Сенің арқаң. Менің, сенің, оның анасының арқасы... Ойланшы, жас досым! Дәл мен сияқты ойланшы. Ойлан да, ой бөлісші, сен дәл Ананды ренжіткендей кімді ренжіттің екен. Біздің бәріміздің сәтсіздіктеріміз үшін, қателіктеріміз үшін Анамыздың талай шашы ағарды ғой. Бір күндері Анамыздың қабірі басында сол үшін жүрегімізге жүк артар сәттердің келері де анық. Анашым менің! Анашым! Кешір мені! Өйткені сен ғана, жалғыз сен ғана кешірімшілсің! Сен ғана дәл баяғы менің бала күнімдегідей, аялы алақаныңмен басымнан сипап, кешіресің... Кешір мені!»

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ» демей ме, А.Фадеевтің осы жолдарын оқыған сайын, анамды ренжіткен кездерім болған шығар деген ойдың өзінен менің жүрегім қан жылайды. Бұл қасиеттер оған өз анасынан берілгені күмәнсіз. Анамның анасы Мәриям әжем соғыс жылдарында да, одан кейін де бүкіл ауылға дәмі тіл үйіретін нандар мен пирогтар пісіретін, киім тігетін. Гармонь тартатыны есімде. Сонымен қатар ораза ұстап, өзі білген дұғаларды бізге үйрететін. Ораза уақытында мен атам мен әжемнен мені сәресін ішуге оятуларын сұрайтынмын. Олардың асырап алған Қарашаш пен Төлеу деген балалары болды. Төлеу әскер қатарына алынғанда оны Мәскеуге жіберді, Әжем менен оған хат жазуымды жиі өтінетін. Оған айтатын жүрек тебірентетін сөздерін маған жазғызатын. Әжем он үш бала туған екен, олардың екеуі, Ғабдолла мен Нұролла, соғыстан оралмапты, қалғандары жасында шетінеген екен. Тірі қалғандары біздің Анамыз, Яролла нағашым және Люция апамыз екен. Рамазан атама келсек, оның қолынан келмейтін іс болмайтын. Ағаштан түйін түйген шеберлігіне қоса, ешкімнің бетін қайырмайтын қайырымды адам еді. Өте сабырлы, төзімді, азамат соғысының жауынгері болатын. Кейін мен оның туған жері Башқұртстанның Белебей қаласы екенін білдім. Көктем сайын атам мен әжем ауылдан алысырақ, Жайық өзеніне жақын жерден бақша салатын. Жаз бойы мен сонда болып, Яролланың тұңғышы Рафаэльмен бірге ауыл балаларымен балық аулайтынмын. Атам бізді балық аулау мен шөп шабуға баулитын. Жастары келсе де еш шаршамастан, тынбастан, өмірге өкпе айтпастан еңбек ететіні мені таң қалдыратын. Қазір сол жасқа келгенде түсінгенім, осындай еңбек олардың өмірін ұзартқан екен. Олардың Қадим деген жиені болды. Ол жүргізуші еді, қалада тұрса да жұмыс бабымен Кулагиноға жиі соғатын. Яролла нағашым екеуі

кей кездері ортаға бір шөлмекті қойып, таусылмайтын ұзын сонар әңгімелерге көшетін, мен олардың жалықпайтын тыңдаушысы едім. Маған олармен жүрген өте қызықты болатын, олар мені Жайыққа апаратын, жақын жердегі ауылдарды аралататын. 1959 жылы 1-сыныпта Кулагинода оқып жүргенімде Яролла нағашым Сарайшық ауылының қызы Зайтунаға үйленді. Кейін Сарайшықта тұрғанда Қадим аға мен Яролла нағашым біздің үйге жиі келетін, біз олардың келгеніне жүрегіміз жарыла қуанатынбыз. Анам оларды үнемі қамқорлап жүретін, костюм алып беретін, азық-түлік, ақша беріп жіберетін. Олар да біздің отбасын қадірлейтін, сыйлайтын, тіпті әкемнен ығысатын да. Анамның кіші сіңлісі Люция аңқылдаған ашықтығына, мейірімділігіне қоса, өте батыл, өзіне өзі сенімді адам болатын. Анам Люцияны өте жақсы көретін, оны қиналғанда демеп, қорғаштап жүретін. Ол да анамды шексіз құрметтейтін. Люция өте мейірбан еді, оның үйінде бір әженің тұрғаны есімде, оны отбасының барлығы Ганя әже деп атайтын, сол үйдің бір мүшесі ретінде қабылдайтын. Сонау тоқсаныншы жылдардың аласапыранында алғашқылардың бірі болып өз ісін ашып, «Люция» базарының иесі болған еді. Сол базардың арқасында біраз туматуыстар күнкөрісін айырды. Өкініштісі бұл базарды Люция ұзақ ұстай алмады, рэкэт заңдарымен базар өзгелердің меншігіне өтіп кетті. Бұдан өткен әділетсіздік болмас! Қазір нағашылырымның бәрі де о дүниелік болған, ортамызда Қадим аға да, Яролла нағашым да, Люция тәтем де жоқ. Тек олар туралы жаныма жылы естеліктерім ғана бар. Мен олардың біздің өмірімізде болғаны үшін ризамын, олардың бізге деген жан жылуы мен қамқорлықтары менің мәңгі жүрегімде. Өмірден өтер алдында Люция тәтем өзін мұсылманша жерлеуді өтінген болатын. Мен оның балалары мен немерелерімен бірге бәріміз оның ақтық өтінішін қолымнан келгенше орындадық. Яролланың жары Зайтуна Есбол ауылында кіші ұлы Шамильмен бірге тұрады. Қызы Луиза күйеуі Андреймен Астраханьда тұрады, Дарья атты қыздары бар. Рафиданың күйеуі Жұбанов Димаш, төрт баласы бар: Жанболат, Эль-Фараби, Гауһар, Қанат. Үлкені Жанболат Еуразия Ұлттық Университетінде журналист политолог мамандығында оқиды. Яролланың үлкен ұлы Рафаэль әскерден кейін Находкада (Приморский край) қалып, танкерде қызмет етті. Зайтуна жеңгемнің ең кіші інісі Хабиржан Сарайшықта туып өскен, әлі де сонда тұрады. Біздің балалық, жастық шағымыз оның көз алдында өтті. Біздің ата-анамызды, отбасымызды ол өте жақсы біледі. Осы

жерде Ф.М.Достоевскийдің: «Өмір жолында ең биік, ең мықты және ең қажетті болатын естеліктерің, соның ішінде, балалық шағыңның естеліктері. Егер өмірінде осындай естеліктері көп болса, ондай адам – барлық жаманшылықтан ада адам. Бәлкім дәл осы естеліктер оны сол жамандықтардан бас тартқызатын да шығар» деген сөзін айту орынды болар. Данил Гранин: «Балалығымыздың естеліктері бізге қиын-қыстау шақтарда қуат береді, өйткені ол естеліктерде болашақ пен бақытқа сенімнің сарқылмайтын қоры бар. Мен өмірдің қаншама соққыларына қарамастан, тағдырдың сан теперіші мен әділетсіздігін басынан кешсе де адамшылығын жоғалтпаған талай жанды көрдім. Бәрібір олар жауыздыққа, өркөкіректікке, жаманшылыққа бой ұрған жоқ. Оларға не көмектесті, не жанына демеу болды? Жалпақ әлем қарсылығына тап болғанда да, олардың жүрегінде мейірімді сақтаған қандай құдірет? Мен ешқашан бұның қалай болатынын түсінбеппін. Қазір ойласам, оларға жәрдем берген балалық шақтың естеліктері болуы да мүмкін-ау? Мүмкін олар балалық шағына саяхат жасаған шығар да, сол естеліктер оларға қайрат берген шығар? Мүмкін, сол естеліктерде біздің кіршіксіз махаббатымыз бен күнәсіз сезімдеріміздің, болашаққа деген сеніміміздің сарқылмас қазынасы жатқан шығар? Балалық шақтың естеліктері мен әсерлері шындығында да зор күшке ие» дегенді айтыпты. Шынымен де солай! Өткен күндерді сағынатыным болар, Сарайшықта жиі болуға тырысам. Барған сайын Хабиржанмен, оның жары Раисамен, балаларымен кездеспей кетпеймін. Люция тәтенің екі қызы бар. Земфира мен күйеуі Константин Мусиннің Мария, Ульяна, Рената, Илона, Милана атты қыздары бар. Кіші қызы Эльмира мен күйеуі Петр Канашкиннің Диана, Александр атты перзенттері бар. Біз олармен жақсы араласамыз, жиі кездесіп тұруға тырысамыз, салтанаттарымызды бірге мерекелейміз, ауыртпалықтарды бірге көтеріміз. Өздері Абиика деп атайтын аналары Люцияны, Үлкен Абиикалары Мариям әжемізді, Әтиіміз Рамазан атамды сағынышпен еске аламыз. Біздің нағашылығымызға деген ризалығымыз шексіз, біз бүгінгі күні қандай жақсылыққа жетсек те, олардың онда мол үлесі бар.

Әкесін толық танып, түсініп, білдім деген адамды көргенім жоқ. Әкемнің бар болғаны жеті кластық білімі бар еді, ал мен жиырма жылға жуық білім алдым. Сонда да оның даналығына, тереңдігіне деңгейім жетпейтінін білем. «Әкеден баланың мысқал кем туатыны» да осы шығар.

БІЗДІҢ ӘУЛЕТ

Біздің әулеттің еркектер жағы өте қатты мінезді болғаны рас. Ал олардың жарлары өмірдің қандай сынағы болса да төзімділікпен көтерді. Менің анаммен бірге, олардың қатарында Қуаныш көкемнің жары, он бір баланы дүниеге әкеген Орынша анамызды, Аманбай көкеміздің жары Қамия анамызды, Шархат анамызды айтар едім. Олардың бәрі көп балалы болатын. Орынша анамыз он бір, Қамия анамыз он баланың, Шархат анамыз алты баланың анасы. Сонша баланы тәрбиелеп, еңбек ете жүріп, арылмайтын қонақты атқарып, қабағы қатты күйеулерінің бабын таба білген аналар. Олардың шыдамы мен төзіміне тек таңдану аз, кейінгі келіндерге оларды үлгі етуге тұрады. Олардың бәрі бізді Қармыс бабаның ұрпағы деп құрметтеді, жастары келгендіктен маған үнемі өздерін ақтық сапарға шығарып салу шаруашылығын аманат ететін. Мен үнемі олардың қыс пен күзде емес, ауа райы жақсы, жер қара, күн жылыда өлулерін өтініп, әзілдейтін едім. Орынша апа тоқсан бір, Қамия апа тоқсан жеті жасқа келіп бақилық болды. Тілектері оң екен, шынымен де ауа райының жылы, ашық кезінде дүниеден өтті. Енді Шархат апа туралы. Оның тағдыры қиын да қызықты тағдыр. Алғашқы жары – Бітір, менің әкемнің інісі, одан Күлән, Гүлжан атты қыздары бар. 1953 жылы Бітір қайтыс болған соң, ағайындар ақылдасып, «жақсыны жатқа жібермейтін» қазақы дәстүрмен Әбіл атамның ұлы Қанатқа қосады. Ол үйленбеген жас жігіт екен. Содан 1982 жылы Қанат көке өмірден өткенше балалы-шағалы болып, тату өмір сүрді. Бұл әменгерлік салты қазақ арасында ежелден бар. «Аға өлсе, іні мұра болатыны», ағадан қалған балаға інінің үнемі қамқорлық жасайтыны белгілі. Шархат анамыз қазір немере, шөбересін сүйіп отыр, жасы тоқсаннан асты.

Әкемнің бізді, ағам екеуімізді, атпен Қарабау, Тайсойған, Миялы жаққа апарғаны есімде қалды. Жол өте алыс болатын. Екі- үш күн қона жатып, 200 шақырымдай жол жүрсек те, ағам екеуіміз атпен жүргенімізге соншалықты разы едік. Сандаған жылдар өтіп есейгенде ғана, әкемнің бізді халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен осылайша таныстырып кеткенін ұғындым. Өткеніміз біздің санамызда ғана емес, дәстүрлерімізде де өмір сүрмек. А.С.Пушкин айтқандай «Өткенді құрметтеуден білімділік пен сауаттылықтың айырмасы көрінбек». Салт-дәстүрлер өткенді еске салады, ал дәстүрді жалғастыратындар – адамдар. Дәстүрдің күші –

жалғастығында. Халықтық дәстүр тазалық пен тұнықтықтан бастау алмақ. Жомарттық – қазақ ділінің ерекше бір қыры. Халық қонақжайлығының басты заңы бойынша келген қонақ үйден дәм татуы тиіс. Халық арасында ас ішер алдында келген қонақ мақтап жүрген болып есептеледі. Келіндер ас салғанда енелері бір адамның сыбағасын артық салуды тапсырған. Бұл күні қонақ келе ме, келмей ме, маңыздысы ол емес, бастысы – дәстүрге құрмет. Ал кездейсоқ қонақ келсе, әйелі ұл тапқандай қуанған. Жақсы дәстүрдің бәрі жақсылыққа ұмтылудан басталған. Бәріміз де жақсылыққа ұмтыламыз және жақсылықты күтеміз, өмір барда солай бола бермек. Халық қай дәстүрді жалғастыруы керегін өзі біледі. Бар дәмдісін қонаққа сақтап, дастарханы жиналмаған қонақжайлық ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміз. Әкем өзгелерді, туыстарды үлгі ету арқылы бұл дәстүрлердің қазақ тұрмысының бір қыры екенін санамызға сіңірді. Біздің отбасымыз, әсіресе, «көрісу» мерекесін ерекше өткізетін. Әкемнің 14 наурызда көрісу басталған күні, ағам екеумізді атқа мінгізіп, ерте көктемде жайлауға шығып кететін Сираж ағаның үйіне көрісіп келуге жіберетіні есімде. Олар ауылдан он-он бес шақырымдай жерде болатын. Ауылдан бара салып, Сираж ағамен қол алысып көріскен соң, үйге қайту үшін қайтадан атқа қонуға асығатын едік. Олар бізді әзер дегенде шай ішкен соң қайтуға көндіретін. Біздің отбасында балалығымыздан бойымызға сіңген ұстанымымыздың ең бастысы – қайырымдылық болатын.

Д.Гранин: «Қайырымдылық адамның ең басты қасиеттерінің бірі жанашырлықпен байланысты. Бұл адам бойында тәрбиемен, өмір тәжірибесімен, иманмен қалыптасады. Ал осының бәрі қайда құрыды? Мен адам өмірі түкке тұрғысыз деп түйдім. Өлім бәрін түкке тұрғысыз етеді. Бұл туралы адамдар мыңдаған жылдар бойы сөз етуде. Тек қайырымдылық қана өмірге аздап болса да мән бермек. Біреуге керек екенінді, біреудің өмірін аз да болса жеңілдете алатынынды сезінуге жәрдем береді. Бұл аз емес! Бұл ешкімге айтылмайтын, еш жерде жазылмайтын соншалықты шетін сезім!» – деп есептейді.

Біздің отбасымызға, әулетімізге ерекше жақын тағы бір адам – Қашқын Түгелбаев болатын. Оның руы Шеркеш, Қылышкестен тармағынан. Ол ата-анасы, сталиндік репрессия құрбаны болып, ағасы, қарындасымен балалар үйінде тәрбиеленген. Сол балалар үйінің асханасында Айтбаев Боранғали көкенің туған апасы

Қанымбике апа жұмыс жасайды екен. Ол Қашқын көкені үйіне апарып, бала оның інілерімен, балаларымен, Шалда атамыздың ұрпақтарымен бірге өседі. Соғыс басталып, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен заманда Қанымбике апа Қашқын көкеден көз жазып қалады. Соғыстан кейін Қашқын көке Гурьев қаласында құрылыста қызмет атқарады, басшылық қызметте болады. Бұл кезде Қанымбике апа қайтыс болып кеткен еді. Бір күні Әкем Қашқын көкені тауып келді. Ол кезде біз Сарайшықта тұратынбыз. Әкемнің сондағы қуанышын көрсеңіз ғой! Қуанғаннан өзін қоярға жер таппай, мал сойып, айналаның бәрін шақырып қонақтап, інісін тауып келгенін айтып, жар салды. Осыдан соң ол біз үшін нағыз жақын туыс болды, біз оны Көке деп атадық. Қашқын көкесіз біздің бір қуанышымыз да, қайғымыз да өтіп көрген жоқ. Кейде Өрлік, Есбол, Көктоғай жаққа қарай шығып, туған жерді аралап қайтатынбыз. Оның ұлы Сағат Түгелбаев екеуіміз жоғары оқу орнына түсу емтихандарын бірге тапсырдық. Ол Алматының политехникалық институтына, мен Уфаның Мұнай институтына тапсырдым. Кейін ол Теңіз мұнай кенішінде, Жылой ауданының бірінші хатшысы, Гурьев облысының әкімі қызметтерін атқарды.

Өмірден өтерден бұрын, әкем алғаш ауырғанда Махамбетте емделді. Бұл кезде мен Маңғыстауда еңбек ететінмін. Ауылға бір келгенімде Қашқын көке екеуіміз, әкемді Гурьевке ауруханаға апардық. Чкалов ауылының тұсынан өте бергенде әкем жол бойындағы бейіттерге қарай үнсіз көз тігіп отырды да: «Мені осы жерге қойыңдар», – деді. Кейін біз оның сол аманатын орындадық. Әкем, анам, Лялия бәрі де сол бейітте мәңгі дамылдап жатыр. Әкем дүниеден өткенде Қашқын көкемнің балаша жылағаны есімде. Ол 2006 жылы қайтыс болды. Оқу апа ұрпақтарымен Атырау қаласында тұрады. Олар бізді үнемі өз қуаныштарынан қалдырмайды, ал мен өз әкеміз жалғап кеткен байланыстардың үзілмегеніне қуанамын. Қашқын көке мен Оқу апаға біздің отбасымыздың ризалығы шексіз. Олар бізді үнемі жақын тартатын. Олардың және «КазНИГРИДІ» бұрынғы басшысы Таумыш Жұмағалиевтың таныстыруымен мен Атыраудың біраз белгілі азаматтарымен таныстым. Олардың қатарында Оңайбай Көшекөв (Гурьев облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы), Есен Тасқынбаев (Гурьев облыстық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы), Мұсабай Сағымбаев, Әбілқайыр Кенжебаевтар (Гурьев облыстық партия комитетінің бұрынғы хатшылары) бар. 1993 жылы Таумыш аға 75 жасқа толғанда мен

«КазНИГРИ-ге» басшылыққа жаңа тағайындалған болатынмын. Осы мерейтойға орай Оңайбай Көшекөв жұбайы Айсұлу апамен, Есен Таскынбаев жұбайы Ермек апамен, Таумыш аға жұбайы Бәгіш апамен бірге Қызылқоға ауданына бардық. Ол жақта бізді қалай қарсылғанын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес! Ол кезде Қызылқоға ауданының әкімі марқұм Есенгелді Нұршаев болатын. Өте парасатты, қазақ тарихы мен шежіресін терең білетін, аса білімді азамат еді. Сол жолы ауданда екі-үш күн болып, қайтып келе жатқанда Оңайбай аға: «Негізі, сен жаман жігіт емессің-ау, тек Шеркеш болғаның болмаса», – деп әзілдеп еді. Оның нағашылары Шеркеш болғандықтан, әзілі орынды да еді. Сол сапардан соң, мен Оңайбай ағамен жиі жолығып тұрдым. Одан жұмыс бабына қатысты, әртүрлі жағдаяттарда кеңес алып тұратын едім. Ол маған өте құнды кеңестер беретін, таныстықтардың мен басқаратын мекемеге де, өзіме де пайдалы болуын ескертетін. Оның айтқан ақылдары мен берген кеңестерінің бағалылығына талай рет көз жеткіздім. Сол кездерден бастап мен олармен жақсы араласып кеттім, оларды көздеріне «политбүро» деп атайтын едім. Талай қуанышымды бірге бөліскен олар маған разы болып, ақ батасын беріп еді. Оңайбай аға 2013 жылы өмірден өтті. Осындай жандармен таныстығым менің өмірімде үлкен із қалдырды, еңбек жолымда үлкен өнеге болды.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Ал еңбек жолымды мен Маңғыстау облысында, Маңғыстау бұрғылау басқармасында №19 бұрғылау кен орнында, төртінші разрядты бұрғышының көмекшісі болып бастадым. Әкем мені өз жолымды табуым үшін, жаңа жерлерді көріп, жаңа адамдармен танысуым үшін, балапандарының қанаты ұшса ғана қатаятынын қыран құстай бағамдағандықтан болар, осы жолмен жүруімді қалаған еді. Маңғыстау – менің үлкен өмірге бастау алған өмір айлағым. Менің бағыма орай Октябрь революциясының 60 жылдығы атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясында еңбек жолымды бастадым. Мұнда менің тәлімгер ұстаздарым Халел Жағыпарович Өзбекқалиев, Хасан Тәжиев, Қуан Қазиев, Пірімтай Арыстанов, Хибат Утебалиев, Кенжебай Сатанов, Қамқа Үмбеталина, Лес Халлидуллин, Валентин Петрович Токарев, Ғиззат Балмұханбетов, Сүйеген Салманов, Базарбай Қосмағанбетов, Мұханбет Өрбісінов, Ян Давид, Евгений Герасименко, Бисенбай

Бисенғалиев сияқты аға-апаларымнан көп өнеге алдым, сонымен қатар жастардан Жұмағали Қазиев, Мәлік Шотаев, Нұрсапа Аманжаров, Рахымжан Матайбаевтар болды. Осы жерде ұстазым Қамқа Жаниярқызы Үмбеталина туралы да айта кеткім келеді. Ол Қазақстандағы бұрғылау мамандығын игерген және бұрғылау қоспалары бойынша маманданған тұңғыш әйел-маман. Қамқа апа бұрғылау технологиясы саласындағы белгілі ғалымдар О.К. Ангелопуло, В.И.Городнов, М.И.Липкес сияқты майталман ғалымдармен жұмыстас болған. Ұлы Отан Соғысына қатысқан, сандаған марапаттары бар. Ол Аралтүз және Биікжал кен орындарында аса терең ұңғымаларды бұрғылау жұмысына белсене араласты. Мұнай саласында азаматтармен иық тіресе жүріп, ешкімнен тайсалмай, қандай басшының алдында да өз көзқарасын айта алған, қорғай алған, батыл да, жүректі маман. Қамқа апа қазір тоқсан үште, мен оған денсаулық тілеймін. Мен осындай адамдармен жолықтырған тағдырыма ризамын. Мені көп нәрсеге үйреткен менің тәлімгерім Хибат Утеба-лиев болатын. Орта арнаулы оқу орнын бітіргеніне қарамастан, ол жұмыс жайын кез-келген жоғары оқу орнының түлегінен артық білетін. Одан мен тек ұңғымалар құрылысын ғана емес, адалдық пен әділдікті де үйрендім. Өкініштісі, ол өмірден өте ерте, 1988 жылы 49 жасында өтіп кетті. Әлі күнге оның маған соншалықты қымбат тұратын құрылғыларды тапсырғаны және оларды менің игеретініме сенімділігі таңдандырады. Дәл сондай тағдырдың иесі, өмірден өткен Ғиззат Балмұханбетовті де сағына еске аламын. Оның болашағы өте зор болатын, бірақ тағдырдың жазуы солай болды. Халел Жағыпарович Өзбекқалиев – Лениндік сыйлықтың лауреаты, орденді мұнайшы, нар тұлғалы азамат еді. Оны мен өзінің ірілігімен, принципшілдігімен әкеме қатты ұқсататын едім. Оған Социалистік Еңбек Ері атағы неге берілмегеніне әлі күнге түсінбеймін. Менің ойымша, ол осы атаққа әбден лайықты адам болатын. Халел ағаның орны мен үшін, менің өмір жолымда өте ерекше еді. 1995 жылы «КазНИГРИ» мекемесіне жұмысқа ауысарда да мен оның рұқсатымен ауыстым. Ол кезде Халел аға Қазақ ССР Геология министрінің орынбасары болатын. Ол маған ғылыммен айналысуымды, диссертация қорғауымды тапсырды. Атырауға келген бір сапарында ол менің диссертациямның жайын сұрады. Әлі ешқандай жұмыс бастамағанымды білгенде, институттың сол кездегі директоры Саламат Өтеғалиевты шақырып, мені диссертация жұмысыма дайындық жасауым үшін Уфа қаласына жіберуді тапсырды. Осылай-

ша менің ғылым жолындағы сапарым басталған болатын. Кейін Саламат Өтеғалиұлы менен Халел ағамен туысқан емессіндер ме деп сұрағаны бар. Мен осындай керемет адаммен таныс болғанымды тағдырымның ғажайып сыйы деп санаймын. Кейін қызмет бабымен де, оның юбилейінде де талай кездестім. Соның барлығында да ол маған өз ұлындай қамқорлықпен, мейіріммен қарайтын. Ол менің мәңгі жадымда!

«КазНИГРИ» мекемесіне жұмысқа келуіме және ғылым жолында ілгерілеуіме ықпал еткен Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин болатын. Еліміздің мұнай саласындағы ірі ғалымдарының бірі, өте зиялы азамат Ұзақбай Сүлейменұлы ол кезде аталған институттың директорының орынбасары еді. Мен оның еңбекқорлығына, ұқыптылығына өте таңғалатын едім. Барлық есептерді, жазбаларды ол қолындағы қарындашымен үтір-нүктесіне дейін тексеретін. Ерінбестен сөйлемдерді, формулаларды түзететін. Танертең ерте жұмысқа келгеннен, елдің ең соңында, түнгі онға қарай ғана үйге кетіп бара жатын. Аса қажырлылығының, жан-жақтылығының, таным-түсінігінің жоғарылығының, төзімділігінің, сабырлылығының арқасында жеткен жетістіктері де осы аталған қасиеттердің жемісі деп білемін. «Қазақстан Республикасының Еңбек Ері» атануы, Мұнай және Газ министрі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының президенті, «КазТрансГаз», Қазақ Мұнай Газ Институтының (КИНГ) Бас директоры лауазымдарында болуы да кез келгеннің үлесіне тие бермесі анық. Оны «Мұнай Аятолласы» деп атауы да кездейсоқтық болмас. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің бірінші орынбасары. Біздің достығымыз әлі күнге жалғасып келеді. Институтта жұмыс жасаған жылдарым маған үлкен табыс жылдары болды, өйткені мен осы жылдарда қазақтың талай маңдайалды азаматтарымен дос, жолдас болдым, өнегесін көрдім. Осы институтта Т.Н.Жұмағалиев, Ұ.С.Қарабалин, С.Ұ.Өтеғалиев, Б.С.Ізмұхамбетов, А.И.Шаховой, Э.С.Воцалевский, В.П.Ветрова, С.Әбуғалиев, С.Хамитов, С.Г.Ким, З.Досмұхамедов, М.И.Ким, А.Абуталиева т.б белгілі адамдармен қызметтес болдым. Сонымен қатар бұл жұмыс мені геология министрі С.Ж.Даукеев, геология министрінің орынбасарлары Б.Н.Москаленко, Б.С.Ужкенов, М.А.Сайдуакасов, Е.Кәрібаев, «Казнедр» территориялық басқармасының басшылары С.А.Байқадамов, С.Имашев, С.Хамзин, Б.Хамзин, холдингтердің бас директоры Ғ.Б.Хаиров, Х.Елеуов, С.Нұрғалиев сияқты атақты адамдармен, Н.Балғынбаев, Б.Жоламанов, Р.Балтабаев сияқты өз ісінің

мамандарымен дос, жолдас, таныс етті. Біз Халиолла Елеуовпен тату жолдас болдық, оның өмірден ерте кеткені бәріміздің жанымызға батты. Сол сияқты жақсы жолдасымыз Ғали Қайыров та ортамызда жоқ. Мен С.Ж.Дәукеевке, Б.Н.Москаленкоға, Б.С.Ізмұхамбетовке, Б.С.Ужкеновке менің қызмет бабында өрлеуіме жасаған көмектері үшін шексіз ризамын. «КазНИГРИ» мекемесіне директорлыққа бес бірдей мықты ғылым докторлармен бірге бәсекеге кандидат менің түскенім, қалай екені белгісіз, менің жолым болғаны есіме түседі. Тоқсаныншы жылдары, мұнай бағасы 7-8 доллар болып тұрғанда, жұмыстар ауқымы мардымсыз кездердің өзінде аталған азаматтар институттың тапсырыстарды жиі алуына барынша ықпал етті. Олардың қолдаулары арқасында «КазНИГРИ» мекемесі сол қиын кездерден аман өтті.

Менің ойымша осы жерде менің студенттік шағымдағы достарымды да атап кету дұрыс сияқты. Олар: Еркін мен Айжамал Ажиковтар, Төлеген мен Мнаура Хасановтар, Ғали Қайыров, Мақсат Сәлиев, Бақтықожа Ізмұхамбетов, Ерсайын мен Гуля Тасмұхановтар, Сағынғали мен Гүлайна Нұрағановтар, Саламат Нұрғалиев, Едіге Сағындықов, Сағынғали Байымбетов, Дания Утебаева, Рима Хайруллина, Ерсайын Қашқымбаев, Серікбай Сүлейменов, Майданбек Нұрғалиев, Мамай Аманшиев, Уран Өтешов, Фазыл Әжіғалиев, Борис Шырдабаев, Балғазы Қитуов, Оразбек Ұзақбаев, Жауынбай Сәт, Мұрат Демесінов, Нұрлан мен Нұрсұл Юсуповтар, Бағытжан Исаев, Нұрлан Әбуов, Ноян Бисенов, Лұқпан Қадіров, т.б. Туған жерден алыста білім алуымыз бізді тығыз байланыстырды, достығымызды нығайтты. Қазірдің өзінде біз бір біріміздің қуанышымызда да, қайғымызда да бірге болып, қолдау көрсетеміз. Мен Уфа Мұнай Институтының профессорлары А.И.Спивак, М.Р.Мавлютов, А.М.Шаммазов, Ф.А.Агзамовтарға шексіз ризамын. Әсіресе, ұстаздарым А.И.Спивак, М.Р.Мавлютовтардың аруағы алдында мәңгі бас иемін. Олардың маған сіңірген еңбегі өлшеусіз, мен олардың алдында мәңгі борыштармын. М.Р.Мавлютов мені өз ұлындай көретін, барлық жағдайларда маған қолдау көрсететін. Мен диссертация қорғарда ол институт ректоры А.И.Спивактан менің жетекшім болуын өтінген болатын. Оның неге бұлай істегенін мен кейінірек түсіндім. Диссертация қорғау үшін іште өтетін кеңес отырысымен байланысты түрлі шаралар болатын. Ал А.И.Спивак кеңес төрағасы болғандықтан, менің қорғауым үшін кеңес отырысын жиі шақыратын. Кейбіреулер айлап күтетін отырыс мен үшін кейде аптасына екі рет өтетін кездер болатын. Бұл, әрине, ғылыми

кеңестің кей мүшелеріне ұнай бермейтін. Менің үлкен ұлдарым Хайдар мен Саламат бұл кезде Уфа Мемлекеттік Мұнай Техникалық университеті деп аталатын осы оқу орнын бітірді. Ал келінім Раушан осы университеттің магистратурасын қызыл дипломмен аяқтады. УГНТУ-дың сол кездегі ректоры, профессор А.М.Шаммазовтың Қазақстан студенттеріне деген ықыласы мен көзқарасы өте жақсы болды. Ол өзі де бізбен қатар оқыған болатын. Мен оның біз үшін, біздің отбасымыз үшін жасаған жақсылықтары үшін ризалығымды білдіремін. Жақында А.М.Шаммазов Қазақстан студенттеріне білім берудегі зор еңбегі үшін Қазақстанның «Халықтар достығы» орденімен марапатталды. Мен сонымен қатар Щуровская Валентина мен Гумерова Риммаға және бүкіл УГНТУ ұжымына шексіз алғысым мен ризалығымды білдіремін.

2004 жылы мені Ресей-Қазақ біріккен теңіз мекемесі, кеңсесі Ақтау қаласында орналасқан «Аташ» компаниясының («Қазмұнайгаз» ҰК және «Лукойл») Бас директоры етіп тағайындады. Мен осында Борис Зильберменц, Ермек Марабаев, Александр Паняев, Юрий Созанов, Ольга Бекниязова, Бақыт Алипова, Данил Дорохов, Бақыт Күнібаев, Александр Поздеев, Игорь Тенячкин, Хожалепес Елеусінов, Жаңбырбай Молдағалиев, Ақкүміс Алдабергенова, Күлән Нарова, Евгений Герасименко, Жасбірлік Қаленов, Ильдар Алиагаев, Андрей Компанцев, Алексей Андреев, Тұрлан Мұқашев сияқты талай жақсы жандармен жұмыстас болу бақытына ие болдым. Біздің командамыз өте тату болатын. Олардың көпшілігі дәл мен сияқты теңіз жобасымен бірінші рет жұмыс жасап тұрғандар болатын. Өкінішке орай, жоба жұмысы ерте аяқталды. Маңғыстауға көшкеннен кейін Бекет ата, Шопан ата сияқты Маңғыстаудың әулиелі жерлеріне жиі баратын болдым. Бұрын Атырауда тұрғанда да баратын жерлерім еді, бірақ мұнда келгеннен соң жолым жиі түсетін болды. Жаратушы Маңғыстау өлкесінен қазынасын аямаған. Әңгіме бұл жердің қазынасы мұнайы, ия болмаса, Менделеев таблицасында кездесетін элементтерінде, қойнауындағы табиғи қазба байлығында емес. Мұнда ел тарихымен астасып жатқан тарихи археологиялық ескерткіштер мол. Қазақстан ғана емес, әлемнің әр түкпірінен табиғаты ерекше, тау мен тасы тарих Маңғыстау өлкесін көруге, жер асты мешіттері мен киелі жерлерге зиярат етуге сандаған жандар ағылады. Бұл жерді тегінен тегін Үш жүз алпыс екі әулиелі деп атамаса керек. Содан да бұл жерді Мұхаммед пайғамбар мен Қожа Ахмет Яссауи жерленген жермен қатар атайды. Жыл бойы бұл жер-

ден адам арылған емес. Осында бара жатқан әрбір адам алдымен Бекет атаның ұстазы Шопан атаға бас бұрады. Осында Шопан атаның шырақшысы Ибрагим қажы мен оның жары Марияш қажымен жақын таныстым. Сонымен қатар Құмар қажы, Ләззат, Базарбай қажы, Тұрлан қажы, Балтабай қажы, Әлихан, Қалима, Нұрхан, Болғанайлармен жақсы жолдас, дос болдым. Олар менің өмірімде ерекше орын алады. Әсіресе Ибрагим қажыны ерекше атар едім. Ол жеті рет қажылық сапарына барған, соның біреуінде мен де сапарлас болдым. Олар менімен бірге «Өрлік» ауылында өткен барлық садақа, астарға қатысып, осы шаралардың өтуіне өз кеңестерін беріп отырды. Біздің әулетіміз оларға шексіз разылық білдіреді, амандық пен бақыт тілейді. Мен Мекке мен Мәдинаға қажылық сапарға бардым. Тибетте Далай Ламада болдым. Индияда Саи бабада, Түркістанда Яссауи кесенесінде, Челябинск облысындағы Арқайым тауында, Арыстанбабта болдым.

БІЗДІҢ ШЕРКЕШ РУЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Мұхтар Шахановтың өлеңінде: «Тамырын тереңге жібере алмаған дарактың ғұмыры қашанда келте» дегеніндей, басқаларға түсінікті болуы үшін мен біздің отбасының шежіресін бере кетуді жөн көрдім. Біздің Шеркеш руы Кіші жүздің Он екі ата Байұлы рулық бөлінісінің ішіндегі негізгілерінің бірі. Байұлы – он екі рудан құралған тайпалық одақ. Оған Шеркеш, Алаша, Алтын, Байбақты, Беріш, Есентемір, Жаппас, Қызылқұрт, Маскар, Таз, Тана, Ысық кіреді. Бұрынғылар айтқан сөзге сүйенсек, Шеркеш Кіші жүз Бекарыстың ұлы Алшынның тікелей ұрпағы. Осман түріктерінің тілінде «саркаш» 1) батыл, ерікті; 2) бүлікші; «Шер» сөзі парсы тілінен аударғанда жолбарыс мағынасын береді екен. Якут тілінде «Чарғас» жүректі, өткір дегенді білдіреді. Бағымыз ба, сорымыз ба білмеймін, осы айтылғандардың растығына көп жерде көз жеткіземін. Біздің рудың көпшілігі осы қасиеттерге ие, менің ата-бабаларымды да, мені де осы қасиеттерден, өткірлік пен шапшаңдықтан, «айттым бітті, кесті үзілді» дейтін асығыстықтан құр қалдырмапты. Қыдырсиықтан Шенеш, Шеркеш. Шеркештен Қосым, Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Қылышкестен. Қойыстан Қаракемпір, Сақау, Сүйініш, Еламан, Қашқыншы. Сақаудан Арқаршы, Арқаршыдан Өмірзақ, Өмірзақтан Сатыбалды, Сатыбалдыдан Сарыбай, Сарыбайдан Қармыс, Қармыстан Шалда, Шалдадан Байзақ, Байзақтан Қорқыт, Қорқыттан біз тараймыз. Сарыбайдың қалмақ әйелінен Сарымсақ, Бауырсақ, Қармыс, Дербіс туған. Бәйбіше балаларының артықшылығына шыдамады ма, әлде өз бақытын алыстан іздеген бабалар арманын жалғастырды ма, белгісіз, Қармыс бабамыз Сарыкөлдегі ата қонысынан Жайық бойына ерте келіп қоныстаныпты. Бізге дейінгілердің айтуынша Қармыс баба өте қайратты, өткір, ешкімге есесін жібермейтін, ақылды да шешен болыпты. Кейін «Қармыс» атанған жерді қоныстанып, Жайық Беріштің қызына үйленіп, күйеу болады.

Жайық бойының казактары Қармыстың ел арасындағы беделін жақсы білген, сондықтан оның Жайықтан жиырма шақырым жерге қоныстануына рұқсат берген. Оны өздеріне қызметке алып, оны Жайық бойындағы тәртіпке жауапты қылады. Қармысқа ер жетіп қалған Шар, Шалда, Шодыра, Досым сияқты ұлдары көмектеседі. Олар да әкелері сияқты өткір де жаужүрек, тілмар, бір-біріне арқасүйер қорған болып өседі.

Үлкен ұлы Шар, келбетті де сабырлы, жер қозғалса қозғалмайтын салмақты болып ержетіпті. Ал екінші ұлы Шалда, әкесі Қармысқа ісімен де сөзімен де ұқсап, орысша-қазақша сауаттылығымен де белгілі болып, әкесінің көмекшісі болады.

Үшінші ұлы Шодыра әдемі киінгенді жаны сүйген, ат әбзелдерін тандап ұстаған, сәйгүлік ат мініп, қамшысының ұшына бір қарыстай қорғасын құйған, өткір көзді, айбарлы адам екен. Өте қайратты, ат үстіндегі айқасқа өте шебер, дойыр қамшысының өзімен талайды сескендірсе керек. Жайық бойындағы бір қақтығыста орыстар батырды қапыда атып өлтіреді.

Төртінші ұлы Досым да өз бауырлары сияқты ақылды да өжет, тілді де әділ болып өсіпті. Қармыс пен оның ұлдары Жайық бойының казактарымен араласа жүріп, олардың тілі мен мәдениетін, дәстүрін үйренеді. Текті жылқылар ұстап, құмай тазымен аймаққа аты шыққан аңшы атанады. Олардың «Шалда құла» атанған, шашасына шаң жұқпаған жүйрігі сандаған жылдар бойы бәйгенің алдын бермепті.

Қармыс бабамыздың бейіті «Сарыкөл» деген жерде. Ол жерге қалай барғаны, қандай жағдайда өмірден өткені, әрине, бізге белгісіз. Қармыс бабамыздың бейітін табуда бізге Бисенғалиев Дінғали ағамыз, Құмар қажы мен оның зайыбы Ләззат, Қымбат қарындасымыз көп көмектесті. Дінғалидың әкесі Бисенғали 96 жасқа келіп өмірден өтті, біздің Әкемізді, әулетіміздің шежіресін өте жақсы білетін. Оларға біздің әулеттің разылығы шексіз! 2006 жылы біз сол жерге белгі қойдық. 2007 жылы Өрлік ауылында Қармыс бабаға арнап ас бердік. Ас ат шабысымен, ұлт-аспаптар оркестрімен, ән мен күй астасқан, үлкен бір тағылымы бар шара ретінде есте қалды. Қармыс тұқымы шетінен тілді, өткір, ат баптаудың, жаратудың шебері ретінде танымал. Сонау соғыс жылдарында да Қармыс ұрпақтары талай жылағанды жұбатып, жетімнің маңдайынан сипаған мейірімімен белгілі болды. Олар әлі күнге Қармыс ұрпақтары деген атқа лайық келеді.

Шалданың орысша сауаттылығын бағалап, патша қызметіне қабылдайды. Бұл жұмыс «счетчик» аталыпты. Жартылай әскери киім беріпті: тік жағалы қоңыр китель, зерлі белбеуіне қынабымен қылышы жарасып, басына фуражка, бұтында галифе шалбар, аяғында етік болыпты. Міндеті – орыс-қазақ шекарасындағы тәртіпті сақтау екен. Шалда орыстармен келісіп, қазіргі «Көктоғай» мен «Өрліктің» арасындағы «Қарағаш» аталатын орманды алқапты алып, сол жерге

қоныс тебеді. Бұл жер әлі де солай аталады, мал өсіруге өте қолайлы, шұрайлы жер. Осында Шардың Есболай, Жанұзақ, Шалданың Байзақ, Айтбай, Айтмырза, Әбіл, Досымның Дәулет атты ұлдары дүниеге келіп, өсіп, өркендейді. Олардың ұрпақтары қазір Атырау облысының әр жерінде.

Шалда казактардың шенді қызметінде болғанмен, казактардың мүддесін қорғауды еш ұмытпаған, оларға үнемі көмектесіп отырған. Бірде «Топайлының» казактарының көп малын орыстар тоғайға түсті деп қамап, үлкен айыппұл төлемесе бермейтін болады. Жаны қысылған жергілікті казактар Шалданы шақыртады. Шалда екі арадағы жайды ақылы мен парасаты арқасында казактардың пайдасына шешіп, мәмілеге келеді. Азғана айыппен, малдарын өздеріне қайтартады. Шалданың мұндай азаматтық істері көп болған дейді, бәрінде де казактардың мүддесін қорғап, қара халықтың жайын ойлаған.

Шалдадан төрт ұл, үш қыз туған. Ұлдары – Байзақ, Айтбай, Айтмырза, Әбіл. Ал қыздары – Жұмазия, Жұмағыз, Қайша. Шалда мен оның ұрпақтары елдің ардақты азаматтарымен дос, төс қағысқан құда болып, тату, ынтымақта өмір сүреді. Үлкен қызы Жұмағызды Құдайберді Бегіс Шолақ бидің інісі Орынбайға береді. Екінші қызы Жұмазияны Адай руының момын да еңбекқор азаматы Исаның баласына беріпті. Бізге айтқан үлкендердің әңгімесінен естігеніміз бойынша Иса мен Шалда өз балаларын бел құда дәстүрімен атастырыпты дейді. Исаның ұрпағы Амангелді отбасымен «Көктоғай» ауылында тұрады. Біздің айналамыздағы барлық салтанаттар мен қайғыларда ол біздің қасымыздан табылады. Әрдайым бізге арналған қалжыңы даяр тұратын Амангелдімен сағынып көрісеміз. Үшінші қызы Қайшаны атақты Нүрет байдың баласы Базарбайға, үлкен ұлы Байзақтың тұңғышы Бәтиманы Есен Беріш руының старшинасы Жаманқұлдың баласы Құраққа береді. Ұлдарын да беделді адамдардың тәрбиелі қыздарына үйлендіреді. Үлкен ұлы Байзаққа Жаппас руының сөз ұстаған Әланияз деген азаматының ақылына көркі сай Ілмекеш деген ару қызын алып береді. Ілмекеш тоғыз бала тауып, оныншы баланың үстінде дүниеден өтеді. Екінші ұлы Айтбайға Құдайберді Бегіс Шолақ бидің туысы Оңайды алып берген. Олардан алты бала туады: Қанымбике, Боранғали, Исламғали, Жиенғали, Табылды және Нәсіпқали. Үшінші ұлы Айтмырза он екі ата Байұлы, Есентемір руынан Шотпақтың қызы Ибаны алады. Айтмырзадан Тұрғаным, Ақша, Аққыз деген қыздар мен Сырым атты

ұл туады. Балалары тұрмай, өле берген соң болуы керек, Айтмырза ағасы Айтбайдың екі ұлы Исламғали мен Табылдыны алады. Исламғали соғыстан оралмайды. Ал Табылды болса, әскерден кейін Комиде қалып, үйленеді. Шахтада еңбек етіп, кейін Белоруссияға көшеді. Одан Сергей және Аяна деген балалары болады. Тұрғаным Есен Беріш Батырғалиев Өтеуліге тұрмысқа шығып, сегіз бала өсіріп, тәрбиеледі. Олар: Айбарша, Гүлшара, Бауыржан, Бекежан, Мұрат, Бекболат, Амантай, Қайрат. Тұрған апа 2014 жылы қайтыс болды. Өтеулі жездеміз қазір зейнет жасында, өте сауатты, өресі биік, зерделі, қазақы әңгімелерді, баталар мен шежірені жақсы біледі. Төрт баласы, Бауыржан, Бекежан, Мұрат, Бекболат Ақтау қаласында тұрады. Олардың бәрі де көргенді, тәрбиелі, ұстамды, ізетті жастар. Үлкені Бауыржан ірі бұрғылау компаниясының Бас директоры. Айтмырзаның ортаншы қызы Ақша Беріш Құлкеш Қайыржанға күйеуге шыққан, олардың екеуі де өмірде жоқ. Бес баласы бар: Қайырдан, Қайрат, Сәуле, Зәмзәгүл, Бағдагүл. Айтмырзаның ұлы Сырым мен жары Жаппастың қызы Нұрзиладан үш бала: Қамидолла, Мейрамгүл, Алтын. Қамидолланың әйелі Лира, Ажар атты қызы бар. Айтмырзаның кіші қызы Аққыз Қаратоқай Беріш Сиғуатқа тұрмысқа шығып, сегіз балалы болған. Абдолла, Мәжит, Мәрзия, Марат, Әлібек, Қалыбек, Ғалия, Айгүл. Қазір солардан Марат, Ғалия, Айгүл бар. Сиғуат жездеміз бен қалған балалары өмірден өткен. Аққыз Атырау қаласында тұрады, Сырым Махамбетте тұрады. Төртінші ұлы Әбіл атақты Адай Нүрет байдың Үсенінің қызы Қайшаға үйленген. Аталғандардың ішінде ең ұзақ өмір сүрген Әбіл атамыз, 72 жасқа келіп өмірден өтті. Оның Ғазиза, Базар, Дәмет деген қыздары мен Қанат атты ұлы болды. Олардың бәрі де бүгінгі күні өмірден өтіп кетті, Ғазизадан туған Бибіхан, Сұлухан, Сәния атты үш қыздан Сәния бар, бәрінің де ұрпағы жалғасуда. Қанаттың артында Гүлнар, Ұлмекен, Айгүл (2014 жылы дүниеден өтті) атты қыздары мен Амангелді атты ұлы қалды. Амангелді мен Анардан Жалғас, Сүлеймен, Айымгүл. Жалғас пен Бақыт келіннен Бақтықожа мен Аяна атты перзенттері бар.

Шалда өте қонақжай болған. Ақын, жыршыларды, халық мұңын жоқтаған әділ билерді аса құрметтеген. Атақты ақын Мұрат Мөңкеұлымен жақсы жолдас, сыйлас замандас болғаны туралы бүгінге дейін ел арасында айтылады. Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы Қызылқоғаның Тойсойған құмы Қарабау деген жерінде дүниеге келген. Жастайынан жетім қалған бала ақын жан бағу үшін жал-

да жүрген, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіздіктерін жанымен түсінген. Он екі жасынан ақындық талантымен танылған төкпе ақын тыңдаушысын ұйыта білген сөз шебері ретінде танымал болып, жарқын болашаққа сенімі мен жалынды жырларымен тыңдаушысын табындырады. Оның толғауларының ішіндегі ең кең тарағандары «Ақсұңқар құстың сойы еді», «Ажал» толғауларында ақынның қоғамдық жүйеге көзқарасы мен дүниетанымы көрінеді. 1906 жылы құм Нарындағы ағайындарынан келе жатып, жолшыбай ауырып, Шалданың ауылына келіп тоқтайды. Шалда Мұратты құрметтеп қарсы алып, қонақ етеді. Сол қонақтықта отырып, Мұрат Шалдаға ақырғы аманатын айтыпты дейді:

– Шәке, мына ауру мені ала келгенге ұқсайды. Бұрындары Шолаққа берген уәдем бар еді. «Тіріде тіземіз айрылмаған дос едік, өлгенде де моламыз бір болсын» деуші едік. Шолақ менен бұрын бакилық болды. Олай-бұлай боп кетсем, мені ақиреттік досым деген Шолақтың қасына, Құлшай қауымына жерле, – депті.

Көп ұзамай Мұрат дүниеден өтіп, Жайықтың арғы бетіндегі «Құлшай» қауымына Шалда екі қайықты буып сал жасатып, Мұраттың мүрдесін жеткізіп, ақ жуып, арулап жөнелтіпті. Бұл туралы Мұрат Мөңкеұлының Б.Омаров құрастырған шығармалар жинағында да толық айтылады. (Алматы. «Ана тілі» баспасы. 166-бет) Бұл жер қазіргі Атырау облысы Индер ауданы Жарсуат ауылының қасында. Заманында би болмаса да, би түсетін үй болған Шалданың азаматтық істерінің бізге жеткен бір парасы осындай.

Бір күні аймаққа мәлім Есен Беріштің Елтізсер бұтағынан Қорқыт би Шалданың аулына келіп түседі. Сол күні Шалданың үлкен ұлы Байзақтың әйелі Ілмекеш төртінші ұлын босанып жатыр екен. «Құтты қонақ келсе, қатының ұл табады, Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады» дегенді айтқан қазақтың ұрпағы емес пе, Шалда да Қорқыт бидің келісін жақсылыққа балап, жаңа туған сәбидің атын қоюды өтініпті. Қорқыт би: «Қайдан ат іздеп жүрейін, өз атымды қояйын», – деп, алдына келген құндақтаулы сәбидің құлағына азан шақырып: «Сенің атың Қорқыт болсын, ғұмырлы бол, еліңе қамқор бол, жылағанды жұбат, жетімнің маңдайынан сипа», – деп бата беріпті. Шалда Қорқыт биге ат мінгізіп, шапан жауып, құрмет көрсетіп аттандырыпты.

Байзақ егі тірі, өткір тілді, қызба мінезді адам екен. Кеңес өкіметі орнаған соң Шалда ұрпақтары патша шенеунігінің ұрпақтары

атанып, қуғын-сүргінге ұшырайды. Бар малы тәркіленіп, біраз ағайындылар жер ауады. Жанұзақ пен Айтбай жер ауған жағында опат болып, туған жерден топырақ бұйырмайды.

Байзақтың үш қызы мен алты ұлы болған. Батима, Темір, Өмір, Қорқыт, Қуаныш, Қуандық, Қанзиба, Бітір, Балыш. Ілмекеш қайтқан соң, Байзақ өкіметтің қудалауынан құтылмақ болып, отбасымен Өрліктен Жайықтың арғы бетіндегі құдаларына, қызы Бәтиманың барған жеріне көшеді. Қалған азғана малын колхозға өткізіп, колхоз мүшелігіне өтеді. Балаларының кейінгі кішкентайларын қызы Бәтима қамқорлайды.

Байзақтың алты ұлының бесеуі Ұлы Отан соғысына қатысқан. Өмір мен Қуандық соғыстан қайтпайды. Ия өлген хабары, ия басқалай хабары келмейді. Темір елде қайтыс болған. Қорқыт, Қуаныш, Бітір соғыстан аман оралып, бейбіт еңбекке араласады. Бізге дейінгілердің айтуына сүйенсек, Байзақтың алты ұлы да ширақ, епті, өр мінезді болады. Өмір деген ұлы жеңілуді білмеген палуан екен. Бір сайыста Нұғыман деген кісінің палуан інісімен күресіп, көз ілеспес шапшандықпен, шалт қимылдап жауырынын жерге тигізіпті. Жығылған жігіт намыстан орнынан тұрмастан, қайтыс болыпты деседі.

Қуаныш көкеміз ақкөңіл, адалдығына қоса, біздің барлық тумаларымыз сияқты аса қызба мінездің адамы болды, бірақ қайтымы да соншалықты тез еді. «Жақсының ашуы жібек орамал кепкенше» деген сөз Қуаныш көкемізге арналғандай еді. «Передовик» колхозында егін бригадирі болып еңбек еткен көкеміз ағайын-туысқа, ашжалаңашқа барынша көмек қылыпты. Өмірінің соңғы жылдарында бір замандарда Шалда бабасының ата қонысы болған «Қарағаш» тоғайында орманшы болып еңбек етті. Әкем інісі Қуанышты өте қамқорлайтын. Байзақтың тоғыз баласынан қалған екеуі ғана болғасын ба, әйтеуір інісінің, жұмсартып айтсақ тентексоқтау мінезіне де көз жұма қарайтын. Қуаныш көкеміз бен Орынша анамыздан он бір перзент дүниеге келген: Үлкені Қапиза, 1942 жылы туған. Жаппас руынан Кенжеғалиев Төлегенмен бас қосып, жеті балалы болды. Үлкені Сағат 2011 жылы қайтыс болды, Жолдас, Бағытжан, Зинаида, Дина, Серік, Сәттігүл атты перзенттері бар. Ұлдың үлкені Лесқали, 1997 жылы өмірден өтті, жары Қалжан екеуінен Азамат, Алмагүл, Саламат, Жанболат атты перзенттері бар. Мәлік 1911 жылы қайтыс болды, жары Сәбила мен екеуінің Тәттігүл, Жігер, Мейрамбек, Ла-

риса, Альфина, Гүлдана, Мейірім атты балалары бар. Қызы Гүлсім мен күйеуі Қауменов Бәсер екеуінен Жанер, Нұрия, Мәдениет, Радик, Таңат, Сұлтан, Еркебұлан атты ұрпақтары қалды, қазір Гүлсім мен Бәсер өмірден өткен. Қуандық пен Зәмзияштан Айбек пен Ләйла, Орынғали мен Әлимадан Мақсат, қызы Мағиса мен күйеуі Үсенов Арыстаннан (2003 жылы қайтыс болды), Асылбек, Айнұр, Алтынбек, Риза атты балалары бар. Ғалым мен Жаннат қайтыс болған, балалары Майра мен Манарбек бар. Айбар мен Светадан Динара, Бақытбек, Жақсыбек, Назерке атты перзенттері бар. Айбардың жары Таужанова Света 2009 жылы ауыр науқастан қайтыс болды. Қазір Айбар Хасанова Күмісаймен бас қосты, менің ойымша Күмісайдың бойында қазақ әйеліне, келініне тән биязылық пен ибалылық бар. Мен Айбар мен Күмісай өз жолдарын тапқан жандар деп ойлаймын. Қайдар мен Сарадан Қайсар мен Қайнар, Айдана. Айбат пен Тілектен Ақжол. Қуаныш көке 1978 жылы, Орынша анамыз 2014 жылы өмірден өтті.

63 жасында Қуаныш көке дүниеден өткен соң, отбасының барлық тауқыметі мен жауапкершілігін Мәлік мойнына алды. Осы ретте мен Мәліктің бала, аға ретіндегі жауапкершілігін айрықша атап айтқым келеді. Ол өзінің барлық іні-қарындастарының аяғынан тік тұруына, өмірден өз орындарын табуына зор еңбек сіңірді. Біз онымен қандай істе де ақылдасып отыратынбыз. Ол 60 жасқа да жетпестен өмірден өтті. Оның ойына алған мақсаттары көп еді, оның қазасы бізге өте ауыр болды, әлі күнге оның орны үңірейіп тұр десем артық айтпайтын шығармын. Біз оны әлі сағынамыз, іздейміз, жоқтаймыз. Оның басшылығымен, біздер, оның бауырлары болып ұмыт қалған ата-бабаларымыздың басына белгі қойдық, олардың рухына арнап ас бердік, сол астың арқасында бірталайдан бас қоспаған ағайын-туманың басын біріктірген үлкен жиындарға ұйтқы болдық. Бабаларымыз Шалда, аталарымыз Әбіл, Аманбай, Байзақ, Айтмырза, Қуаныштың және Мәлік, басқа да өмірден озғандардың мәңгілік мекені «Өрлік» ауылындағы Шеркеш бейітінде.

Шалда қоныстанған «Қарағаш» тоғайы Кеңес үкіметі кезінде Кеңес Одағының Ұлттық Орман қорына қарады. Қуаныш көке осында орманшы болып өмірден өткен соң, оның орнын ұлы Қуандық басқан болатын. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардың басында орман шаруашылығында басқа адамдар еңбек етті. Осы салаға інім Айбарды орналастыру мен үшін үлкен күшке түсті. Тек Бақтыбек Таубаевтың тікелей араласуымен ғана бұл мүмкін болды. Қазір

Айбар осында аға орманшы, ал Орынғали – «Қарағаштың» орманшысы. Менің ойымша бізді ата-бабаларымыздың рухы қолдап келеді. Мәлік өмірден өткен соң, өз бауырларына қамқорлық жасауды Айбар қолына алды. Қандай қиындық болса да өзінен бұрын өзгелерге көмектесетіні, адамдармен тіл табысқыштығы мен сөз жүйесін тапқыш шешендігі арқасында ортасының сыйлысы. Барлық ағайын-тума оны келін әкелуде, қыз ұзатуда бас құда етіп жіберуді әдетке айналдырған.

Байзақтың алтыншы ұлы Бітір мұғалім болған. Оны аса зиялылығы, тәрбиелілігі, адалдығы мен адамгершілігі молдығына қоса, Сатыбалды – Сарыбай-Қармыс ұрпақтарына тән қасиеттері – бауырмалдығы мен мейірбандығы ерекшелеген. Өрліктің жетім балаларға арналған бағым үйінде директор болып қызмет атқарған. Сол кездегі санаулы оқығандардың қатарында, азғана өмір сүрсе де, ағарту саласында үлкен із қалдырған ұстаз. Өте таза киінетін, үсті-басына қылау түсірмей кіршіксіз жүретін ұстаздың келбеті талайларды таңдандырумен қатар, көпке үлгі болғаны да анық. Соғыстан І,ІІ дәрежелі Даңқ ордендерімен, бірнеше медальдармен оралған. Соғыста алған жарақат салдарынан 1953 жылы қайтыс болады. Артында Күлән, Гүлжан атты қыздары қалады. Күлән Атырау облысы Индер ауданы Өрлік ауылында ұстаз болып, зейнеткерлікке шықты. Күләнның күйеуі Құсайынов Зайдолла 1991 жылы қайтыс болды, 1990 жылы туған қызы Рысгүл еңбек етеді. Гүлжан Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында жары Ақашев Бақыт екеуі ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықты. Бақыт 2004 жылы қайтыс болды, үлкен ұлы Асылбекпен келіні Райгүлден Айару және Ғибрат атты немерелері бар. Ортаншы ұлы Асланбек пен Кенжегүл келінінен Аружан, Бекарыс атты немерелері бар. Әділбек атты ұлы, кішісі Ақылбек пен Анар келінінен Инжу атты немересі бар. Ең кіші қызы Гүлперизат. Қазір Батыс Қазақстан облысы Ақсай қаласына жақын жерде тұрады. Күлән да, Гүлжан да ата-анасы салған ұстаздық жолды жалғастырды. Күлән – Мәліктің құрдасы. Өзі кішкентай күнінде өте жуас, жасқаншақ болғанын айтады. Есейе келе сөздің майын тамызатын қасиеті көрінді. Сірә, бұл да біздің ата-бабаларымыздан берілсе керек. Мәлік барында үйдегі өтетін барлық жиын-тойларды басқаруды Күләнға тапсыратын. Ол Гурьев педагогика институтын сырттай оқып бітірді. Сессияға барған сайын анамның қасында болатын ол әлі күнге анам жайлы ыстық ықыласпен әңгімелейді.

Байзақтың қызының үлкені Бәтима ақылды да батыл, ауылдас-тары арасында үлкен беделге ие адам болатын. Қайраты ерлерден кем түспейтін апамыз кейде тіпті ер-азаматтармен бірге аң аулауға да шыққан дейді. Анасы Ілмекештің өлімінен кейін оған өзінен кейінгі іні-сіңлілерін қамқорлауға тура келді. Өз отбасы бар адамға оның қандай қажырлылықты қажет ететінін ойлап көріңіз. Соның бәріне қарамастан бауырларының бәрін аяқтандырды, анадай қамқор болды. Кейде ауылдағы ойын-тойларда күреске шығар ер азамат табылмаса, ортаға белсене шығып, талай еркекті алып ұрған қайраты да әзіл-шыны аралас әлі күнге аңыз болып айтылады. Өте қайырымдылығымен белгілі болып, талай жетім-жесір мен жоқ-жітіктің алғысын алған адам. Уфа Мұнай институтына қабылданғаннан кейін, Бәтима апамның батасын алу үшін келгенімде, ол бір сиырын сатып, 300 сом ақшаны қолыма ұстатқаны есімде. Ол кезде бұл дегеніңіз өте көп ақша болатын. Күйеуі Жаманқұлов Құрақ колхоз басқарып тұрған кезінде жаламен ұсталып, кейін ақталып, майданға аттанады. Осы кезден бастап Бәтима балаларын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай бақты, тәрбиеледі. Одан туған балалар – Нысанғали, Жұбан, Төлеш, Бәлия, Майран, Тұрлан. Бәрі де тәрбиелі, үлкенге ізетті, кішіге қамқор азаматтар болып ер жетті. Отбасын құрып, балалы-шағалы болды. Қазір олардан Жұбан көкеміз ғана қалды, 84 жаста. Жұбайы Әсиямен екеуінің жалғастырған ұрпақтары: Әлия, Саламат, Әзиза, Ләззат, Дархан, Арслан, Дастан, Төрехан, Әлихан. Олардың өсуі мен тәрбиесіне Бәтима апамның қосқан үлесі шексіз.

Әкемнің басқа да немере қарындастары Дәмет апа, Қанзиба апа, Кітан апалар да өте дана әйелдер болатын. Олардың бойынан ақыл да, парасат та, өнеге де, тәкаппарлық та, мейірім де қатар табылатын. Әкемнің кіші қарындасы Қанзиба апаны мен сирек көретінмін, ол жиі ауыратын. Өте тік мінезді, ерегескендерді татуластыратын қасиеті мықты болатын. Аманғазы жездемізбен екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді, олар: Максим, Күлима, Марзия, Нұрмұхамбет, Нұрия, Зағипа. Нұрмұхамбетті біз Нұру деп атап кеттік, онымен Кулагинодағы интернатта бірге оқыдым. Ол тамаша музыкант, баянда керемет ойнайды, мен одан баянда ойнауды үйренгенім бар. Кітан апа шебер әңгімеші болатын. Біздің бүкіл ағайын-тумалар жайлы көп хикаялар білетін. Біздің ата-анамыз жайлы көп естеліктер айтатын, мінезі тік, ешкімге есесін

жібермейтін адам еді. Сатан жездеміз екеуі Құбай, Светлана, Бауыржан атты ұрпақтарын жеткізді. Светлана мен оның ері Меңдіхан Ақтөбе медицина институтында София, Мақсат бәрі бірге оқыған еді. Меңдіхан Өтепқалиев бір кездері Атырау облыстық денсаулық сақтау бөлімін басқарды, сол кездері жары Светлананың туыстарына да көмегі тиген кездері көп болды. Оған деген алғысымыз бен ризалығымыз шексіз. Кітан апамның інісі Асқар Аманбаев қолы өте шебер, бала күнінде қолында бар материалдардан вертолет, машина жасап таңдандыратын. Тіпті бірде қолдан пистолет жасап, темір тордың ар жағынан бір шыға жаздағаны бар. Кейін Гурьев ауылшаруашылық техникумын бітіріп, сонда ұстаздық қызмет атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, барлығы тасталқан болып, құрдымға кетіп жатқан шақта, өз күнін өзі көруді шешіп, өз ісін ашты. Мен Атырауда жұмыс жасап жүрген шағымда «КазНИГРИ-дің» барлық техникасын аяғынан тік тұрғызып еді. Денсаулығының аса мықты еместігіне қарамастан, өз нанын өзі тауып, машинадан да басқа кез-келген техниканы ондап, өз кәсібіне балалары мен немерелерін де үйретіп жүр. Міне, осындай адамдардан тағдырға өкпе артпай, өмірін өз қолына алуды үйрену керек. Әкемнің тағы бір қарындасы Дәмет апам Сатимов Балтабаймен бас қосып, Есмұрат, Нариман, Нартай, Амантай атты ұлдары мен Сара, Алуа, Марияш, Сағия атты қыздар өсірді. Ол өте мейірбан, ашық-жарқын, дана әйел болатын. Өткір ойлы, сөзді айшықтап, мақал-мәтелдермен, әсерлі жеткізетін. Әсіресе, мен Дәмет апамның бүкіл ағайын-туысты, оларға қатысты барлық оқиғалар мен хикаяларды есіне сақтағанынына, шебер әңгімелегеніне қайран қалатын едім. Оның үнемі айтатын «Не плачь!» деген сөзі бар еді. Ол бұл сөзді көбіне әртүрлі қиындықтар мен маған шешілместей көрінетін проблемаларға қатысты айтатын. Ол өте жай сөйлейтін, бірақ дауысы нық, сенімді естілетін. Оның сөзін ешкім екі етпейтін, тіпті Балтабай жездемнің өзі оған қарсы ештеңе демейтін. Олар біздің әке-шешемізді өте құрметтейтін, әрдайым сағынышпен, тебірене еске алатын. Әсіресе анамның соғыс жылдарында тарыққан ағайын-туысқа көрсеткен көмегі туралы көп айтатын. Дәмет апам мен Балтабай жездем тәрбиелеп өсірген ұл-қыздарына, олардың татулығы мен бауырмалдығына қарап, жақсы ата-ананың жалғасын көремін. Өмірден ерте өткен ұлдары Нариманның қайғысы оларды қатты күйретіп кетті. Дәмет апам 2003 жылы қайтыс болды, ол

жерге түскен күні Балтабай жездем де өмірден өтті. Біз олардың балаларымен араласып тұрамыз, олардың қыздарының өз күйеулерін мәпелеп, қамқорлағанына сүйсіне қараймыз. Жездемнің ортаншы қызы Марияш қазір де бізге бар көмегін қылуда, осы кітаптың жазылуында да оның еңбегі ересен. Басқалардың қалай ойлайтыны өздеріне аян, ал мен оны Дәмет апамның көзіндей көремін.


Енді Жұбан көкенің ұлы Төрехан жиен жайлы айтып кетейін. Жарсуат аулындағы орта мектепті бітіргеннен кейін ол біздің үйге келді. Ол кезде біз Атырауда тұратынбыз. Төрехан Атырау мұнай және газ институтына түсіп, біздің үйде жатып оқыды. Ол бізге бірден ұнады. Оның ашық мінезі, адалдығы мен мейірімділігі, үлкенге ізеттілігі жақсы тәрбиесінен хабар беретін. Біздің балаларымыз Саламат пен Исмаил оған бірден бауыр басып кетті. Исмаилды кішкентайынан Төрехан бақты десем де болады. Оқуын бітірген соң «КазНИГРИ-ге» жұмысқа орналасты. Тәрбиелі отбасының қызына үйленді. Мен өзім құда болып барып, дүркіреген той өтті. Қазір Төрехан Батыс Қазақстан облысындағы «Қарашығанақ» кен орнында еңбек етеді. Әсімамен екеуінің Серіхан атты ұлы мен Асыл, Айым атты егіз перзенттері бар. Майра екеуіміз оны өз баламыздай көреміз. Біздің барлық қуаныштарымыз да, қайғымызда да Төрехан мен Әсимасыз өткен емес. Балаларымыз да оларды жақсы көреді және сыйлайды.


Әкемнің Төлеш жиені туралы ерекше айтып кетсем айып болмас. Ол 2014 жылы сексен бір жасқа келіп бақилық болды. Төлешті менің әкем ерекше жақсы көретін, қадірлейтін. Біздің туыстардың ішінде ең алғаш жоғары білім алған да сол болатын. Кейін оның ізін інілері мен жиендері, олардың балалары жалғастырды. Ол айтқан әңгімелерімен, өзіндік пікірлерімен, өткір ойларымен анасы Бәтимаға қатты ұқсайтын. Шамасы осынысымен де әкеме қатты ұнаса керек, әкем үнемі оның жақсы қырларын үлгі етіп айтып отыратын.


Шынымен де кейін ол әкемнің пікірін расқа шығарып, үнемі бізді қамқорлап жүретін болды. Ол қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болды. Үнемі ұлтымыздың тарихы мен ата-бабаларымызға қатысты, әсіресе біздің ата-тек, руымыз жайлы хикаяларымен үйіріп алатын. Біздің ата-тегіміз жайлы білетіндерінің көпшілігін өз анасы Бәтимадан естігендеріне өз ойынан да қосып,

әсіресе күлдіргі оқиғаларды жандандыра айтатын. Оның бұған қақысы да бар ғой! Қазақ салтында нағашы мен жиен арасы әзіл-қалжыңсыз болушы ма еді? Мен Уфа мұнай институтына емтихан тапсырғанымда (ол кезде қабылдау емтихандары Гурьев қаласында өтетін), Төлеш көке білім жетілдіру курсынан өтіп жүрген болатын. Біз Нәсіпқали көкенің үйінде едік. Сабаққа кетіп бара жатқанында ол маған пәндер бойынша тапсырмалар беріп кететін. Ол қайтып келгенше мен оларды орындап қоятынмын да, ол разы болатын. Сол дайындықтардың арқасында мен оқуға түстім. Оның қасында болған сәттерім маған өте игі әсер етті, одан мен көп нәрсе үйрендім, өмірдің әртүрлі жағдаяттарында қалай әрекет етуіме сабақ алдым. Бір кездері менің әкем де Төлеш көкеміздің өмір жолын оң сапарға бағыттаса керек. Осы жерде мен Нәсіпқали көке туралы айта кеткім келеді. Оны біз Нәсеш көке деп атадық. Ол – Боранғали көкенің ең кіші інісі. Менің есімде Нәсеш көке жұмсақ мінезімен, басқаларды еркелете сөйлейтінімен қалды. Ол адамды өзіне тартып тұратын, жылы жүзді адам болатын. Содан да болар, оны әйелдер өте жақсы көретін. Мен оның бірнеше рет үйленгенін де сол мінезінен болар деп ойлаймын. Одан қалған балалар – Айман, Руслан, Рая, Берік, Бек.

44







БІЗДІҢ ОТБАСЫ

Кезек Әкемнің балаларына, яғни, бізге де келіп жеткен сияқты. Біз сегіз едік. Лилия (біз оны Ляля деп атадық), София, Мақсот, Марат (мен), Роза, Сәуле, Нұрия, Светлана. Қазір алтаумыз бармыз. Сәуле 1961 жылы төрт жасында қайтыс болды. Ляля 1990 жылы ауыр науқастан қайтыс болды.

1968 жылға дейін біз Сарайшықта тұрдық. Онда тек бастауыш мектеп болатын. Сондықтан Ляля Чкаловта оқыды, екі ара алты шақырымдай болатын. Әкем сабаққа барып-келуі үшін оған велосипед алып берді. Біз үшін ол велосипедке міну үлкен қуаныш болатын. Ляля мектеп бітірген соң Әкем оны Гурьевке өзі апарып, қашан оқуға түсіп кеткенше қасында болды. Біз өз апамыз үшін қуандық, оны мақтан еттік. Ол кезде жоғары оқу орнына түсу өте қиын еді ғой. Институтты бітіргеннен кейін, оны Жетібай кентіне жіберді, ол сол жақта Арсланов Анварға күйеуге шықты. Үш қыз тәрбиелеп, өсірді. Олар Альфия мен Земфира, қазір Атырау қаласында тұрады және Руфина, «ТеңізШевройл» мекемесінде жұмыс жасап жүріп, ағылшын жігітімен бас қосып, қазір Англияда тұрады. Үшеуінің де балалары бар. Альфияның күйеуі Руслан өмірден ерте өтті. Русланның әкесі Байдәулетов Шаймардан (Ысық руынан), медицина қызметкері, бір кездері «Медтехника» басқармасының бастығы болған, медицина саласында түрлі қызметтерде болып, дүниеден өтті. Русланның анасы Мәрзия құдағай да медицина саласынан зейнетке шықты. Русланның ағасы Болат та дәрігер. Руслан мен Альфияның Лилия, Жазира, Арслан деген балалары бар, Лилиясы Атырау Мұнай және Газ институтын үздік аяқтады. Земфираның Алан деген ұлы бар, Руфинаның Оливер атты ұлы бар. Анвар Қожахметовичтің мамандығы механик болатын, өмір бойы мұнай кен орындарында механик, мұнай-газ барлау экспедициясында мұнара монтаждау кеңсесі басшысы болып еңбек етті. Жетібай кен орнын алғаш ашушылардың бірі болды. Анвардың ата-анасы мұнай саласында еңбек еткен болатын. Тамаша адамдар, ұлағатты отбасы болды, жастары жетіп, өмірден өтті. Анвардың Адхам атты ағасы, Ғалия, Надия атты қарындастары болды. Олардың бәрі де қазір өмірде жоқ. Мұнай институтына мен Анвардың кеңесімен түскенмін. Студент кезімізде Софияға да, Мақсотқа да, маған да Анвар мен Ляля көп көмектесіп еді. Бізге ақша жіберетін, қыстық киім, электр ұстарасы сияқты керек-жарағымызды тауып беретін. Барлық жазғы кани-

кулым мен тәжірибе жұмысымды қаражат табу үшін Үстіртте (4-разъезд) өткізетінмін. Бұл кезде Анвар жездем Солтүстік Үстірт мұнайгазбарлау экспедициясында бас механик болатын. Ал экспедиция басшысы да Жолдықыз апамыздың күйеуі Жоламанов Береген Жексенұлы жездеміз еді. Олар мені үнемі ақшалы бригадаға орналастыратын. Ляля мен Жолдықыз апаларым мұғалім болғандықтан, жаз шыға каникулға Гурьевке кететін. Олардың ауылға кеткеніне шүкір десіп, Анвар мен Береген және мен, бәріміз стол басында жаздың талай қысқа түндерін таңға ұластырып, қызық та қызу «әңгімемен», үстел басында өткізетінбіз. Ол кездері ішімдік табу қиынға соғатын, ал апаларымыз кетіп бара жатып барлық ішімдікті тығып кететін де, біз олардың қоймасын іздеп шаршайтынбыз. Бір күні осындай бір із кесуден кейін, біз көңілсіз отырдық. Бір мезгілде біреуіміз Анвардың егіз қыздарының коляскасын байқамай қағып кеттік те, одан біз іздеген сыңғырлаған дыбыс шықты. Коляскадан шыққан бөтелкелерді көргенде жезделерімнің қуанғанын көрсеңіз ғой! Бәлкім, біреулер үшін олар маған арақ ішуді үйреткендей болып көрінер, ал мен үшін олар тек ішімдік іздеуді емес, жер қойнауынан кен іздеуді, болашақ мамандығымның қыр-сырын тануды үйретті. Сонымен қатар олар маған адамды тану, достыққа адалдық сабақтарын берді. Кейін Анвар мен Береген «Геолог» поселкесіне көшіп келген соң кездесуіміз жиілей түсті, оларсыз біздің өміріміздің сәні жоқтай еді. Ляля ауырғанда бәріміз де қолымыздан келгенше көмектестік, бірақ ол айықпастан 1990 жылы дүниеден өтті. Бес жыл өткен соң Анвар да, оның досы Береген де қайтыс болды. Мен Анвар қайтыс болғанда Түркияда іссапармен жүріп, кешігіп келдім, қасында бола алмағаныма әлі күнге өкінем. Бұл біз үшін орны толмас қайғы болды, әлі күнге оларды сағынамыз, іздейміз, жоқтаймыз.

Біздің отбасында екінші – София апамыз. Ол мектепті алтын медальмен аяқтап, тек қана медицина институтына түсуді мақсат етті. Ол кезде оқуға түсудің оңай болмағаны белгілі. Ол ақыры мақсатына жетіп, Ақтөбе медицина институтын үздік аяқтады. Ақтау қаласында дәрігер, емхана бас дәрігерінің орынбасары, облыстың бас терапевті боп еңбек етті. Зейнеткерлікке шыққанға дейін атақты совмин ауруханасында бөлім меңгерушісі болды.

1979 жылы Әкем қайтыс болғаннан кейін, біз біраз уақыт ес жия алмадық. Әкеміз мәңгі қасымызда жүретіндей болып, әкесіз өмірді елестете де алмадық. Біздің барлық қадамдарымыз бен жоспарларымыз Әкемнің келісімімен ғана жүзеге асатын. Бар істе Әкем жол

сілтейтін, ақыл беретін, нұсқау жасайтын. Содан да болар, көпке дейін өзімізге өзіміз келе алмадық. Осындай ауыр қайғыда біздің барлық туыстар мен жақын жандардың бәрі бізге қолынан келгенше көмектесті, жұбату сөздерін айтты. Осындай ауыр күндерде біз София мен Ғалымға арқа сүйедік. Софияның бойында Әкемнің өткірлігі мен мықтылығы, Анамның мейірімі мен жан жылуы қатар астасқан. Біздің отбасымыздағы мейірім мен шынайылық, адалдық пен тәрбие Софияның бойынан түгел көрінеді. Алматыға келген барлық ағайын-туыстар олардың үйін паналайтын. Софияның жары Ғалымды біз ешқашан жезде деп көрген емеспіз, ол біз үшін туған Ағамыз десем, артық айтқандық емес. Оның сабырлылығы, сырбаздығы, парасат-пайымы, асықпай шешім қабылдайтыны, сабырмен айтқан ақылы, сонымен қатар туыстарға қамқорлығы мен ықыласы біздің жанымызды елжіретеді. Ғалым өте сауатты, өз ісінің маманы, түрлі басшылық қызметте болды, министрдің орынбасары болып, бірнеше мекемелерде Бас директор қызметін атқарған ағамыз қазір де тұғырдан түскен жоқ, еңбек сапында. Ғалымның ата-анасы Оразбаев Бердеш пен Қансұлу (Есен Беріш руы) аймаққа белгілі адамдар, олар он бала тәрбиелеп өсірді. Олар – Ишанғали, Жұмай, Рахымжан, Кәрім, Ғалым, Жұмаділ, Қалу, Қадияша, Бәтима, Ибрагим. Қазір Ишанғали, Жұмай, Қадияша, Ибрагим өмірде жоқ. Бердеш құдамыз қаталдығы мен сұстылығы жағынан Әкеме қатты ұқсайтын. Олар бірін-бірі өте құрметтейтін. Ғалекеннің барлық бауырлары да Әкеміз бен Анамызды өте қадірлеп, аса үлкен сыйластықта болды. Әкемді ерекше пір тұтатын Кәрім ағамыз оның өмірден өткеніне қырық жылға жуықтаса да, әлі күнге сағынышпен еске алып, оның ерекше де дара тұлға болғанын аузынан тастаған емес. Біз Кәрім ағаға шексіз ризалығымызды білдіреміз. Оразбаевтардың Алмас атты жиені бар, ол өте талантты, көңілді, әзілқой, қандай ортаның да сәні. Онымен біз сағынып қауышамыз. Ғалым мен Софияның туыстарға, жақын жандарға, кейде тіпті бөтен адамдарға жасаған жақсылықтарын санап тауыса алмаспын, бәлкім санаудың қажеті де болмас. Көбіміз, соның ішінде өзім де бармын, қызметтегі өрлеуімде, отбасындағы молшылық пен ынтымағымыз үшін оларға борыштымыз. Олардың екі перзенті бар, қыздары Гүлфайрус – Астанадағы перинаталды орталықтың бас дәрігері. Ұлы Қадим-Қашаған теңіз жобасының менеджері. Гүлфайрус – өте ақылды, кемел ақылына қоса мінез байлығы, мейірімділігі, қысылтаяңда қол ұшын беруге даяр тұратыны да оны өзгелерден ерекшелеп тұрады.

Ұлдары – Қадим да бұл қасиеттерден құралақан емес. Менің кейбір таныстарым жиенімнің периноталды орталықтың бас дәрігері екенін естіп, қыздары мен келіндері босанғанда көмек берулерін сұрап жатады. Ондайда Гүлфайрус ешкімнің бетін қайтармай, қолдан келген көмегін жасап жатады. Өз ұжымында үлкен беделге ие дәрігер. Ғалым мен Софияның келіні Маржан да дәрігер. Санаби және Инжу атты немерелері бар. Біздің аяғымыздан тік тұруымызға, осындай күндерге жетуімізге Ғалым мен Софияның мол үлесі бар.

Келесі – Мақсот. Ол Әкеме қатты ұқсайды. Тап сондай жинақы да шымыр. Анама ұқсаған жері – жұмсақ мінезі мен момындығы. Келбетінен зиялы адамдарға тән сырбаздық байқалады. Бала күнімізде ол мендей емес, өте тәртіпті, еңбекқор болатын. Ол Әкемнің жанынан шықпайтын. Ал мен болсам, еріншектігім мен тілазарлығым Мақсоттың ұғымына сыймайтындықтан, аздап шекіскенімізбен, қазіргі күні бір-бірімізді сағынып көрісеміз. Мен Мақсоттан гөрі ірірек және қайраттырақ болғандықтан, барлық ауыр деген жұмыстарды атқаратынмын. Жер де қазатынмын, шөмеле де салатынмын. Ал Мақсот болса нәзік, ұқыптылықты қажет ететін жұмыстарды атқаратын. Әсіресе шөп шабуда Мақсот небір кәнігі орақшылардың өзін басып озатын да, Әкем оған соншалықты ризалықпен қарайтын. Дәл осылай маған Әкемнің қарағаны Ғалым мен Софияның тойы алдында құлағына қол апарпаған асауды жыққан сәтімде болып еді. Қандай қайратты болғанмын сол кезде, шіркін! Мақсот – өте талантты, мектепте оқып жүргенде өлең шығаратын, ал ән айтуды өміріне серік етті. Аудан, облысты былай қойғанда, республикалық конкурстардың лауреаты болды. Ол дәрігер болмағанда керемет әнші болатын еді. Жасы Мақсоттан үлкен болса да, өте жақсы жолдасы Евгений Петрович Мухин деген досы болатын. Дәрігер, медицина ғылымдарының докторы болған ол біздің отбасымен өте тез жақын араласып кетті, бізге туғанымыздай болды. Евгений Петрович таным деңгейі, өресі өте жоғары, өткір тілді, сансыз анекдоттардың шебері болатын. Оның анекдоттарының тақырыбы «политбюро» мүшелері туралы еді. Әсіресе Л.И.Брежнев туралы анекдоттары шек сілемізді қатыратын. Оның жан құмары балет болатын, ол жайлы терең түсінігі бар еді. Атақты Мая Плисская, Радик Нуреев сияқты әлемге әйгілі балет бишілерімен таныс болатын. Евгений Петровичтің арқасында біз мәдени өмірдің бізге белгісіз қырларымен таныстық, жаңа есімдерді білдік, мәдениетке ұмтылдық десем де болады. Ол алпыс жасында

өмірден өтті, біз үшін орны толмайтын тұлға болған Евгений Петрович біздің мәңгі жадымызда. София сияқты Мақсат та Ақтөбе медицина институтын бітірді, өз ісінің білгір маманы болды. Атырауда жұмыс жасады, қазір Ақтөбеде тұрады. Жары Шара екеуінің Болат атты ұлы мен Майра атты қызы бар. Мақсаттың Әлібек, Мұхаммад атты немерелері бар. Үлкен ұлы Болат Атырау мұнай газ институтын тау кен инженері мамандығы бойынша бітіріп, он бес жылдан астам Миланда (Италия) тұрып, қызмет етеді. Қызы Майра күйеуімен Ақтөбе қаласында тұрады. Шараның ата-анасы Табын руынан, Есеналин Кенжалы мен Бақыт алты балалы отбасы. Олар – Шара, Қуаныш, Қаламқас, Түйме, Гүлжайнар және ұлдары Тұрлан. Шараның ата-анасы, ағасы Тұрлан мен апасы Қуаныш қазір өмірден өткен. Бақыт құдағай 2015 жылы дүниеден өтті. Ұзақ ауырып, төсек тартып жатқанда Шара өз бауырларымен бірге аналарын мәпелеп бақты. Кенжалы құда мен Бақыт құдағай біздің әке-шешемізбен үлкен сыйластықта болды.

Роза. Бұл – менен екі жас кіші қарындасым. Сарайшықта дүниеге келіп, мектепті Чкаловта аяқтады. Перзенттерінің ішінде Әкемнің жолын қуып, финанс қызметкері болған Роза ғана. Біз Сарайшықта тұрғанда бізбен көрші Гриша ағай мен Таян тәте тұратын. Олардың балалары жоқ еді. Олардың бекзат болмыстары сырт келбеттерінен білінетін. Әсіресе Гриша ағайдың кескіні әскери адамды еске салатын. Біздің Роза сол үйден шықпайтын, іздесек солардан табатынбыз. Роза өте еңбекқор, өз ісінің маманы, алған бетінен қайтпайтын қайсар, анам айтқандай «өліспей беріспейтіннің» нақ өзі. Әуелі техникум, сосын институт бітірді. Ауылдасымыз Альберт Наурызалинге күйеуге шықты. Біраз уақыт Чкаловта тұрып, Роза Әкеммен бірге жұмыс жасады.

Той өткеніне көп болмай жатып, Розаның үйге келіп, Әкеме шағымданғаны есімде. Әкем ойланбастан, қосылған өздерің, араларыңдағы мен араласатын мәселе емес деп кері қайтарып жіберіп еді. Бұл Әкемнің қаттылығы емес, әділдігі мен тәрбиесінің бір көрінісі деп ойлаймын. Кейін олар Софияның қолдауымен Ақтау қаласына көшті. Роза «Қазтрансойлда» есепші, Альберт кеніште мамандығы бойынша тау-кен инженері болып еңбек етті. Руы Ысық Альберттің әкесі Бақтығали Чкалов орта мектебінде мұғалім болып, 1975 жылы қайтыс болды. Анасы Сәнім жасы келіп, 2015 жылы өмірден өтті. Альберттің ағасы Ғадылша ерекше де қызықты тағдыр иесі, техника ғылымдарының докторы, КГБ-ның бұрынғы қызмет-

кері болатын. Біздің санамызда жарқын із қалдырған ол 2002 жылы дүниеден өтті. Қазір Альберт пен Роза Алматыда тұрады, балалары ержетті. Қуаныш пен Әлия өмірден өз жолдарын тапқан жандар. Жамал атты келіндері бар, Батырхан, Рауан, Жамиль атты немерелері бар. Мен оларға әрдайым тілекшімін. Келесі қызы – Нүрия. Ол мамандығы бойынша құрылысшы, өте қайсар, тік мінезді, бетін бар, жүзін бар деместен айта салатыны бар. Бала күнімізде біздің үйде өзіміз Қалима апа деп атаған Әжеміз болатын. Нүрия Қалима апаның бауырында өсті, біз түгілі, ата-анамыздың өзіне мойынсұнбай қалатын. Әжеміздің көңіліне қарап, ешкім Нүрияға қарсы сөйлемейтін. Осының бәрі оның мінезінен көрінеді. Нүрияның ері Толыбай Тәңірбергенов (Әлім, Шекті руы) да құрылысшы. Ақтау, Атырау, Алматы қалаларының түрлі мекемелерінде жұмыс жасады. Ұлы Азамат-инженер, «Қазатомпром» жүйесінде еңбек етеді. Толыбайдың өзі Аралдан, әкесі Наурызбайұлы Кеулімжай, анасы Інжілісқызы Үрләй. Елібай атты ағасы бар.

Ең кіші қарындасым Светлана Қазан химия-технология институтын бітірген соң, Ақтаудағы пластмасса зауытында еңбек етті, облыстық кеңеске депутат болып сайланды. Бақытжан Әкімбаевпен тұрмыс құрып, үш перзентті болды: Назгүл, Камилла, Нұрлан. Үлкені Назгүл Қазақ Ұлттық Университеттің түлегі, жапон тілінің маманы. Қазір Бақытжан мен Светлана Астана қаласында тұрады, «Қазмұнайгаз» құрылымында еңбек етеді. Бақытжанның әкесі Сахи Әкімбаев – мұнайшы, 1964 жылы Атыраудан Маңғыстауға мұнай өндірісін өркендету үшін келген. Өндірістік қызмет көрсету орталық базасының басшысы, «Мангышлакнефть» бірлестігі бас директорының орынбасары болған, 1986 жылы өмірден өтті. Бақытжанның анасы Ғалия белгілі мұнайшы Сағидолла Нұржановтың апасы, денсаулық сақтау саласында еңбек етті, 2015 жылы қайтыс болды. Бағытжаннан өзге Мәлік, Серік, Берік атты балаларын өсіріп, жеткізді. Барлығы да тәрбиелі, әдепті, арлы жігіттер. Өкініштісі, Мәлік 2004 жылы 40 жасында мезгілсіз дүние салды.

Енді өзім туралы. Чкалов орта мектебін бітірген соң, Уфа Мұнай Институтын, кейін осы институттың аспирантурасын аяқтап, диссертация қорғадым. Түрлі қызметтерде болдым, еңбек жолымды бұрғышының көмекшісінен бастап, «КазНИГРИ» мекемесінің директоры, «Адай Петролеум», «Аташ» компанияларының Бас директоры болдым. Төрт балам бар, Хайдар мен Фируза алғашқы некеден. Хайдар мен Фирузаның анасы Мәриям Башкұртстанда туған қазақ

қызы, 2006 жылы өмірден өтті. Мен оқып жүргенде Уфада сонау ашаршылық, қуғын-сүргін жылдары Қазақстаннан барған қазақтар өте көп болатын. Біз, Уфада оқитын қазақ студенттері, олармен жақсы дос болдық. Кейде демалыс күндері, біз өзіміз «башқұрт қазақтары» деп атайтын достарымыздың ауылына баратынбыз, олар бізді барын алдымызға тосып қонақ ететін. Әрине, арақ пен самагонсыз да болмайтын, бірақ амал қанша, уақыт сондай еді ғой. Орыс ақыны Александр Кушнер айтқандай, «Заманды тандай алмайсың. Онда өмір сүресің және өлесің». Уфа қазақтары Атамекенді сағынатын, әсіресе домбыраның үнін сағынышпен, құмарта тыңдайтын. Олардың бәрі де ауылда тұратын да, мал шаруашылығымен айналысатын. Ал олардың балалары, біздің құрдастарымыз ауылшаруашылығы институтында оқитын, кейбірі ғана техникалық оқу орнында оқитын. Солардың бірі, Ысықтың Кедейбас бөлімінің тумасы Отарбаев Хайдармен мен осы Уфа Мұнай Институтында танысып, достастым. Ол құрылыс факультетінде оқитын. Біздің достығымыз нағыз адал, бүкпесіз, шынайы болатын. Біз бір-бірімізге шын арқасүйер қорған едік. Сондай бір адамды өзіне тартып тұратын адамдар болады ғой, оның күлкісі ме, ишарасы ма, әйтеуір бір тартымдылығы болады. Саған неге ұнайтынын өзің де білмейсің, бірақ онымен бірге жүру сен үшін жақсы. Хайдар тап сондай адам болатын, ол екеуміздің бастан кешкен қызықты сәттеріміз туралы сандаған том шығарма жазуға болар еді. Хайдар тәрбиелі, адал, ақниетті адам болатын. Оның тұла бойынан батылдық пен ерік күші сезілетін. Оның тағдыры ауыр да күрделі болатын. Анасынан ерте айрылған ол бауырлары мен әкесінің, өгей шешесінің арасын жақындастырмақ болып, қиналатын. Отбасында ынтымақ болуы үшін, кейде тіпті дұрыс емес екенін біле тұра өгей шешесін жақтап, сол үшін өз туғандарына жеккөрінішті болатын. Мен Хайдардың барлық жақындары мен туыстарын білетінмін, олар мен үшін соншалықты қымбат, соншалықты жақын. Біз институтты бітіргенде Хайдар он алты жастағы орыс қызына үйленді, ол өте жайдары, ақкөңіл, адал қыз Лида болатын. Біз оны мектепте оқып жүргеннен білетінбіз. Ол уақытпен санаспай, қиыншылықтарға қарамастан, бізді қамқорлап, киімімізді жуып, тамағымызды дайындап, балаша мәпелейтін. Лиданы қазақ студенттері өте жақсы көретін, сыйлайтын, құрметтейтін. Ол біздің ыстық-суығымызды бірге көрген, жастығымыздағы шынайы досымыз болып қалды. Хайдар екеуміздің бір-біріміздің атымызды балаларымызға қоямыз деген уәдеміз болатын, біз ол

уәдені орындадық. Қайғылысы, Хайдар қырық жасында дүниеден озды. Артында Марат пен Борис атты ұлдары мен жары Лида қалды. Мен әрдайым олардың амандығын тілеймін. Өнді айтқанда, сөзін алып тастай алмайтының сияқты, өткеннен алып тастай алмайтын жайлар да болады Осы жерде менің алғашқы қосағым Мәриям жайлы айта кету орынды деп ойлаймын. Ол Хайдардың құдашасы болатын, онымен мен сол үйде таныстым. Бірақ некеміз сәтсіз болды, бұған, әрине, екеуіміз де кінәліміз. Одан бері қанша жылдар өтті, бір нәрсені ғана айтқым келеді, Мәриям балаларды аяғына тұрғызу үшін барын салды, денсаулығын да, күшін де аяған жоқ. Інісі Жақсығали оның балаларды оқыту үшін жанкешті еңбек еткенін айтып еді. Оның сол еңбегін Хайдар мен Фируза ұмытпас және соған лайықты болар деп сенем. Аналар ешқашан өлмейді, үнемі біздің жанымызда, жадымызда! Оның махаббаты мәңгі сақталмақ! Оның жаны жаннатта болғай! Әрине, біздің өркөкіректігімізден, қыңырлығымыз бен керітартпалығымыздан балалар зардап шегеді, мұны дәлелдеудің қажеті де жоқ. Өкініштісі, мұны түсінуге аз уақыт кетпейтіні ғана. Д.Граниннің айтқанын еске алғым келеді: «Кешіру оңай емес. Бірақ, Библияда мынадай тәмсіл бар. Күнәлі деп тапқан бір әйелді жиналған көпшілік тас атып өлтірмекші болады. Сонда Иса пайғамбар айтыпты: «Өзін күнәсізбін деп есептегендер ғана оған тас атсын». Сонда жиналған топ тарап кетіпті. Ғалымдар да түсіністік принципін ұсынады. Мұның мәнісі, сөзталастарда қарсыласты тыңдау және оны түсінуге ұмтылу. Бұл үшін оның орнына ойша өзінді қою. Бұл ақиқатты тану үшін қойылатын принцип. Біз өзіміздің дұрыстығымызды дәлелдеу үшін, жеңіп шығу үшін ғана ұмтыламыз. Бізді қызықтыратын ақиқат емес! Осыны кейінгі ұрпақ түсінсе болғаны!

Қазіргі жарым – Майра, мамандығы – мұғалім. Саламат, Исмаил атты балаларымыз бар. Майраның ата-анасы Жұмағалиев Салық атамыз бен Мұбина анамыз алты бала тәрбиелеп өсірген. Олар: Айсұлтан, Майра, Шара, Орынбасар, Алла, Сара. Әкеміз Салық Ұлы Отан Соғысының ардагері, «Даңқ» орденімен, «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған. Соғыстан кейін ұзақ жылдар бойы Құрылыс басқармасында бас есепші болып еңбек еткен. Салық атам өте сабырлы, төзімді, жаймен сөйлесе де, айтқанын өткізе алатын еді. Бүкіл ағайын-туманы жақсы көріп, қамқорлайтын, олардың жағдайын үнемі сұрастырып, біліп отыратын. Мен Атырауда жұмыс жасап жүргенімде бүкіл ағайындарға мені мақтанышпен танысты-

ратын. Атам 1999 жылы дүниеден өтті. Майраның ағасы Айсұлтан мен інісі Орынбасар мен оның жары Нәсіп өмірде жоқ. Айсұлтан жүрген ортасының сыйлы да абыройлы азаматтарының бірі болатын. Туыстары мен достарының өмірінде оның орны ерекше болатын, олардың бәріне ақылшы да, дос та, қамқоршы да бола біліп еді. Өзінің қарындастары мен інісін айрықша жақсы көретін. Ішкі істер басқармасында байланыс саласында қызмет етіп, отставкаға шықты. Оның, Орынбасар мен Нәсіптің орны ағайын-туманың арасында ерекше болатын, бізге әлі күнге олардың жоқтығы білініп тұрады. Аллаға шүкір, ұрпақтары Әкелерінің жақсы атына кір келтірмей, өмірден өз жолдарын тауып, әртүрлі салада еңбек етуде. Айсұлтанның жары Роза дәрігер, Рүстем, Ләйла, Гауһар атты перзенттердің анасы, Карина, Шыңғыс, Темірлан, Ясмина, Аэлина атты немерелердің әжесі. Мүбина анамыздың қолында, Атырау қаласында тұрады. Мүбина анамыз жасы біразға келсе де, ортамызда бәрімізге ақылшы, ұрпақтарының панасы мен тірегі, мәуелі бәйтерегіміз. Тағдырдың басына салған қаншама ауыртпалықтарына қарамастан, бар қайратын бойына жиып, бізге ақылшы болып келе жатыр. Қазақ «сүйегі асыл адам» деген теңеуді осындай жандарға арнаған шығар деп ойлаймын. Майраның інісі мен келіні, өмірден ерте кеткен Орынбасар мен жары Нәсіптен Тимур атты ұлы қалды, биылғы жылы мектепті бітіріп, Қазақ Мемлекеттік Заң Университетіне түсті. Салық атамсыз сияқты қаржы маманы болуды мақсат етіп отыр. Біз Тимурдың болашағы жарқын болса екен, ата-анасы жете алмаған жақсылықтарға жетсе екен деп шын жүрегімізбен тілекшіміз. Майраның сіңлілері бәрі де тұрмыста, Шара мен Сеймурдың Мира, Самир атты балалары бар. Алла мен Мәліктің Илияс, Олжас атты балалары бар. Сара мен Асқардың Арман, Осман атты балалары бар. Шара мен Сара Алматыда, Алла Атырауда тұрады.

ОЙЛАРЫМ МЕН ТОЛҒАНЫСТАРЫМ

Балаларым мен немерелеріме кеңестер

Біз Ақтау қаласында тұрамыз. Екі үлкен ұлымыз – Хайдар мен Саламат отбасылы. Келіндеріміз Кенже мен Раушан көргенді отбасынан шыққан, тәрбиелі де ибалы балалар. Олар әрдайым да түсіністікте, бақытты өмір сүрсе екен деген тілегім бар. Кенженің анасы Айым құдағай Алматы қаласында тұрады. Әкесі Нысан (Беріш Есен руынан) 1991 жылы қайтыс болған. Кенженің Светлана және Үміт деген екі апасы бар. Олардың жарларының аты – Ержан және Болатбек.

Раушанның ата-анасы Нұрғызар (Ұлы Жүздің Дулат руынан) құда мен Ұмсынай құдағай Ақтауда тұрады, «Қазақтелекомда» қызмет етеді. Олар өте адал, өнегелі отбасы. Қасымызда болғандықтан, жиі араласамыз, қуанышымызды бірге бөлісіп, қайғыда қолдау көрсетеміз. Нұрғызар құда бір кездері «Қазақтелекомның» Бас директоры болған. Раушанның апасы Ләззат Қазақ Экономика және Менеджмент Институтын тәмамдап, Даниялық компанияда жұмыс жасайды, Фатико атты қызы бар. Хайдар, Фируза, Саламат «Қазмұнайгаз» құрылымында еңбек етеді. Исмаил – студент, Ұлы-британияда мұнай өндірісі инженері мамандығы бойынша білім алуда. Үлкен ұлым Хайдардан Әйгерім, Арайлым атты екі немереміз бар. Мен өз балаларыма мінездеме бергім келмейді, мен үшін олардың бәрі де қымбат. «Балаң – бауыр етің» демей ме?

Мынадай бір сөз бар. Оны әзіл десеңіз де, қанатты сөз десеңіз де өзіңіз біліңіз. «Отбасылық өмір тәжірибелері – өткен сәтсіздіктер туралы естеліктер, кішкентай сәтсіздіктерден дана түйін түюге қабілеттілік». Әке мен бала арасы әрдайым да күрделі екені белгілі. Әкеге маңыздысы балаңның сені тыңдауы мен түсінуі, балаға керек кезінде ақыл бере алу мен сабырға шақыру болса, бала үшін маңыздысы сабырмен тыңдай алу мен үлкенді құрметтеу басты болып қала бермек. Мен өзімнің осы тектес ойларымды балаларым мен немерелеріме, егер қызық деп есептесеңіздер сіздерге де арнағанды жөн деп таптым. Әрине өзгелерге ақыл айту аса абыройлы шаруа емес, дегенмен байқап көрген артық болмас. Бірде «Литературная газета»-ға 10-сынып оқушысының ересектерге арнаған мақаласы жарияланды: «Жалынамын, бізді қиындықтар мен құмарлықтардан қорғамасаңыздар екен, олар бізге өте қажет!»

Оның бұл сөзінде шындықтың бары даусыз. Біз оларды қанша әлпештесек те, өмір оларға өз талаптарын қоймақ, ал ол талаптарды орындау мен шыдамдылық көрсету оңай болмасы анық. Адам жас күнінде оның өткені жоқ сияқты, тек бүгіні мен болашағы ғана бар. Өмір-өзенде кетіп бара жатқан жасты алғашқы алғашқы бұрылыстың өзінде не күтіп тұрғаны беймәлім. Ал ол өмір толқынында артына қарамастан жүзіп барады. Энгельс айтқандай: «Тағдырдан қашып құтыла алмайсың, өйткені ол өз әрекеттеріңнің қорытындысы». Ал Аристотель: «Жетістіктерге жетер жолда адамға түрлі кедергілер жолықпақ, бірақ олардың жан-дүниенді, ақыл-ойыңды, ішкі әлеміңді өзгертуге күші жеткен емес» деп қорытады. Көп адамдар өмір қалтарыстарында өздерін жоғалтпақ, түкке тұрғысыз жайларды күйзеле қабылдамақ, тез шаршап, өзіне-өзі зорға келмек. Осындай жолды маған да өтуге тура келді, әлі де келемін. Өзіңе көңілің толмау мен жалқаулық та – жауың. «Өзіңе сенбеу – көптеген сәтсіздіктердің себебі», – деп жазды Кристиан Нестел Боуви (американ сатирик-жазушысы). Адамзат тарихы үзілмейтін шынжырға ұқсайды, бұл – «тіршілік алауын тәжірибелі жандардың тәжірибесіз жастарға жалғастыруы». Қай заманда болмасын бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Ал ақиқат – мәңгілік. «Уақытты таңдамайды, онда өмір сүреді және өледі» дегенді ақын А.Кушнер жақсы айтқан. Заман алдында, адамдар алдындағы жауапкершілікті білуге, адамға лайық өмір сүруге жауапкершілік әркімнің өз мойнында.

Адам жаратылысынан мейірімді деседі. Ал сол мейірімді тарата білу керек, әйтпесе құлағанды аяп қана, қасынан өте беруге де болады ғой. Киімім бүлінеді деместен, орнынан тұруға көмектессең, шынайы мейірім сол болмақ. Белорус халқында «Мейірім ешқашан, еш жерде өз қасиетін жоғалтпақ емес» деген сөз бар. Адам аю мен арыстанды, ызалы жанды жеңе алмағанда емес, мейірімі мен ақылын жоғалтқанда ған бақытсызға айналмақ. Осы қасиеттерін жоғалтқан адам ғана – шын бақытсыз, аяуға тұратын адам. Ежелгі грек философы Эпиктет: «Адамның туғаны мен өлгені, ақшасы мен дүниесінен, байлығынан айрылғаны маңызды емес, өйткені олардың ешқайсысы да оның меншігі емес. Ең аяныштысы-адамның адамшылығын жоғалтқанында ғана», – деген екен. «Кедей болу ұят емес, арзанқолды болу ұят» деп неміс жазушысы Эрих Мария Ремарк айтқан. Ежелгі Шығыс даналары айтқан «Мықты болсаң өзінді өзің жең», сонда арың мен ұятың өмір шындығымен

бетпе-бет келмек. Дальдің сөздігінде айтылғандай, «Өзіне сенімді адам-адаспайтын адам» болғандықтан, өз өмірің өз қолыңда. Боксшы Майк Тайсон: «Егер адам құлағаннан кейін тұрса, бұл физика емес, бұл Мінез» депті. Конфуций: «Ешқашан сүрінбеген адам емес, құлағаннан соң тұрған адам ұлы» депті. Сонымен қатар, Мұхамед Әлидің (американдық боксшы): «Тәуекел етпесең, өмірден аларың да аз болмақ» деген сөзі де орынды. Осы сөз «Тәуекел түбі желқайық, өтерсің де кетерсің, тәуекел етпесең, су түбіне кетерсің» деген халқымыздың даналық сөзін де есіме салады. У.Филлипс айтады: «Қиындықтар адамға өзін жеңуге күш береді». Біздің біршама туыстарымыз, тіпті көбісі десем де өтірік емес, ұстамсыз, шыдамсыз мінезімен, асығыс шешім қабылдайтынымен ерекшеленеді. Шыдам – ең мақтаулы қасиеттердің бірі, бұл туралы тек Құранда ғана емес, Библияға қатысты кітаптарда да көп айтылады. Шамасы, күте білудің өзі асығыс адамға көп көмектесетін сияқты. Көрнекті қазақ жазушысы Оралхан Бөкеевтің «Айғай» повесінде әкесінің ұлы Аспанға айтатын мынадай сөзі бар: «Ұлым, ешқашан дауыс көтерме, айғаймен ештеңе бітіре алмайсың. Мен айғайдың құрбанымын, бұл құрбандық менімен бітсін» деген сөзі бар. Сондықтан да, балаларым, шыдамды болыңдар. Осы ережелерді елемегеннен, мән бермегеннен мен көп зардап шектім, бұл үшін лауазымым төмендеген кездерім, кейде өзге де жағымсыз жайларға тап болған кездерім көп. Жүйке жүйесін қалыпқа келтіру үшін жұмыстанып, қалқанша бездің жұмысын тексерту де артық болмайды, бұл біздің отбасымызда бар болғандықтан да ескертіп отырмын. Жалқаулықтан аулақ болыңдар, ежелден келе жатқан даналық сөз бойынша: «Жалқаулық – бар жамандықтың басы». Француз жазушысы Жюль Ренар: «Өзінің ақымақтығын сезіне білген адам – ақымақ емес. Ал еріншек өзінің еріншек екенін ойлауға да ерінеді» дейді. Табанды болыңдар! Елдің бәріне бас шұлғып келісе берсендер, айналадағылар осыған да үйренеді, солай болуға тиістідей қабылдайды. Ешкімнің бетін қайырмайтын жақсы болып көрінуге тырыспаңдар, мұндай адамдар қолайлы болуы мүмкін, бірақ қадірлі емес. Мұндайда «Қадірсіз еңбек – қайырсыз» деген түсініктірек шығар. Бірақ, қай кезде де мейірбан болыңдар. Мінез тепе-теңдігін қазақтың мына бір сөзімен қарап көрейік: «Қатты жүрсең қуаяқ дейді, жай жүрсең шуаяқ дейді». Тіршілік заңы бойынша, арамшөп сеуіп, бидай жинамайтының сияқты, «Не ексең – соны ормақсың». Будда үйреткендей: «Бар

бәленің басында надандық пен шектеліп қалу тұр. Ол адамды түкке тұрғысыз нәрсені бағалауға және сол үшін қайғыруға мәжбүр етеді. Надан адам арзан құндылықтардың соңына түседі де, шыннайы құндылық – адам тірлігінің құпияларын білуге ұмтылмайды. Жамандықтың жаршысы – надандық өзі еккенді толық орып болмайынша тыным таппақ емес. Өзің жасаған ақымақтық, құдды бір темірге түскен тат сияқты түбіңе жетері анық». Будда Гаутама мұны 2600 жыл бұрын айтып кеткен екен.

Үш фактордың мінезді қалыптастыратыны белгілі: тұқым қуалаушылық, орта және өзін өзі тәрбиелеу. Адам өз ата тегі туралы көп білуі тиіс. Ата тектің күшті, жақсы, жаман жақтарын, әртүрлі жағдайдағы мінез көріністері туралы терең білуі тиіс. Жаратылыста мінсіз ештеңе жоқ, адам да солай, оны қандай болса, сол күйінде қабылдай білу керек. Үнді философы Шри Чин Мой айтады: «Кеше мен ақылды болдым, әлемді өзгертпек болдым, ал бүгін данамын, өзімді өзгертпекпін». Әкем: «Өзгермейтін ештеңе жоқ, сондықтан басшы болдым екен деп, мұрныңды аспанға көтерудің қажеті жоқ», – дейтіні есімде. Әйгілі испан жазушысы Сервантес айтқандай: «Өте арзан тұратын, бірақ қымбат бағаланатын сыпайылық қана».

Мен Уфа Мұнай институтында оқып жүргенімде, бізге мұнай ғылымының абызы, белгілі академик Мирзаджанзаде Азат Халилович дәріс оқып еді. Әдетте ол танымдық ойындар өткізетін, атақты адамдардың өмірінен қызықты хикаялар айтатын. Ол менің ұстазым Мидхад Рахматуллаевич Мавлютовтың докторлық диссертациясына консультант болып еді. Оның мына бір ойларын сіздердің назарларыңызға ұсынғым келеді: «Мен 73 жасқа жақындадым. Болашағың артта қалған осы шақта қорытынды жасағың-ақ келеді. Мен ештеңе бітіргенім жоқ. Әлеуметтік сатыда төменде қалдым, байлық жинамадым, отбасын құрмадым. Бұл үшін еш өкінбеймін де. Мені үнемі жоғары шенділерге иілмегенім мен ақшаға тәуелді болмағаным үшін сөгетін. Мен талай мықтыны мойындадым да, азғындарды да көрдім. Менің ойларым жүзеге асып, ғылыми қоғамда танылып, үлкен экономикалық тиімділікпен тәжірибеде қолданылғанда ләззат алатынымын. Мен ТМД-дағы, шетелдердегі-Сирия, Иордания, Египет, Ирак, Вьетнам, Болгария, ФРГ-дағы шәкірттеріммен мақтанамын. Меніңше, мен көп нәрсе жасадым, ал жасайтыным одан да көп еді. Қысқасы, мен «алу-беру» принципімен жұмыс жасадым. Әзілге бұрсاق, «төрттік фактор». Мұны «екі есе аз алдым, екі есе көп бердім» десе болады. Бұл жерде маған Шар-

лотта Ауэрбах (британ генетигі, Лондон корольдік қоғамының мүшесі) айтқан адам өмірін карта ойынымен салыстырған барлық үш атрибуты көмектесті. Бұл карталар маған Жаратушы мен ата-анамнан берілген генім, бұл карталар – мені қоршаған орта, оқушыларым, студенттер мен әріптестерім – менімен бірге ойнаушылар, менің өмірімдегі ұстаздарым және кездейсоқтық». Әрине, мен академик емеспін, бірақ оның ойлары менің жаныма жақын, ұғымыма түсініктірек. Кеңес жазушысы Ю.Трифонов жазғандай: «Өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылған оқырман әуелі Достоевский мен Тютчевті байқап көрсін». Сонымен қатар: «Біздің өмірімізде болып жатқан оқиғалар бізге қаншалықты жағымсыз болса да, керектіні үйретеді» деген америкалық жазушы, философ, көсемсөзші Ричард Бахтың сөзін де ескеріңіз. Ертедегілер қолаға жазып қалдырған «Өзінді таны, сонда дүниені танысың» деген сөз рас та шығар. Карл Маркс айтқан мынадай сөз бар. «Әр адамның өмірінде биікке көтерілудің бір мүмкіндігі болады, бірақ кейбіреулер сол мүмкіндікті байқамайды». Ал Евгений Примаков: «Барлық жеткен биіктерім үшін мен тағдырыма қарызбын», – дейді. Әркімге өмір жолында өз сынағы берілген. «Біреуді барда, біреуді тарда сынайды» деген бар. Халқымызда «Тәуба» деген жақсы ұғым бар. Бұл – шүкір ету мен Алланың мейіріміне деген ризалық. Соған қарағанда артықты талап студенттің қажеті де жоқ. Бәлкім, артық ештеңе жоқ та шығар... Барлық игіліктердің бөлінуінде ерекше бір жүйе бар, ал көктегі «бухгалтерия» ешқашан қателеспейді. Кейде маған Жаратушы Ие баяғыда-ақ әрқайсымыздың тағдырымыз жазылған тағдыр картасын жазып, жанымызды құлдыраудан сақтап қойғандай көрінеді. Ал оның еркіне бағынбағандарды қайтадан тәрбиелеу үшін төменгі қабаттардың біріне тастай салатындай. Кей адамдар жетістікке жетуге соншалықты ұмтылады, олардың табандылығы да жеңісті жақындатпай, алыстата береді. Кейде өткен жылдарың туралы ойлану – ауыр, әсіресе ол жылдар өзің қалағандай болып өтпесе. Өткенге өкінбейтін жан сирек, бірақ, қайтпек керек, өткен оралмайды. Мүмкін тіпті оралғаны керек емес те шығар... Жаңа дәуірге, жастарға ренжудің қажеті де шамалы, оның үстіне бұл жаңалық емес. Сократ (ежелгі грек философы) айтты деген мынадай сөз бар: «Қазіргі жастар молшылыққа үйренген, жаман қылықтарға үйір, беделді тұлғаларды жек көреді, үлкенді сыйламайды, баласы әкесімен керіседі, тамақты ашқарақтана ішеді, ұстазын мансұқ етеді». Ал ежелгі Египет папирусында: «Дүние қатты өзгерді, әркім

кітап жазады, бала ата-анасымен керіседі» деп жазыпты. Мұндай жазбалардың келешекте де болары анық. Жапон мақалы «Бақа өзінің де басы жалпақ екенін ұмытпауы керек» дейді. «Мұның бәрі баяғыда да болған» дейді еврей ғалымы Бен Акиба. Тағы бір айтқым келгені, бұл – әділ бағалай білу, саған ұнамайтындарға да әділ, шынайы бағасын бере білу. Спиноза айтқан: «Ақтаудың да, даттаудың да қажеті жоқ, тек түсіне біл». «Ұнатпайтыныңның өзіне тамсана біл» дейді француздың реалист жазушысы Гюстав Флобер. Ал Л.Н.Толстойдың: «Қара ниетті адамдарды жеңу қиын, егер бір рет сол қуанышқа ие болсаң келесіде де сол қуанышты тағы да бастан кешкің келеді» дегені бар. Және ең бастысы, табысты адамдардан табыстарының сырын сұрағанда, олар өздерінің іскерлік қасиеттерінің ішінде тәуекелшілдігімен қатар, жар таңдауда қателеспегенін айтыпты. Мұны түсіндірудің қажеті болмас! Америка психологтарының зерттеуінше, отбасындағы келеңсіздіктің бәріне дәмсіз тамақ пен үй ішіндегі берекетсіздік себеп болады екен. Ал мынаны қалай қабылдарыңызды қалауыңыз білсін: «Шынымды айтсам, мен байларды жақсы көремін. Бұл оларға қызыққаннан немесе артық машинасы мен алтын ваннасын алып қалу үшін емес. Ертеңі үшін алаңдамайтын адамдар өзгенің бақытын да, байлығын да қызғанбайды, олар өзіне сенеді. Молшылық адамды еркін және тәуелсіз етеді. Еркін адам ғана өмірдің мәнін білуге ұмтылады. Мен адамдардың бай болғанын қуаттаймын». Бұл сөздерді айтқан кеңес жазушысы В.Цветов. Меніңше итальян ақыны Петрарка айтқан: «Өзгелер не десе де, өз жолыңмен жүр» деген сөздің жаны бар сияқты. Башқұрт ақыны М. Ақмолданың мына бір өлең жолдарында да сол ой бары анық:

Адассам да өз жолыммен адасам,
Шалыс бассам, өзім ғана кінәлі.
Өзгелерді кінәласам ол үшін,
Әділдіктің ақ алмасы табады.

Бір жерден «Аллаға қиыншылықтарыңды айтып жалбарынба, ал қиыншылықтарыңа Алла бар екенін айт» деген сөзді оқығаным бар. Сонымен қатар «Сенімен Алла бірге болса, қарсыласыңның кім екені маңызды емес». Шынымен де, бұдан артық қалай айтуға болады!

СӨЗ СОҢЫ

Қазақта «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деген сөз бар. Осы сөздің байыбына мен тым кеш, әкем дүниеден өткен соң ғана бардым. Туған өлкеме келгенде Әкем мен Анамды білетін жандардың ыстық ықыласына бөлендім. Олардың аттары аталғанда, оларды білетіндер мені асылдың сынығы деп төрге шығарғанда менің кеудемді мақтаныш сезімі кернеп, олардың атына кір келтіруге хақым жоқ екенін түсіндім.

Жақын арада бізге туған өлкемізден қуанышты хабар келді. Атырау облысындағы аудан орталығы Махамбет ауылындағы бір көшені Әкемнің есімімен атауға шешім қабылданыпты. Бұл сүйінішті хабарды біз күткелі көп болған, міне Алла бізбен бірге болғандықтан мәселе түйінін тапты. Алға, Балаларым!

Кітапты аяқтай отырып, Аллаға осындай мүмкіндік бергені үшін сансыз мәрте ШҮКІР ЕТЕМ! Әкем мен анама маған сіңірген еңбегі үшін, жақындарым мен туыстарыма, Ұстаздарыма, достарыма, бәріне, бәріне ризалық білдіремін. Сөзімді белгілі ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлеменовтың ана тақырыбында жазылған өлеңінен алынған, біздің ата-бабаларымыз бен ұрпақтарымыздың ұстанымына сай келетін жыр жолдарымен аяқтағым келеді: «Шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған құл емес».

ПОГОВОРИ СО МНОЙ, ОТЕЦ



*Ни один мужчина не сможет стать хорошим отцом,
если он не научится понимать своего отца.*
Торнтон Нивен Уайлдер

НАЧАЛО НАЧАЛ

Ни один сын не может с уверенностью и предельной честностью сказать, что знает своего отца, однако попытки узнать хоть какие-либо грани своего родителя являются частью сыновнего долга. В этом состоит неоплатный долг перед поколением отцов. Бесценным капиталом нашего родительского дома были доброта и честность. Временами такая честность казалась мне какой-то нечеловеческой и болезненной. Но позже, когда я лично увидел множество пороков жизни, то понял, что эта честность была правильной, такой, которая присуща если не всему человечеству, то самой лучшей его половине. Как жить, если не видеть лжи и не говорить правды? Неся вечную ответственность за несовершенство наше, отцы, явившиеся земными творцами своих детей, станут, наверное, защитой своих детей перед Создателем. Отец – это первый учитель в постоянной жизненной школе воспитания души, Он был мерилom, которым мы определяли и измеряли правоту наших мыслей и праведность поступков. Учитель выпалывает сорняки в омраченном разуме и дает взрасти

чистым всходам, открывая доступ лучам просветления. Отец – это неутомимый проводник по туманным тропам и скользким кручам жизни, ведущий в миры все более высокие. А в высшем мире царит закон: отдавать и служить. Отец говорил: «Счастье не в том, чтобы брать; счастье в том, чтобы давать». Я поздно начал понимать, как много дал мне мой Отец, и очень жалею, что не всегда слушался его наставлений. Когда я думаю об Отце, приходит удивительное и странное чувство: чем дальше он от меня по времени, тем ближе в мыслях, и чем дальше его образ, тем он становится крупнее, то же самое происходит, когда я думаю о Матери. Мне казалось, что ребенок привязан к родителям в раннем, юношеском, может быть, чуть во взрослом возрасте, но, оказывается, чем дольше ты живешь, тем больше ты думаешь о них, и скучаешь по ним, соизмеряешь свои шаги, насколько они правильны. Какие бы прекрасные фразы не сказал сын во время похорон Отца, они прозвучат запоздало и не будут услышаны тем, кому предназначались. А в сердце сына останется горечь и раскаяние. Видимо, сын, еще при жизни Отца обязан говорить идущие от сердца слова, благодарить Отца, учиться у него, почитать его, и все равно после ухода родителя из жизни останется чувство вины и ощущение чего-то недосказанного, чего-то очень важного, самого последнего слова.

Отец очень мало говорил с нами о жизни, почему? Почему мне невдомек, с какими главными мыслями прожил Отец свою жизнь. После смерти отца, когда передо мной стоял вопрос выбора, отчасти гамлетовского «быть или не быть», не всегда находил правильные ответы, а потому искал совета, и в силу своей доверчивости порой приходилось слушать не совсем порядочных людей и набивать большие шишки на голове. И тогда, и сейчас мне не хватает мудрых слов отца. «Один отец значит больше, чем сто учителей» (Джордж Герберт, английский прозаик, эссеист). Не всегда знаешь, во что надо верить? В книгах пишут, что верить надо в то, что прошло испытание временем. Какие-то традиционные законы, разумеется, устарели, но нельзя забывать, что многое в религиозной морали сохраняет свою значимость для человека. Мухаммед подчеркивал милосердие, которым Аллах правит миром, и призывал к братству. Иисус учил сочувствию к бедным, любви к ближним и даже врагам, призывал к прощению, миролюбию, смирению. Буддизм учит непротивлению злу, дружелюбию и самоотречению, необходимому человеку. Лао-Цзы (древнекитайский философ), учит, что не эгоистическое поведе-

ние в итоге приносит больше счастья, чем эгоизм. Конфуций (мыслитель и философ Китая) верил в доброжелательность и альтруизм и т.д., и, конечно, надо верить родителям. Также пишут, что справедливость, смысл жизни, доброту нужно рождать самому, ни на кого не перекладывая, как мать не перекладывает роды своего ребенка. Наверное, так! Но в последнее время религией тоже стали манипулировать, появились новые течения в исламе: ваххабизм, салафизм и другие. Для осуществления своих корыстных целей эмиссары этих направлений используют молодые неокрепшие души, поэтому к этим вопросам нужно подходить с осторожностью. Говорят, что в Западный Казахстан исламская религия пришла из Татарии и Башкирии, получив впоследствии мощную поддержку таких ярких представителей своего времени, как Измухамбет молда, дедушка Бакыт-кожи Измухамбетова, нынешнего акима Атырауской области, и Улукпан молда, который жил в поселке Бейбарыс (ранее Чкалово). Сейчас там живет внук Улукпан молды – Ермек, он одноклассник моего брата Максута. Помню, Ермек с ранних лет водил автомашину, возил своего дедушку Улыкпана. Измухамбет молда и Улукпан молда закончили медресе, один в Уфе, другой в Казани. Те каноны ислама, которые существуют в Казахстане, в том числе в Западном регионе, годами передавались из поколения в поколение, и их нельзя разрушить. Я думаю, истина восторжествует! Во многих мудрых книгах пишут, что человеку на земле дается испытать всего понемногу: радости и горя, гнева и спокойствия, обид и прощения, власти и рабства, унижения и гордости, знаний и невежества, неволи и свободы. И еще, мне кажется, если человек не прошел эти испытания в молодости или во взрослой жизни, то придется столкнуться с ними в старости. Вероятно, от реакции человека на подобные испытания зависит его земная судьба. Но пишут, что и в земной жизни, человеку даются шансы на исправление уже сложившейся судьбы. И вот тогда-то многие и слепнут, не умея разглядеть знак, вдобавок еще и глохнут, не желая слушать предостережения внутреннего голоса. Недаром казахи говорят, что, иногда приходящие гости несут с собою знамения, и что из сорока гостей один может оказаться святым Кыдыром. Казахи, давая благословение (бата) своим родным и близким, желают, чтобы Кыдыр ата помог им дороге: «Жорытқанда жолын болсын, Кыдыр ата жолдасын болсын». Помню, во время моей учебы в Уфе, в нефтяном институте, Отец писал мне очень теплые, содержательные письма. К сожалению, они не сохранились, но их

содержание и слова, которые остались в моей памяти, я постарался привести в своих воспоминаниях. Отец всегда умел ценить и хранить слово, сказанное искренне, от души. Казахи говорят, что у слов, есть душа, собственная энергетика. Аура слов, как и у людей, бывает светлой и темной, чистой и грязной, горячей и холодной, дружелюбной и агрессивной, и поэтому, видимо, нужно очень осторожно обращаться со словом. Ведь каждое слово имеет множество уровней понимания. Поэтому иногда лучше помолчать, чем что-то говорить невпопад. «Учи своих детей молчать, говорить они научатся сами» – не зря сказано, еще у Расула Гамзатова есть на эту тему изречение: «Человеку нужно два года, чтобы научиться говорить и 60 лет жизни, чтобы уметь держать язык за зубами». Когда Отец покинул землю и отправился к своим предкам, и потом чуть позже, когда мой возраст уже подходил к пятидесяти годам, я стал задаваться вопросами: «Кто же мои предки? Где они жили? Где похоронены? Как служить их памяти? Как сделать так, чтобы дети и внуки, когда у них появится желание узнать про своих предков, не столкнулись бы с трудностями?». Я стал искать могилы предков, расспрашивать родных, знакомых, об Отце, о дедушках, бабушках и других родственниках. Найдя могилы дедушек и бабушек, мы обновили их вместе с братьями и родственниками, провели в их честь поминки. Чуть позже появилось желание написать про них книгу, и поскольку я не обладал писательским талантом, стал обращаться к именитым писателям. Первый, к кому я обратился, был писатель, драматург, Берик Коркытов, чей дедушка нарек моего отца своим именем – Коркыт. Потом я обращался к другим писателям, не менее именитым, но что-то не получалось, и тогда я понял, что кроме детей никто не напишет об Отце лучше. «Чтобы узнать истину, надо выдумать миллионы заблуждений» (О. Уайльд), и мне пришлось через это пройти, прежде чем сесть за стол. Надо отдать должное супруге Майре Джумагалиевой, когда я, не найдя людей, не знал что делать, она посоветовала мне самому взяться за написание книги и даже показала пример, выпустив книгу про своего отца, в последствии она помогла мне давая советы и исправляя ошибки. И вот в подходе к возрасту пророка Мухаммеда, взял в руки перо, решился написать, а точнее составить книгу и представить на строгий, но, надеюсь, доброжелательный суд читателей. Дамет апа, сестренка Отца, говорила: «Люди не всегда оборачиваются и не смотрят в прошлое. Если бы обернулись, то увидели бы запутанные, неразборчивые следы». Мне тоже появилось

желание сделать то, что она говорила. Оглянувшись назад увидеть запутанные, неясные следы, которые кому-то нравятся, а кому-то нет. Если следы жизни моей семьи будет поучительным будущему поколению, то я достиг своей цели... В поэме Р. Рождественского «Реквием» есть такие слова: «Это нужно не мертвым, это нужно живым», и в унисон звучит высказывание Франсуа Рене де Шатобриана: «Живые не могут ничему научить мертвых, зато мертвые учат живых». Эти изречения говорят сами за себя. Приношу слова глубокой благодарности всем родным и близким за то, что они откликнулись на нашу просьбу и прислали свои воспоминания об Отце, о Матери, о нашей семье. Отдельно, хочу выразить благодарность Галиму Уразбаеву, Гани Ментаевичу Карину, заслуженному деятелю Казахстана, члену Союза журналистов Р.К., Людмиле Павловне Петриченко, члену Союза журналистов Р.К., Бисенбаю Бисенгалиеву, почетному геологоразведчику Республики Казахстан, племянницам Марияш Сатимовой и Алие Наурзалиной всем родным и близким за дельные советы и действенную помощь в составлении и выпуске данной книги. И вместе с тем приношу свои извинения тем, кого упомянул весьма бегло в своих воспоминаниях, а кто-то незаслуженно оказался вовсе обойденным. Трудно сделать это в одной книге, как нельзя объять необъятное. То, что я не сумел отразить в своих записях, дополнено людьми, приславшихся своивоспоминания для этой книги. Может быть, перечисление имен, дат несколько наскучит читателю, но счел это нужным, поскольку данная книга пока первая в нашем роду, и в ней изложена история всего нашего рода, до седьмого колена. У казахов кто не знает свой род до седьмого колена, тот сирота... Возможно, много места уделил своей скромной персоне, но так уж получилось, что все эти встречи, знакомства, продолжение истории нашего рода, а я один из потомков. История человеческой деятельности – это непрерывная цепь передач «факела опытных, менее опытным». Какие бы ни были времена, эти аксиомы вечны. В знании истории рода нуждаются многие родные и близкие. По возможности, я приводил цитаты, ведь логично привести подтверждающие высказывания других лиц, в особенности, если они выражены в яркой форме и принадлежат авторитетному человеку. Наверно любой пишущий человек использует в своих произведениях мысли или высказывания мудрых, известных людей. У Гете есть такие слова: «Я часто снимал жатву, посеянными другими, мой труд – труд коллективного существования». Конечно, есть опасение, как

сказал Н. П. Акимов (советский театральный режиссёр и педагог): «Подбирая умные цитаты, выступления, следи за тем, чтобы твои собственные мысли не звучали слишком большим контрастом к ним», но Блез Паскаль (французский математик, физик, философ) подсказал: «Делай, что должно, и пусть будет, что будет». Иногда бывает так, что думаешь, ищешь подходящие слова, предложения и вдруг они сами приходят к тебе. От этого озарения испытываешь радость. Но, открыв какую-нибудь книгу и увидев напечатанную там свою мысль, поражаешься не тому, что кто-то додумался до тебя, а тому, что мысль эту ты знал и раньше, но не понимал. И только пройдя тот путь, что ведет к этой мысли-истине, ты впитываешь ее, и, несмотря на то, что, до тебя были найдены слова, передающие ее смысл и глубину, она остается твоей, это твоя мысль, твоя истина. По этому поводу, опять Блез Паскаль говорит: «Никогда не следует думать, что нечто пришло Вам в голову первому». Когда я начал писать эту книгу, часто срывался, «рука не шла». Говорят, что режиссер должен умереть в актере, т.е. воплотиться в его действия, так и писатель, когда пишет книгу, вживается в роль своего героя, а мой герой – мой Отец – личность неординарная, сильная. И тут стал понимать, как ничтожно мало знаю об Отце, про его жизнь, про его детство, юность, и стал жалеть, что при его жизни не использовал и миллионной доли того, что было даровано судьбой. Нам всем всегда не хватает последней минуты для прощания с Отцом. Мы долго еще не можем понять высоты их духа, еще не способны оценить в полной мере их мужество. Они жили среди смертей, но не теряли жизнелюбия, сочувствия и доброте к ближним, а мы живем в мирные дни и черствеем душой, сознавая это, но ничего не делаем для того, чтобы пробудить в себе милосердие. Источник зла есть тщеславие, а источник добра – милосердие. Отец говорил: «Рассудить двух людей – есть милосердие, помочь человеку сесть в седло и поднять ему его мешок – есть милосердие; и доброе слово, сказанное в благодарность, и короткий ответ вопрошающему – есть милосердие; и удаление того, что причиняет неудобство людям – терновника или камней с дороги – есть милосердие. Милосердие – это когда вы приветливо улыбаетесь брату своему; Милосердие – это когда вы побуждаете человека к доблестным поступкам и удерживаете от незаконных дел; Милосердие – когда вы указываете дорогу людям, потерявшим ее, и когда вы помогаете слепому».

ОБ ОТЦЕ

Смутно помню последнюю ночь, когда я был с Отцом в больнице, это было с 27 на 28 марта 1979 года, а уже следующей ночью, с 28 на 29 марта, Отец впал в кому. Спешно привезли маму из поселка Чкалово. Под утро Отца не стало...

И вот Отца уже нет... но, видимо, так устроен человек, что не сразу это понимаешь, осознаешь всю глубину, необратимость случившегося. Только по истечении времени осознаешь, что Его уже действительно нет. Перед глазами всплывают обрывки воспоминаний о Нем.

Отца я помню примерно с пяти лет. В моей памяти осталось, как мы с бабушкой Марьям, в 1957 году плыли на пароходе из Есбола (ранее Кулагино) в Сарайшык, в том году было сильное наводнение, дороги все размыло и приходилось добираться по реке Урал на пароходе. Помню, все были заняты борьбой с наводнением, особенно мама, она выдавала пустые мешки для песка на строительство заградительного вала.

Тогда мне было пять лет, и кажется, именно тогда осознанно понял, что у меня есть еще и родители. Дело в том, что меня в 40 дней от роду отвезли к родителям мамы в поселок Есбол. В то время наша семья жила в поселке Сарайшык. (Когда-то на месте поселка Сарайшык стояло древнее городище, через которое проходил Великий Шелковый путь). Мама работала заведующей складом, а отец председателем сельского совета поселка Сарайшык.

После, когда мы с братом Максutom учились в начальной школе в Сарайшыке, в наши обязанности входило содержать большой двор в чистоте, приносить воды в дом (воду мы носили с реки Урал), кроме того, мы должны были обеспечивать сеном и дровами, которые мы косили и рубили на другом берегу Урала. Вот так нас воспитывал Отец, приучая к труду и порядку, но вместе с тем он учил нас доброте, как сказано: «Доброта отца, как гора, высока; любовь матери, как море, глубока». Конечно, в то время мы были не совсем довольны, но, видимо, суровость воспитания в сочетании с добротой в дальнейшем помогло нам быть физически сильным, выдерживать жизненные перипетии, ценить саму жизнь и, как говорят в боксе, держать удар. Отец любил одеваться в полувоенную форму: плащ-накидка или кожаный плащ, штаны-галифе, на голове армейская фуражка. Он был требовательным, честным, напористым. В быту Отец

был крайне аккуратен, опрятен и подтянут. Помню, у него были хромовые сапоги, мы чистили их до зеркального блеска, а бурки чистили зубным порошком до белизны. Отец очень любил лошадей. Порой он чувствовал себя неважно и лежал в постели, но узнав, что пригнали очередную лошадь, тут же вставал, чтобы посмотреть ее. Отец всегда готовил лошадей к конным соревнованиям, в то время эти соревнования проходили часто: седьмого ноября, первого мая, девятого мая, в День работников сельского хозяйства и т.д. Готовить лошадей к скачке – это огромный труд и большая наука. Помню, у нас во дворе была какая-та подсобка, где стояла печь, и разогретую бегом лошадь вводили в эту подсобку, где было жарко как в бане. Лошадь укрывали несколькими попонами, и отец то ли ложкой, то ли пальцем пробовал пот, катящийся градом с лошади, до тех пор, пока солонватый пот не становился пресным или почти пресным. Но на этом процедура не заканчивалась, нужно было постепенно снимать попоны, оставляя одну, после чего лошадь целый день стояла в стойле. Обычно Отец готовил пару, а иногда и трех лошадей, и это была его, своеобразная фишка. Лошадей начинали готовить за 3-4 месяца до конных соревнований, и такие процедуры проделывали несколько раз, попеременно тренируя их, то на длинные, то на короткие дистанции. Одна из таких лошадей готовилась на призовое 1-ое место, а другие должны были помочь ей в этом, не подпуская к ней соперников. Когда к нашей лошади, метившей на призовое место, приближалась лошадь соперника, в игру включались другие наши лошади, их охватывал азарт соревнования, в конечном итоге лошадь соперника уставала, а наша призовая лошадь, бежавшая позади, вырывалась вперед и занимала лидирующую позицию. И вот, когда на скачках наша лошадь приходила первой, радости отца, как и нашей, не было предела. Тогда призы не были такими ценными как сейчас, и Отец, добавляя свои деньги, раздаривал их (так называемый саркыт). Мы с братом, участвуя в этих соревнованиях, вкусили радость победы, с переменным успехом занимая призовые места. Были и курьезные случаи, однажды я перепутал круги на скачках, придерживал лошадь для последнего круга, а скачки-то уже завершились, и остался я ни с чем. Кроме лошадей, у Отца была большая страсть к гончим собакам (тазы), их у нас было где-то 3-5, и для них мама готовила отдельную еду, а спали они вместе с нами. Отец любил охоту без ружья, выезжал на лошадях с гончими собаками, приглашал своих знакомых, особенно после свежеевыпавшего снега «со-

нар», и почти всегда приезжал с добычей. Мне запомнилось еще одно качество Отца – это Его сопереживание (эмпатия), сострадание к людям. Более семисот лет назад Саади сказал: «Если ты равнодушен к страданиям других, ты не заслуживаешь названия человека». Если где-то умер близкий или даже совсем не близкий человек, он первый приходил в этот дом, и брал на себя организацию похорон, и это настолько стало привычным, что при кончине кого-либо, все ждали, когда придет наш Отец и приступит к организации похорон. Сираж Туленов, его родственник-односельчанин, вспоминая про Отца, говорил, что тот подшучивал: «От живых, я не всегда получал благодарности, может быть, от мертвых мне будет хвала». Говоря это, мне кажется, Отец, чуть-чуть лукавил, потому что на похороны Отца, собралось около тысячи человек, а автомашин насчитали более 60 единиц (в те годы автомашин было не так много как сейчас). Не это ли почтение, большое уважение к нашему Отцу. Мне кажется, что даже враги (если они были) пришли на похороны, чтобы почтить за его человечность и порядочность. В памяти остался один эпизод: перед отъездом в больницу Отец попросил Сиража откормить и зарезать одного коня на его поминки. Так вот этот конь за день до смерти Отца, убежал из конюшни и прибежал на подворье нашего дома... Видимо, есть вещи, которые неподвластны нашему разуму. Отец ничего нам не рассказывал нам о себе, но многим известно, что весь груз своей жизни он нес сам, не перекладывал на чужие плечи, а груз этот был тяжел. Родился Отец в 1912 году в поселке Орлик. Свою трудовую деятельность начал в 1929 году, 17 летним подростком, работал рабочим в рыбной промышленности, в 1930-1941 годах работал секретарем профсоюзного комитета в овцеводческом совхозе Эмбанефть, а затем в Индерского (ранее Испульского) райкома комсомола, в Жилыойском (ранее Эмбинском) районе и на других предприятиях Атырауской (ранее Гурьевской) области. В армию Отец был призван в июле 1941 года из Жилыойского района. С войны Отец вернулся на родину в мае 1946 года и сразу же включился в работу, стал работать главным бухгалтером финансового отдела Испульского района, а затем и заведующим. В 1947-1952 годах заведующий финансово отдела, председатель планового комитета в Махамбетском районе, в шестидесятых, семидесятых годах – секретарь партбюро совхоза Чкалова, председатель сельского совета поселка Сарайшык. В последние годы, перед выходом на пенсию, Отец руководил отделом кадров совхоза «Первомайский». После когда Отец

Для некоторых родных в нашем роду характерны некоторые черты горячности, резкости, в некоторых случаях – отсутствие должного терпения, скоропалительности, опрометчивости во время принятия решений. В повести О. Бокеева «Крик», есть такие слова отца, обращенные к сыну Аспану: «Сын, никогда не повышай голоса, криком добьешься немногого. Я – жертва крика, и пусть на мне оборвется эта цепь». Терпение – одно из наиболее восхваляемых качеств человека не только в коране, но и в библейских текстах, и около библейской литературе. Вероятно, умение выжидать не менее необходимо и тому, кто хочет преуспеть. Порой дует неблагоприятный ветер и приходится лавировать, чтобы войти в гавань. И поэтому, дети, будьте терпеливыми. Я много страдал в жизни из-за игнорирования этими правилами-постулатами, в некоторых случаях это стоило мне понижением в должности, были и другие непри-

ятности. Постарайтесь привести свои нервы в порядок, поработайте над собой, не забудьте обследовать щитовидку, симптомы этой болезни не совсем утешительны, а в наших семьях есть такой риск! Не будьте ленивы, старая поговорка гласит: «Лень – мать всех пороков». «Человек глупый, осознавший свою глупость, уже не так глуп, но ленивец может осознать свою лень, сетовать на нее и при ней остаться», – (Жюль Ренар, французский писатель) Проявляйте настойчивость! Если вы будете всем говорить «да», то окружающие начнут воспринимать ваши услуги как должное и с легкостью начнут злоупотреблять этим. Не уподобляйтесь «хорошему парню», который ни в чем не отказывает. Такие люди удобны, но не вызывают уважения и в то же время будьте милосердны! «Баланс» черт характера можно выразить поговоркой: «Сладок будешь – расклюют, горек будешь – расплюют». Как-то Л.Н.Толстой заметил, что один из самых обычных и ведущих к самым большим бедствиям соблазнов есть соблазн словами: «Все так делают». Закон действия и противодействия равно и противоположно распространяется и на человека: что творишь, то и пожинаешь. Например, в природе: сколько бы мы ни сеяли сорняк в надежде вырастить пшеницу – толку не будет. Будда учил, что источником и первопричиной всех бедствий человечества и главным угнетателем его является ограниченность и невежество – величайшее зло: оно заставляет человека ценить то, что недостойно быть ценным, и страдать там, где не должно быть страданий. Невежественный человек находится в погоне за ничтожными ценностями и пренебрегает действительно ценным – знанием тайны человеческого бытия. Как ржавчина, появившаяся на железе, поедает его, хотя она из него возникла, так и собственные дурные поступки приводят к несчастью (так говорил Будда Гаутама две тысячи шестьсот лет тому назад). Внимать словам мудрого и внушать другим любовь к истине лучше, чем исполнять предписания закона (изречения Мухаммеда, не вошедшие в Коран). Известно, что характер формируют три фактора: наследственность, общественная среда и самовоспитание. Человек должен как можно больше знать о своих генах, о характере их проявлений в различных условиях, только это может способствовать усилению или ослаблению как «хороших», так и «плохих» генов. Запомните, в природе ничего не бывает идеальным, в том числе и человек, принимайте все таким, как есть, как говорят, у каждого «свой скелет в шкафу». У Шри Чин Мойя (индийский философ) есть

такие слова: «Вчера я был умным и хотел изменить мир, теперь я мудр, вот почему я меняю себя». Помню, Отец внушал нам, что жизнь изменчива, что нет на свете ничего постоянного, поэтому не задирай нос, став каким-нибудь руководителем, а будь вежливым и тактичным с людьми. Помните завет Сервантеса (испанский писатель) – «Ничто не стоит так дешево и не ценится так дорого, как вежливость. Так будем же взаимно предупредительны, взаимно вежливы и взаимно обязательны». Жаль, многое из этих постулатов я понял поздно, когда уже большая часть жизни прошла, но может быть, будущие поколения прислушаются к этим советам. Когда я учился в Уфимском нефтяном институте, нам читал лекции корифей нефтяной науки, известный академик Азат Халилович Мирзаджанзаде. Обычно он устраивал интеллектуальные разминки, рассказывая интересные истории из жизни великих композиторов и других известных людей. Он был научным консультантом докторской диссертации моего учителя академика Мидхата Рахматуловича Мавлютова. Жаль, что их уже нет в живых, хотелось бы привести слова А.Х.Мирзаджанзаде: «Я подхожу к возрасту 73 лет, в этом почтенном возрасте полагается подвести итоги; тем более, что будущее уже позади. Я ничего не достиг и ничего не добился. На социальной лестнице я остался внизу, богатство я не нажил и семью не создал. Но скверно не все это, а скверно то, что обо всем этом я нисколько ни сожалею. Это по причине отсутствия амбиций. Меня всегда упрекали в том, что у меня нет уважения ни к высокопоставленным особам, ни к деньгам. Я встречал людей, перед которыми я преклонялся, и встречал много отбросов человечества. Я получал удовольствие, когда розданные мною идеи доводились до логического конца и получали признание у научной общественности, и с большим экономическим эффектом были реализованы в практике. Я горжусь своими многочисленными учениками во всех странах СНГ, а также в зарубежных странах: Сирия, Иордания, Египет, Ирак, Вьетнам, ФРГ, Болгария и т.д. Мне представляется, что сделал я много, но мог бы еще больше. Короче говоря, я работал по принципу «взять-отдать». В шутку можно сказать, по принципу «фактор четыре»: «взял в два раза меньше, отдал в два раза больше». И в этом мне помогали все три атрибута, которые приводила Ш. Ауэрбах (британский генетик, член Лондонского королевского общества), сравнивая жизнь человека с игрой в карты. Гены – это карты, данные мне богом и родителями; это карты – в руках у

людей, с кем я играю – это окружающая среда, мои ученики, студенты и коллеги по работе, а главное – великие учителя по жизни; и случай». Конечно, я далеко не академик, но его размышления мне по душе, и созвучны с моими мыслями. Как пишет Ю.Трифонов (советский писатель): «...читателю, ищущему в книгах средства для самовоспитания, надо попробовать осилить, например, Достоевского и Тютчева». Очень поучительны слова Ричарда Баха (американский писатель, философ и публицист): «События, которые вторгаются в нашу жизнь, какими бы неприятными для нас они ни были, необходимы для того, чтобы мы научились тому, чему должны научиться». Вероятно, имеет основание то, что древние в бронзе отмечали: «Познай себя и ты познаешь весь мир!». Карл Маркс писал: «В жизни каждого человека бывает шанс подняться на высшую ступень, но некоторые не замечают такого шанса». Каждому дано свое испытание в жизни, кого-то Создатель испытывает достатком, кого-то – нищетой. Есть хорошее и емкое слово «тауба» – это и раскаяние, и в тоже время благодарение Создателю за все, что Он милостиво дает, и видимо, не надо требовать большего. А может, большего и не положено? В распределении материальных и духовных благ есть, отчасти, какой-то высший смысл, и небесная бухгалтерия никогда не ошибается. Порой мне кажется, что Создатель, давно расчертил для каждого из нас звездную карту судеб, чтобы уберечь души от распада и кто противился ее воле, проходит новый срок перевоспитания на неких нижних этажах. Это подтверждает Евгений Примаков (российский государственный деятель) который сказал: «Всеми заслугами на всех постах я обязан своей судьбе, которая вела меня по жизни». Многие люди излишне усердствуют в достижении каких-либо результатов, и их настойчивость не приближает, а наоборот отдаляет их от успеха. Иногда конечно бывает грустно думать об ушедших годах, особенно, если эти годы прожиты не так, как можно было, и не так, как должно было быть, наверно редко кто не жалеет о прошедших годах, Но что делать? Прошлого уже не вернешь, а может и не надо. Жаловаться на новые времена и молодежь, наверно, не стоит, тем более это не новость. Сократу (древнегреческий философ) приписывают слова: «Нынешняя молодежь привыкла к роскоши, она отличается дурными манерами, презирует авторитеты, не уважает старших, дети спорят с родителями, жадно поглощают пищу и изводят учителей». В древнеегипетском папирусе написано: «Мир сильно из-

менился, каждый хочет писать книги, и дети не слушаются своих родителей», надо полагать, что и в будущем будут такие ссылки на «прошлые хорошие времена». «Все это уже однажды было», – сказал Бен Акиба (еврейский ученый). Еще один вопрос я хотел затронуть – это умение объективно оценивать и воздавать должное даже тому, что тебе чуждо и активно не нравится. Спиноза (нидерландский философ-рационалист, натуралист) говорил, что не надо ни оправдывать, ни осуждать, а понимать. «Надо уметь восхищаться тем, чего не любишь», сказал однажды Гюстав Флобер (французский прозаик-реалист). Л.Н. Толстой писал: «Трудно победить дурное расположение духа и недоброжелательность к человеку, но можно. И если хоть раз удастся, то испытаешь такую радость, что захочется испытать в другой раз». И самое главное, когда спросили успешных людей, что способствовало их росту, они ответили: «Деловые качества, в том числе рискованность и выбор супругов»...., Все понятно, наверное, без слов! Больше всего недоразумений между супругами, как показал анализ американских психологов, возникает из-за невкусно приготовленной пищи, беспорядка в доме! А это уже как повезет и на ваше усмотрение: «Честно говоря, я люблю богатых людей. Не потому, что я им завидую или стремлюсь иметь лишнюю машину и золотую ванну. Люди, которые не думают, как им прожить завтра, не завидуют чужому счастью, достатку, они уверены в себе. Достаток делает человека свободным и независимым. А только свободный человек может найти в себе желание следовать древнейшим заповедям и искать высший смысл жизни. Я за то, чтобы люди были богатыми», – так сказал Владимир Цветов (международный обозреватель). А еще мне кажется, нельзя забывать и слова Франческо Петрарки (итальянский поэт): «Иди своей дорогой, и пусть другие говорят что угодно».

«Не беда, хоть заблудился – лишь бы шел своим путем,
Лишь бы за свои ошибки не винил других потом.

А начнешь валить на прочих то, в чем по уши виновен,
Гнев людской тебя достанет справедливым острием».

М. Акмулла, башкирский поэт.

Где-то я вычитал: « Не говори Богу, что у тебя есть проблема. Повернись к проблеме и скажи, что у тебя есть Бог» и еще « Если Бог с тобой, неважно кто против тебя». Поистине золотые слова!

ПОСЛЕСЛОВИЕ

У казахов есть такое мудрое изречение: «Хороший отец для сына – 40 лет достатка». Суть данного изречения понял позднее, когда уже не стало Отца. Приезжая в родные места, аксакалы и другие почтенные люди, знавшие Отца и Мать, узнав, что я их сын, усаживали меня на почетное место, говоря при этом, что мои родители были достойными людьми, и меня переполняла гордость за них, мне самому хотелось стать достойным сыном своих родителей.

Недавно нам пришла радостная весть; одну из улиц в районном центре Махамбет, Атырауской области, решили назвать именем Отца, эту новость мы ждали несколько лет, как видите, проблема решилась, потому что бог с нами! Дерзайте, дети!

Заканчивая книгу, хотел бы сказать благодарность Создателю, что он дал мне такую возможность, Отцу и Матери, за все хорошее, что они мне дали, моим родным и близким, моим Учителям, моим друзьям, всем, всем!!!

И закончу отрывком из стихотворения Олжаса Сулейменова, посвященного матери, мне кажется, это кредо многих наших предков и их потомков:

«О чем эта дорога?

Если прав,

будь с гордым горд:

он не отец порока,

будь с робким робок:

он тебе не раб.

Я так и поступал, клянусь, дорога.

Не всем, кто ждал, помог,

ведь я не бог.

Что в силах одинокого поэта?

на все вопросы не нашел ответа,

но людям я не лгал,

хотя и мог...»



Зымыраған жылдардың қанатында,
Естелік боп жан Әке барасың ба?
Ардақтысын сағынған туған елі,
Есіне алсын, кітапқа қарасын да.

Жылдар жылжып, асығып айлар өтті,
Артыңдағы ұрпағың өсіп, жетті.
Көзден кетіп қалғанмен өз бейнеңді,
Жүректерден емші-уақыт өшірмепті.

Лаулаған намыс оты жүрегінде,
Еліңнің туған жан ең тілегіне.
Өзіңнің өсиетің кейінгіге,
Сақталар ұрпағыңның жүрегінде.

ТУЫСҚАНДАР ЕСТЕЛІКТЕРІ

Немере қарындасы Дәмет Әбілқызы

1932 жылы Шалданың Әбіл деген ұлынан туған. Руы Беріш Бегіс Сатимов Балтабаймен отбасын құрып, сегіз бала тәрбиелеп, екеуі бірге 2003 жылы қаңтар айында дүниеден өтті. Ұрпақтары Атырау облысы Индер ауданының Жарсуат ауылында тұрады.

Мен Қорқыт тәтемді ең алғаш көргенімді әлі ұмытқаным жоқ. Біз сол кезде Үшоба деген жерде тұрдық. Көз алдымда оның әкемді «Әппаға» деп құрметтеп айтқаны әлі күнге тұр. Кішкентаймын ғой, қайдан келе жатқанын білмеймін, қыстың күні, үстінде қара пальтосы бар, үйге келді. Сол пальтосын «Әппаға, сен киіп жүрші» деп әкемнің иығына жауып кетті. Өзі қалай кеткенін білмеймін, бауырмалдығы ғой, ағасына үстіндегі киімін шешіп беріп жүргені.

Кейін соғысқа кетті. Отпускіге келгенде, қазіргі «Көктоғаймен» екі ара телегей-теңіз су, көктем уақыты, ауылдағылардың бәрі алдынан шықты. Әкем бар, барлық інілері қос ат жетектеп күтіп алды. Есімде қалғаны, алдынан шыққандардың бәрі жылап жүрді. Соғыстан тірі келгеніне қуанғаннан жылаған екен ғой, қазір ойласам. Біздің үй сол кезде қазіргі Шеркеш бейітінің маңында болатын. Ауылдағылар жібермей, қонаққа шақырды. Біздің үйге бір қонды, тағы басқа үйлерге барды. «Ескі Андрейге» (қазіргі Кулагино селосы) Кіштай ағамның (Айтмырза) үйіне баратын болды. Одан көп ұзаған жоқ, Германияны қалпына келтіруге қайтадан аттанды. Сол жақтан бізге посылка салатын. Бәрімізге арнап бірнәрсе салады, сол посылка келгенде біз шала байып қалатынбыз. Қанша алыста жүрсе де, ауылдағы туғанын бір сәт те болса есінен шығармағаны ғой. Бауырмалдығына өлшем жоқ болатын. Жетім-жесірді айрықша қамқорлады. Өкпе-реніш дегенді ешқашан ұзақ сақтап, әңгіме арқауы етпейтін. Сондай бір кеңпейіл адам еді. Осы сөзімнің дәлелі болсын, мына әңгімені айта кетейін. Әкемнің ағасы Байзақ деген кісіні біз Бапа деп атадық. Ол кісінің бірінші әйелі Ілмекеш анамыз оныншы баласын босана алмай, қайтыс болғаннан кейін, Бапамыз Науша дегенді әйелдікке алады. Көп баланың үстіне келген әйелге сіңіп кету аса қиын болған шығар, анық-қанығын, не жағдай болғанын қайдан білейін, ұзамай Науша Бапамнан кетіп қалады. Көп жыл өткен соң, жалғыз қалған Наушаны Қорқыт тәтем алып келді. Баяғы өзінің әкесінің әйелі, анасы есепті адам ғой, сол Наушаны өз қолынан қойды.

Өрлікте балалар үйінде Бітір тәтем директор болып жүргенде, Қорқыт тәтем бір жетім баланы өз қамқорлығына алып, Байзақов деп фамилиясын жазғызып, асырап алыпты. Аты Төлеген. Жетімдік деген адамның еңсесін езіп жібереді екен ғой, әлгі бала Шеркешпін деп пана тұтып келген екен. Тәтем осындай, тіпті танымайтын адамға да өз қамқорлығын аямаған жайсаң адам еді.

Соғыстан келгенде аппақ кителі болды, екі иығында погоны бар. Баламын ғой, үйде ешкім жоқта керегенің басында ілулі тұрған кительді алып өлшеп қарайтын едім. Бала менің қолыммен өлшегенде екі қарыс белі. Қалай сиып тұрды екен деп ойлаймын қазір. Өте таза, сергек жүретін. Қыстың күні аппақ қармен беті-қолын, денесін ысқылап, жұлқынады да жатады. Мен сондай қызығатын едім. Басқасын былай қойғанда аяқ киімін таза ұстауының өзі ерекше еді. Етігін шөткелеп алып, мақпалмен ысқылайды келіп. Жарқырап тұратын еді. Өте ұқыпты, таза адам еді. Әкеммен екеуі аңға шығатын. Бірде қара ала тазымен аңға шығып, бірнеше түлкі алғаны есімде. Үйге келгенде әлгі тазының тұмсығын түлкі талап тастаған, сау-тамтығы жоқ. Қатты сүйсініп, тәтем: «Әппаға, мына тазы өлгенде маған хабарла, өзім ақ жуып, арулап көмем», – дегені бар. Ал атқа келсек, біздің тұқымда аты жоқ ешкім болған жоқ. Және атты өте қадірлеп, баптап ұстады. Тәтемнің жары Әсия ғажап адам болатын. Әсия – тек бір Әсия ғой! Ол түнек болуға лайық адам. Ешқашан тарылған жоқ, қонақ әкелдің деген жоқ. Әйел болып қызғаныш білдіріп, реніш айту деген жоқ еді Әсияда. Ер адамның жақсы азамат болуына әйелдің көп көмегі керек екен ғой. Әйелің жақсы болса қорлық жоқ екен. Әсия менің тәтеме осы көмекті қылған әйел. «Атың жаман болса сатып құтыларсың, әйелің жаман болса қайтіп құтыларсың» демей ме? Тәтем өзіне лайық жар тапқан нағыз азаматтың өзі еді. Кейінгі балаларға «Әйелдерің Әсиядай болсын!» – деп тілек айтар едім. Соғыстан кейін тәтем райфинотделде жұмыс жасады. Қайда жүрсе де жоқ-жітік пен жетім-жесірді, ағайын-туманы қамқорлаумен жүрді. Ол кісінің ауылға келгені той болатын. Бар ағайын қуанып, төбесіне көтеретін. Балаларым: «Менің нағашым- батыр, кеудесі толған орден мен медаль», – деп мақтанатын.

Біздің ауылдың үлкені бол, кішісі бол өзінен үлкеннің бәрін ерекше құрметтейтін. Қазір есіме түсірсем, Әппаға деп менің әкемді, Ақкөке деп Қорқыт тәтемді, Кіштай аға деп Айтмырза ағамызды атайтын. Ал жеңгелерім мені Кішкенекыз дейтін. Бұның өзі үлкенді

сыйлап, алдынан кесе өтпеген кішілік пен кісіліктің үлгісі екен ғой. Қазір үлкеннің атын аға дегенді қосып атай салатын болды ғой. Менің Әкеме, Анама, өзім үлгісін көрген тәтелеріме қойған ескерткішім деп ойлаймын, балаларымның үлкендерін кішісі Көке, Аға, Тәте, Кішкентай аға деп атап өсті. Қорқыт тәтемнің балалары да жақсы әкенің тәрбиесіне сөз келтірген жоқ. Мақсот шеттеу жүрген соң ба, көп араласа алмады. Қызмет бабы да сондай ғой. Бірақ өңінің жұқалығы, түр-кескіні тәтемнен аумайды. Оны көрсем өз анамның Қорқыт тәтемді «Жұқа бала» деп атағаны есіме түседі. Ал Мараттың бауырмалдығы тәтемнің өзін, бар қылығын есіме салады. Ендігі тілегім – балаларына сол кісінің қайырымдылығын, бауырмалдығын, бар жақсы қасиеттерін бергей-дағы...

Балдызы Яролла Батыров

«Правда» совхозында жүргізуші болып еңбек еткен. Отбасы Атырау облысы Индер ауданы Кулагино ауылында тұрады.

Мен көргенде Қорқыт жездем 1946 жылы армиядан келген жас жігіт. Дүкенші болып қызмет жасайтын Шолпан апай таныстырыпты апам екеуін. Ол кезде қазіргідей заман емес қой, бар әліміз келгенше той жасап, екеуі үйленді. Мен оларды бақытты отбасы болды деп нық сеніммен айта аламын. Олар көрмеген қиындық жоқ, жоқтық кезде отау құрды, айналадағы ағайын-туған екеуінің қолдауы мен көмегіне өте зәру болды, соның бәріне көмектесуге де, балаларын жеткізіп, аяқтарынан тік тұрғызуға да екеуінің қайрат-жігері жетті. Қызмет бабымен Сарайшықта, Чкаловта, Махамбетте тұрды. Қайда барып тұрақтаса да өз ортасына сыйлы, маңдайалды азамат болды. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» дегеннің дәлелі дер едім апам мен жездемнің өмірін. Ешқашан ауылдағы ағайыннан қол үзген жоқ. Оған екі жақтың бар ағайыны арқа сүйейтін еді, құрметтейтін еді. Ол сол құрметке лайықты жан еді. «Тумақ бар да, өлмек бар». Уақыты жеткенде өмірден өтті. Өзінің айтуымен Чкалов елді мекеніне қойды. Қанша жыл өмір сүргенде емес, әңгіме қалай өмір сүргенінде. Нағыз азаматқа лайық өмір сүрген адам еді жездем. Керемет жомарт, қонақжай адам еді. Талай атқа мінгізіп, бәйгеге де шаптым. Оған еріп Өрлікке барып, талай үйде қонақ болып, қона жатқан күндерім көп болды. Мақсот, Марат, Софья осында оқыды. Балаларының білім алуы үшін барынша жағдай жасады.

Балалары да әке- шешесінің өздері үшін еткен еңбегіне разы шығар. Азамат болды ғой бәрі де. Қайда жүрсе де мені ұмытпай, үнемі жағдайымызды біліп тұрады. Ақша жіберіп, көмектеседі. Бұл да апам мен жездемнің тәрбиесінің жемісі ғой. Мұндай жиендер екінің бірінде болмайды. Соған қарағанда мен жақсы нағашы шығармын.

Балдыз келіні Зайтуна Амирова.

Атырау облысы Индер ауданы Құлагино ауылында дәрігерлік амбулаторияда медсестра болып еңбек еткен. Қазір де сол ауылда тұрады.

Мен бұл шаңыраққа 1959 жылы келін болып келдім. Мені өзі барып құда түсіп, алып келіп еді. Мен келгенде Софья 5-класта, Максот 3-класта, Марат 1-класта оқитын. Жездеміз бізге әкеміздей ақылшы, қамқоршы болды. Біз барғанда алдымыздан құшақ жайып қарсылап, жаны қалмай күтетін. Малың сойып, бар құрметін қылатын. «Мал соймасаң да болады ғой», – десек: – «Сендерге соймаған малды кімге соям», – деп болмайтын. Оларға барсақ, көңіліміз көтеріліп, қуанып қайтатын едік. Қазіргідей молшылық кез емес қой, өздерінің бала-шағасының аузынан жырып, бізге ауыстыратын еді. Сол ниеттеріне болар, балалары да жақсы оқып, ата-анасының үмітін ақтады. Бәрі де абыройлы. Аман жүрсін деп тілеп отырамын.

Жиені Тілекқабылов Төлеш Құрақұлы

Қазақстан Республикасына танымал ұстаз. Индер ауданында бірнеше ағарту мекемелерінің басшысы болған, қазір дүниеден өткен. Отбасы, ұрпақтары Атырау облысының Индер ауданында тұрады.

Мен нағашымның қолынан мектеп бітірдім. «Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей» деген бар ғой. Жап-жас баламын. Менің Қорекеңнен алған тәрбием бүкіл өміріме азық болды десем, артық емес. Сол жылы Кулагиноның пансионатында орын болмай, оныншы класты Махамбеттен бітірдім. Нағашым өте талапшыл болатын. Менің жүріс-тұрысым, киім киісім, оқу үлгерімім, сабақтан қалмауым, бәрі-бәрі нағашымның қырағы назарынан тыс қалмайтын. Үнемі ат үстінде жүретініне қарамастан ол соның бәрін қадағалауға уақыт табатын. Бір оқиға әлі есімнен кетпейді. Бірде үйге түнде кешігіп келдім. Мектеп оқушысымын, өз үйімде жүргенім жоқ, бұл үйдің адамдары алаң болады-ау деген ақылды ойлар сол бой-

да менің басыма келмесе керек. Әйтеуір мен үйге келгенімде есік іштен ілулі болып шықты. Есікті қағып тұрмын, іштен Әсия апай ашайын деп келе жатқанын, оған нағашымның ашқызбағанын естіп тұрмын. «Жарар енді, қашанғы тұрады, тоңып қалады», – деп апай болмай, ашты-ау есікті ақыры. Кіргесін нағашым қасына отырғызып қойып, біраз әңгіме айтты. Үнсіз тыңдадым, айтқанының еш қатесі жоқ. Осындай істерімен мені болашақ өміріме, жауапкершілікке тәрбиелеген екен. Нағашымның үйіне қонақ өте көп келетін. Ол кезде қонақ үй деген атымен жоқ, ауылға келген барлық басшылар да, концертпен ел аралайтын артистер де талай қонақ болғаны есімде. Соның ішінде Күләш Байсейітованың ауданға келгендегі үйіне қонақ болғаны есімде. Сол күні қонақтың қолына суды да өзі құйды. Мен де өзімше дардай жігітпін: «Мұныңыз не, өзім де құятын едім ғой», – десем: «Қонақтың алдында жайылып жастық, иіліп төсек бола алмасаң, оның несі қонақ күткен», – деп еді. Қонақ күтуде ұсақ-түйек деген болмайтын ол кісі үшін. Атбегілігінде оған сай келетін атқұмарлықты мен оған дейін де, одан кейін де көргенім жоқ. Аттың бабына келгенде ол кісінің алдына түсетін жан болмайтын. Мен кейде ойлаймын, нағашым заманынан кейін қалып туды ма екен деп. Баяғының сал-серілерінің саркыты сияқты әсер қалдыратын. Оның бойында ат құлағында ойнап, кең даланы дүбірлетіп өткен бабалардың рухы бар еді. Атқа мінгенде аруақтанып, ерекшеленіп кететін. Қос-қос тазы ұстайтын. Тазы жетектеп аңға шығатын. Жақсы істелген ер-тұрман, камыт, доға болса, оны қастерлеп, тазалап, төрге іліп қоятын. Өте арлы, намысшыл болатын. Ешкімнің алдында күні үшін төменшіктемейтін, не айтса да тіке айтатын. Өтірік айтқанды жаны жек көретін. Балаларын да солай үйретті. Марат Уфаға оқуға кетерде айтқан мына сөздері әлі есімде. «Балам, мен сені оқуға түсіремін деп, әлдекімдердің қолын қатты қыса алмаймын, ешкімнің алдында жалпақтай да алмаймын. Оқимын десең, дайындалып, өз күшіңмен оқуға түсесің, ал оқымасаң, жауыр атқа мініп совхоздың сиырын бағасың», – деп еді. Сірә, Марат жауыр атқа мініп сиыр баққаннан гөрі, оқығанды дұрыс көрсе керек, өз күшімен оқуға түсіп кетті. Сынаптай сырғыған уақыт біздің ортамыздан талай саңлақты алып кетіп жатыр ғой. Бізден де кейін қалар, бұл дәурен. Бір күндері кейінгілерге керек болса бір қажетіне жаратар деген оймен айтылып отырған бір сөз ғой. Нағашымның ұрпақтары жақсы әкеге лайық ұл мен қыз болды. Ұзағынан болсын деп тілеймін.

Тілекқабылов Төлеш зайыбы Аймекен

Біз қайда тұрсақ та бізді іздеп келіп, қона жатып құрметімізді көрген, талай алдында қызмет қылған нағашымыз еді ғой. Жақсы адам еді. Ақжарқын, ешкімге қатты сөз айтпайтын, маған үнемі «Қарағым» деп сөйлейтіні есімде қалыпты. Жақсы, жұғымды мінезімен елге сыйлы болды.

Бізге 1978 жылы Кулагинода тұрғанда келгені бар. Сол ауырып жүрген кезі екен. Ауырғанын айтпады, бірақ сөз арасында: «Осы жүргенде көлденең шөп жатса соған сүрініп құлайтындаймын, қарағым», – деп еді. Сонда ауруы жанына батса да, басқаларға білдірмей, асқан шыдамдылық, төзімділік қылған екен. Өзін емес, уайымдайды деп өзгелердің қамын ойлайтын, ізгі жүректі азамат еді. Оны тек ағайын-тума емес, елі жақсы көрді, сыйлады. Қай заманда да ондай адамдар сирек қой, әлі күнге оның азаматтығын, қамқорлығын көрген адамдар сағынышпен еске алады. Ұмытылмайды ғой, ондай азаматтар.

Балаларын жақсы тәрбиеледі. Софья бізге өз қызымыздай болды. Әлі күнге алыста жүрсе де Марат екеуі бар туғанын қамқорлап, амандығын білісіп, қуаныш-қайғысын бөлісіп отырады. Ал Мақсотты көргенде нағашымды көргендей боламын. Оның бар кескін-келбеті, сөйлеген сөзі, қылығы нағашымды қайталап тұрады. «Ұлы бардың өзі бар, қызы бардың ізі бар» дегенді қазақ тегін айтпаса керек. Нағашымның артында ізі де қалды, өзі де қалды деп есептеймін.

Байзақов Мәлік Қуанышұлы

1951 жылы туған. Гурьев облысы Индер ауданы Ленин орденді «Передовик» колхозында еңбек еткен. Қазір өмірден өткен. Отбасы, ұрпақтары Атырау облысы Өрлік ауылында тұрады.

Ақкөкемді біз аса жақсы көретін едік. Ол келгенде мен ерекше тәртіпті болатынмын. Жай күндегі тентектігімнен, еркіндігімнен із де қалмай, басқа бір Мәлікке айналып, өзімді бар жақсы жағымнан көрсетуге тырысатын едім. Ақыры, жақсы көріп, сыйлағанымнан шығар. Әкем оның мінезін ыссы дейтін. Бірақ ол бізге, балаларға, аса қаталдық көрсетпейтін. 1977 жылы Гурьев қаласында ауылшаруашылық күні болатын болып, бәйгеге қосуға ат жараттық. Соған арнайы келіп 3-4 күн жатып, аттың бабын қадағалады. Қалаға бара жатып, жолшыбай Чкаловқа соғып, Ақкөкем үйден жүген алып

шықты. Ол кісі ат әбзелдерін ерекше қадірлеп ұстайтын. Сол жолы қара атпен Орынғали інім бәйгеге шауып, отыз екі аттың ішінен бірінші болып келді. Аттың жайын, бабын, күтімін бес саусақтай білетін, нағыз атбегі, сейістің өзі еді. Кейде ойлаймын, қазір тұлпарлар жоқ дейміз-ау, тұлпардың тұяғынан танитын Ақкөкем сияқты мықты атбегілер жоқ-ау деп.

Келіні Көмірова Шархат

1924 жылы туған. Оқу-ағарту саласының ардагері. Қазір Атырау облысы Индер ауданы Өрлік ауылында тұрады. Шөбересін көріп отыр.

Ағекем ауылға анда-санда келгенде аяғымыздан тік тұрып күтетін едік. Мен келіннің ең кішісі болдым ғой, сондықтан ол кісімен қатар отырып әңгімесін тындап көрмеппін. Бірақ қызмет етіп, шайын құйып жүріп те көп өнегесін бойымызға сіңірдік. Өзінен кейінгі келіндерге «Айналайын» дегеннен басқа сөз айтпайтын. Келгенде өңкей ер адамдар бірге жүреді, бәрі атқа мінген, керемет жарасып тұратын еді. Ер азаматтың атқа мініп жүргені айбын береді ғой, әйтеуір ерекше сәнді көрінетін. Қазір ондайды күнде көрмейсің. Аса молшылық кез емес қой, сонда да бауырсақ пен қуырдағымызды дайындап, қонақтайтынбыз. Ағекемнің арақ ішіп, кейінгі жастардың алдында бір артық сөз айтқанын, ерсі қылық жасағанын бір көрмеппін. Мінезі қатты болды дейді, бірақ бізге қаттылық қылғаны есімде жоқ. Заманы сондай болды ғой, талап керек кездер болған шығар, бірақ әділетсіз болып, қиянат қылды деп естімеппін. Қайта жасаған жақсылығы мен қамқорлығы көп болған адам дер едім. Әсіресе өзінен кішіні ерекше қамқорлаған адам. 1953 жылы Бітір (інісі) қайтқанда күн керім лайсаң, қара суық. Үш күннен кейін Сырымның әкесі қайтты. Бітірдің үші мен атаның қарасын осынан бірге өткізді. Жоқтық кез ғой, біздің өлік жөнелту дегенмен хабарымыз да жоқ. Мәліктің әкесімен екеуі бізге ешқандай салмақ салған жоқ, қайдан, қалай тауып жатыр, біз білмейміз. Бар ағайынды ұйымдастырып, бүкіл шаруашылығын өздері үйлестіріп, атқарды. Әсия апайды абысын болмай тұрғаннан танып, араластық. Сол кезден апай дейтін едім, абысын деместен, апай деумен өттім. Ол кезде қазіргідей әйелдері күйеуінен қалмай еріп жүретін салт жоқ, апай ауылға балалармен өзі келетін. Ағекем үнемі өзі жүретін. Әсия апай нағыз ер азаматқа жар да, дос та бола білген, еліне қамқор Ана

болған адам еді. Бір уыс дән үшін талай адам сотталып кеткен заманда, басын тәуекелге тігіп, айналасын тарықтырмай, аш-жалаңашқа көмек қолын созып, өртте қанатымен су сепкен қарылғаштай болған үлкен жүректі Ана. Ол қара басын ойлап, адамға көмектеспесе де ешкім кінәлай алмас еді. Заман сондай болды ғой деп қоя салар еді. Осындай істерімен нағыз ерге лайық Әйел еді. Ешқашан мен сондай жақсылық қылып едім деп, ешкімге міндет қылған жоқ. Ағакемнің алдына шығып, бір ауыз сөз айтып та көрген жоқ. Азаматын қадірлеп, үнемі кейіндеп отыратын еді. Мен бұны әйелдің орнын білуі, «алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» деген халық даналығына бас июі деп білемін. Шүкір, арты жаман емес, ниеттерінің түзулігі шығар, бар баласы орнын тапты. Жандары жаннатта болғай. Армансыз адам болушы ма еді, іштерінде кеткен бір армандары болса, балалары жеткей деп тілеймін.

Шалда ұрпағы Аманбай зайыбы Қамия

Аманбай мен Қамиядан он бала тараған. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен. 2015 жылы дүние салды. Ұрпақтары Атырау облысы Индер ауданы Өрлік ауылында тұрады.

Мен Ағакемді 1946 жылы соғыстан келгенде көргенім есімде. Ол кез үлкеннің алдынан кесе өтпейтін заман еді ғой. Бар інісі ол кісіден кәдімгідей қаймығып, ығысып тұратын. Айғайлап ұрысқанын, ия ұрғанын көрмеппін інілерін. Бірақ бәрібір олар ағасының айбарынан ығысатын еді, алдында иіліп тұратын. Үлкеннің айтқаны кішіге заң сияқты, қалайда орындалатын кез еді. Жарықтық, бір жақсы адам еді ғой. Кейін ол кісі келгенде інісінің қылған тентектігін айтып, «Ағаке, ұрсып кетіңізші», – деп жалынатын болдық. Ол да бір қызық дәурен екен. Ағайын-туыстың айбары, қамқоры болған адам еді. Таршылық заман ғой, Ағакем мен абысынның қамқорлығын көрмеген адам сирек болар. «Аштықта жеген құйқаның тоқтықта дәмі ауыздан кетпес» деген бар ғой. Екеуі сыйласып өмір сүрген, қазаны ортаймаған, берекелі отбасы болды. Әлі де сол тәрбиенің жемісі болар, балалары сол ынтымақ пен берекені сақтап келеді. Ағайынның торқалы тойы мен топырақты өлімінде қай қиырда жүрсе де келіп, жақсылығы мен ренішін бірге бөлісіп келеді. Балаларыма айтып отырамын, текті ұрпақ тектілігінен жаңылмайды ғой, жақсылығынан үлгі алыңдар деп.

Гурьев ауылшаруашылық техникумында ұзақ жылдар ұстаздық еткен. Қазір Атырау қаласында тұрады.

Мен аса әңгімеші адам емеспін. Бұл әңгімені ешкімді мақтайын немесе біреудің мәртебесін көтерейін деген оймен емес, балалығымның бір үзік естеліктерімен кейінгіге бөлісейін деген мақсатпен айтып отырмын. Жасарып келе жатқан жоқпын, кейінгіге әңгіме болсын деген бір ой. Тұрған ауылымыз бір болғасын шығар, мен Қуаныш тәтемді аса жақын көрдім. Тәтелерім бізді өте қамқорлайтын. Мен мектепте ия оқуыммен, не басқа қырыммен үлгілі бола қойған жоқпын. Балалық та бар, бойға біткен тентектік те бар, бәрі жиналып бойға симайтын бұла күш қайда апармайды адамды. Ауылда жүргенде Қорқыт тәтем келгенде көп көзіне түспеуге тырысып, бетегеден биік, жусаннан аласа дегендей болатын едім. Ол бізге қатты қорқатындай ұрсып, ия қолы тиіп көрген емес. Сонда да біз тентек басымызды сол кісінің алдында иіп тұратын едік. Тәтем керемет ұйымдастырғыш болатын. Аманғали, Төлеу, Қуаныш ауырғанда үй-күйін, жұмысын ысырып қоя тұрып, солардың қасында болды, бар көмегін қылды. Тәтемнің бәйгеге ат қосқанын елдің бәрі біледі. Ал оның ат жарысын тамашалағандағы түр-келбеті менің бала қиялымда әлі тұр. Екі көзі жайнап, танауы делдиіп, атқа өзі бірге шауып келе жатқандай күйде болатын. Нағыз туабітті шабандоз еді. Атқа отырысы тіп-тік, қаққан қазықтай, нағыз сахараның жауынгер ұлының бейнесі. Мен тәтемді әскери киіммен көргенім жоқ, бірақ қиялымда үнемі солай елестетемін. Өйткені ол кісінің ат үстіндегі бейнесі, отырысы кавалеристі еске салатындай әдемі еді. Кейін Сарайшықта училищеде Қорқыт тәтемнің үйінде жатып оқыдым. Менің кейінгі өміріме осында өткізген уақытым мол азық болды. Мен ол үйден көп өнеге үйрендім. Тәтем балаларының үнемі алда болғанын қалады және ол үшін көп еңбектенді. Өнерге де, еңбекке де баулыды. Балаларының ән айтуына, домбыра тартуына үнемі назар аударды. «Жігітке жеті өнер де аз» екенін үнемі айтып отыратын. Қазір ойласам, өнер адамы болып кетпегенімен, көп алдына шығып ән айту, өнер көрсету деген баланың халықпен араласып, ортада өзін еркін ұстауына ықпал еткен екен. Тәтемнің балаларының өз жүрген орталарында, өз кәсіптерінде табысқа жетуінің сыры да осы отбасында алған тәрбиенің жемісі десем қателеспейтін шығармын. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны

ілерсің» дегеннің бір үлгісі – тәтемнің ұрпақтары. Ал мен ән айтып, домбыра тартуды үйренбегеніммен, тәтемнен тәртіпке бағынуды, ортада қалай жүруді үйрендім. Ол кісіге қатты еліктедім. Тіпті, тіп-тіке жүретінін, тап-таза киінетініне дейін үлгі еттім. Бірақ, мен өзімді ол кісіге ұқсадым деп айта алмаймын, сонда да бар өнегесін алуға тырыстым. Қолыңнан келетін бір істің болатынын, зейін қойсаң бәрін де меңгеруге болатынын маған тәтем ұқтырды. Сол кісінің өнегесімен мен жаным сүйетін, қолымнан келетін іс деп темір-терсекке үйір болдым, содан өмірлік несібемді таптым.

Тағы бір есімде қалған бір үзік сурет, Өрлікте болған бір жиын. Тәтем ортада сөйлеп отыр. Жиналған жұрт тәтем сөйлегенде құлаққа ұрған танадай, ұшқан шыбынның ызыңы естілетіндей. Не туралы айтқаны есімде жоқ, баламын ғой, құлағы естілкіремейтін болар, бір шал: «Не болып жатыр?» – деп қоймай сұрайды. Оған біреуі: «Тыныш отыршы, шыққасын айтып берем, Қорқыт сөйлеп жатыр», – дейді. Тәтемнің даусы жай шығады, бірақ бәріне естіліп тұр. Жиналғандар ықыласпен тыңдағаны сонша, ешкім сөзін бөлген жоқ. Сөзін ұйып тыңдады, өте шешен болғаны ғой. Біздің әулет түгелдей сол кісіге бағынды. Қуаныш тәтемнің де мінезі бірталай болатын, бірақ қанша ашуланып отырса да, Қорқыт тәтем: «қой енді», – деп жайлап қана қарағанда басыла қалатын. Міне, мен білетін Қорқыт тәтем осындай адам еді.

Қарындасы Айтмырза қызы Аққыз

Білім беру саласының ардагері, Атырау қаласында тұрады.

Өңгімемді бастамас бұрын өзімнің Қорқыт тәтеммен туысқандық байланысымызды анықтап айта кеткенді жөн көріп отырмын. Шалда ұрпағы Айтмырзадан тараған Тұрған, Ақша, мен – Аққыз және Сырым. Осы аталғандардың алдыңғы екеуі қазір дүниеде жоқ, Сырым екеуіміз бармыз. Қорқыт тәтемді ең алғаш көргенім 1946 жылдың мамыр айы болатын. Ол кезде менің жасым сегізде болатын. Біз Өрліктен қашық емес Ескі тас қораның баурайында отырғанбыз. Түс кезінде бес-алты атты адам үйге келді. Бұл келгендер Боран, Қуаныш, Аманбай ағаларыммен бірге келген Қорқыт тәтем еді. Қасындағы сұлу келіншек Әсия жеңгем екен. Ағасы мен жеңгесіне таныстыруға ертіп әкелген беті екен. Күмістелген ер-тұрманы мен құйысқаны жарасқан жирен атқа мінген тәтемнің бейнесі әлі күнге көз алдымда. Кеудесіндегі ор-

ден-медальдары жарқ-жұрқ етіп күн көзіне шағылысып, бейне бір кинодағы батырлардай келбеті менің бала жүрегімде мәңгі сақталып қалды. Бүкіл ауыл балаларының алдында менің ағам батыр деген мақтаныш сезімі менің кеудемді толтырып, ауылдың бар баласы маған қызыға қарап: «Шіркін, менің де ағам сондай болса ғой», – деп тұрғандай еді. Бұл кез менің ең бақытты күндерім екен. Арада қанша жыл өтіп, жасым егде тартса да, сол күнгі сурет менің әлі көз алдымда қалғаны да сондықтан шығар. Бұл – әлемді тітіреткен қанды соғыстың аяқталғанына жыл ғана болған, ел әлі еңсесін көтере қоймаған кез еді. Менің Қорқыт тәтем сол ел басына күн туған, ер етігімен су кешкен қан қасаптан аман келген санаулы азаматтың бірі болатын. Азамат – деп қиын сәтте тәуекел қайығына қаймықпай мінетін, қас дұшпанның езуін тілетін, жетім-жесірге, шаршап-шалдыққанға шапағатын аямаған ерді атайды екен. Мен тәтемді дәл осындай жан деп пір тұтамын. Ол кісі ақкөңіл, қарапайым, ақылды, үлкенге ізетті, өзінен кейінгіге қамқор мейірбан жан еді. Орта бойлы, денесі шымыр, келбетті, ашық жүзді, кез-келгеннің сөзін басынан асыра бермейтін, мінезі қызба адам еді, бірақ қайтымы тез, кек сақтамайтын ақжүрек, қара қылды қақ жарған әділ адам болатын. «Жақсының ашуы жібек орамал кепкенше» деген сөз тәтемнің мінезіне орай айтылғандай еді. Менің әкемнің денсаулығы болмай, колхоз жұмысына араласа алмағандықтан, отбасын асырау да қиын болады. Анам Иба екі қызымды қалайда оқытамын деп Махамбеттегі Қорқыт тәтеме келіп көмек сұрайды. Тәтем сөзге келместен Сарытоғайдағы басшылық қызметтегі жолдастарына телефон шалып, жеңгесіне көмектесуді тапсырады. Біз осылайша Сарытоғайға қоныс аудардық. Осындағы 7 кластық мектепті бітірген соң, Ақшаны Махамбеттегі интернатқа орналастырып, мені Сарайшықтағы өз үйіне тәтем алып кетті. Мен сол үйден мектеп бітіріп, өмір жолына қадам бастым. Кейін сырттай жоғары оқу орнына түсіп, Егізкөл мектебінде еңбек жолымды бастап, ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқардым. Менің өмір жолымның осылай қалыптасуына, өмірден өз орнымды табуыма әуелі бір Алла мен анамның табандылығы және Қорқыт тәтемнің ықпалы өте зор болды.

1953 жылы әкем өмірден өткенде жер шалғай, ауа райы қолайсыз, қатынасу қиын мезгілде де тәтем азаматтық қылып, туған жері Өрлікке әкеліп жерлепті. Көзі көргендер айтады, машина жүре алмайтын балшық екен, қазіргідей жол жоқ, машинаны трактор-

мен сүйреп алып келді дейді. Жесір әйел мен жас балалардың қолынан келмейді ғой, әкеме туған жерінен топырақ бұйыруына Алла Қорқыт тәтемді себепші қылғаны болар. Осындай азаматтық істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтуды өзіме парыз деп санаймын. Мен кішкентайымнан тәтемнің ағалық қамқорлығын, бауырлық ықыласын көріп өстім. Әкеден жастай қалсақ та, біздің әулеттің үлкендері бізді көп қамқорлады, мейірімін аямады. Менің өмір жолымда Қорқыт тәтем сияқты абзал адамдардың жолыққанына Аллаға сансыз мәрте шүкір етем. Ағамның жары Әсия жеңгем нағыз қазақ айтқан «Ерге ер, серіге сері» дейтіндей әйел еді. Тәтемнің достары да, қонағы да көп болды. Соның ешқайсысына да қабағын шытпаған, нағыз азаматқа лайық әйел еді. Жеңгемнің ұлты татар болса да нағыз қазақ әйеліне лайықты қасиет бойынан табылатын. Екеуі үлкен ынтымақта ғұмыр кешті. Сол ұядан тараған ұрпақтары Лилия, Софья, Мақсат, Марат, Роза, Нурия, Света барлығы да өмірден өз орындарын тапты.

Мен бұл отбасының балаларынан туған апаларына көрсетілер құрметті көріп отырмын. Менің басымдағы қуанышта да, қайғыда да қасымнан табылып, қол ұшын беруден танған емес. Ғалым мен Софья, Марат пен Майра бүкіл Шалда әулетінен тараған ұрпақтарға қамқоршы. Тәтемнің бойындағы үлкен адамгершілікті Мараттан көремін. Ата-бабалар тарихына үлкен құрметпен қарап, олардың елеусіз қалмауына өлшеусіз үлес қосып жүргеніне риза боламын. Ел басында қиыншылық болған кездерде елеусіз қалып, басына белгі қойылмастан қалған әкелеріміз бен аталарымыздың басына Марат ұйтқы болып белгі қойды. Оның ішінде менің әкем Айтмырза да бар. Мен мұны тарихты зерделеу, өткенге жасалған құрмет деп білемін. Өйткені, өткенсіз болашақ жоқ. Кейінгі ұрпаққа үлкен тәрбие болар қадам десем артық айтқандық емес. Осының бәрі тәтем мен жеңгемнің берген тәрбиесінің жемісі деп ойлаймын. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сөз бекер айтылмаса керек. Менің асыл ағам мен жеңгемнің ұрпақтарының осы сөзге лайық екеніне қуанамын, риза боламын. Ұрпақтарының олардың атына кір келтірмейтініне сенемін.

Жиені Қабдіров Амангелді

Атырау облысы Индер ауданының «Көктоғай» ауылында тұрады. Жары Әминашпен екеуі ұрпақ қызығын көріп отырған ата мен әже.

Ол кезде мен жаспын ғой, көп нәрсе есімде қалмапты. Мен әжем Жұмазияның бауырында өскен, «кемпірдің баласымын». Ол кісіні мен мама деп атадым. Мамам қайтқанда мен тоғызыншы класта оқитынмын. Басқа нағашылырым ренжімейтін шығар, Қорқыт нағашым басқалардан ерекшеленіп тұратын. Байыпты сөзімен, салмақты мінезімен көш ілгері болатын. Не дегенмен оқыған адам ғой. Өмірден көргені мен түйгені мол, соғысты көзімен көрген, адамның, туманың, тірліктің қадірін біліп, аса бағалаған адам. Менің мамам өз төркіндерінің ішінде осы інісін (ал олар құдай көпсінбесін, біраз ғой) ерекше жақсы көрді. Ол кісі де өте бауырмал еді. Мамам ауырғанда бір ай бойы қасында болды. Арасында үйіне барып келеді, бірақ үнемі біздің үйде болды. Содан мамам қайтқанша қасында болды. Қазір ойлаймын, апасының татар дәмі таусылып бара жатқанын сезгесін, қолынан келер қайраны жоқ, ең болмаса қасында болайын дегені ме екен? Бауырына деген жанашырлық пен қимастық жанына тыным бермей, қашан көзі жұмылғанша қасынан жібермеді-ау. Мен білетін Қорқыт нағашымның ең басты қасиеті бауырмалдығы болатын. Кейін әкеммен бірге Чкаловтағы үйіне де бардық. Сонда байқағаным, үйінен арылмайтын қонақтың, келімді-кетімді кісінің көптігі. Жалпы тек Қорқыт нағашым ғана емес, сол әулеттің бәрін де аса бауырмалдығы ерекшелеп тұрады.

Карим Бердешұлы

Ішкі істер саласының ардагері, Техас штаты Даллас қаласының құрметті азаматы. Қазір Орал қаласында тұрады.

Біз Қорекеңді құда болмай тұрғаннан білетінбіз. Махамбетте мейрам сайын болатын ат бәйгесіне міндетті түрде ат қосатын Қорекеңнің Мақсот пен Марат атты ұлдары бәйгеге шауып, үнемі бәйгенің алдын бермейтін. Жасымыз кішілеу болды, бірақ ат бәйгесі бар қазақтың жанына жақын дүние ғой, маған ол кісінің аттары ертегінің тұлпарындай елестейтін. Бәйгеге шапқан балаларына қызығатынбыз. Кейін құда болдық. Менің інім Ғалым Қорекеңнің Софья атты қызымен бас қосты. Содан бері қазақ айтқан «мың

жылдық құдамыз». Құда болғаннан Қорекең дүниеден озғанға дейін нағыз туыскандықтың үлгісін көрдік. Аллаға шүкір, сол із әлі жалғасын тауып келеді. Ол кісімен құда емес, нағыз бауырлардай сыйласқанбыз, шын туыскандықта болғанбыз. Менің әкем мен Қорекеңнің кейде ұқсайтын мінездері болатын. Олар елдің маңдайалды азаматтары болды, біз олардың үлгісін көріп өстік, оларды мақтан еттік. Қазіргі күні бір жетістіктерге жетіп отырсақ, ол осындай абзал әкелеріміздің арқасы деп білемін. Мен білетін Қорекеңнің мінезі ерекше болатын. Ондай мінез екінің бірінде кездесе бермес. Оның адалдығы, өзім дегенге өзегін суырып берер мәрттігі, табан астында шешім қабылдайтыны, ерік-жігерінің мықтылығы талайға үлгі болатын. Осы мінездерге қоса атбегілігі мен аңшылыққа құмарлығы оны ерекшелей түсетін. Аңшылықты ол тамақ табу, ия болмаса табыс табу үшін емес, табиғат аясындағы демалыс етіп өткізетін. Жақсы тазыны іздеп тауып алуға тырысатын. Бірде мынадай бір жайдың болғаны бар. Қорекең Махамбетте біреуден тазы алмақ болып, маған өзімен бірге жүріп, қарауымды өтінді. Барсақ, тазының түрі біртүрлі, саудасының жайын сұрасам, бір қашарға келіскен сыңайлы. Неге екенін білмеймін, әлгі тазыны ал деуге жүрегім дауаламай, қазір жұмысымның барын сылтауратып, ертең өзім алып барамын деп, Қорекеңді шығарып салдым. Ертеңіне барсам, әлгі тазы өліп қалыпты. Сенбей қалар ма екен деп қиналсам да, телефон соғып, айттым. Жақсы ат пен құмай тазыға құмарлығы сонша, бәсіне қарамай алуға бекінгеніне таңғалдым. Бірде Чкаловқа жұмыс бабымен келдім. Келісімен Қорекеңді тауып алу – әдетім. Амандық-саулық сұрасқан соң, Қорекең үйге телефон соғып, Әсия құдағайға: «Кәрім құда келді, ас салып қой», – деп тапсырды. Түскі асқа келсек, Әсия құдағай балық асып жатыр екен, Қорекең болмай, ет астырып, сыбаға салғызды. Қазір ойласам, бұл құдасын құдайындай сыйлаған қазақы болмысы екен ғой. Қазіргі кезде құдалар арасында тап осындай сыйластық сиреп бара жатқаны да рас емес пе? Осы сыйластығымыз әлі күнге қаймағы бұзылмастан келе жатқанына қуанамын. Сондай қонақжай, жақсы көрген адамына біржола құлай сенетін. Әсия құдағай екеуі біріне бірі сай адамдар еді. Қорекеңде өткір мінез де, ақыл да болды. Ал құдағайымыз сабырлы мінезімен, кез-келген нәрсені ақылмен шешкен адам. Екеуі бірін-бірі толықтырып тұратын. Бастап ауырып жүрген кезінде Жәмила екеуміз көңілін сұрауға келдік. Кетерде құшақтасып, көзіне жас алды. Сол ең соңғы көруім екен. Дүниеден өткенде ел жылап

шығарып салды. Соның ішінде сол кездің өзінде жасы біразға келіп қалған Түгелбаев Қашқын атты інісінің көз жасы мөлдіреп, Қорекене топырақ салғаны біразға дейін көз алдымнан кетпей жүрді. Ініге шын мәнінде АҒА бола білген, орны толмайтын тұлға. Алматыдан, Ақтөбеден, Оралдан, аяқ жетер жердің бәрінен келген ағайын-туыс, көңілі жақын дос-жаранның есебі болмады. Ақырғы сапарына шығарып салған машиналардың легі алды бейітке жетіп жатқанда, соңы ауылдан жаңа шығып жатқанын көргенбіз. Бұл жаназаға жиналған адамның көптігін ғана емес, халықтың Қорекене деген ықылас-пейілінің шексіздігін көрсетті деп ойлаймын. Балаларының бәрін де еңбекті қадірлеуге, адалдыққа үйретті. Балалары өте еңбекқор, ата-анасының көмекшісі болды. Соның ішінде Розаның бәйгеден келген аттың бабын білетіні, суытуға атты соған тапсыратыны есімде. Шүкір, барлығы да өмірден өз орнын тапты, Қорекеннің балаларына сіңірген еңбегі қайтты деп есептеймін. Соның ішінде ерекше айтқым келетіні – балаларының қазақы дәстүрге адалдығы. Мараттың ата-баба рухын ардақтап, оларға бағыштап ас өткізумен қатар, елеусіз қалған аталарының басын қарайтып белгі қойғанына разымын. Бұны бабалар аманатына адалдық, өткенге тағзым десек жарасар. Құда бәйге десе ішкен асын жерге қоятын. Өмір деген де бір бәйге. Сол бәйгеден Қорқыт құдамның ұрпақтары лайым да алда келсін деп тілеймін!

Айтбаева Юлия Боранғалиқызы

Медицина саласының ардагері. Қазір Атырау облысы Доссор кентінде тұрады. Жары Шалқар Дабысов та дәрігер. Айбек, Мирлан, Шынар есімді перзенттердің ата-анасы.

Мен ең алғаш Ақпапамды көріп, оның үйіне барғаным есімде еміс-еміс қалыпты. Әкем мені шамамен 1959 жылы сияқты, Сарайшыққа алып барды. Үй ертедегі орыс купецінің үйі болатын. Соның жертөлесінде от жағып, аттың терін алғаны, оны бәйгеге дайындағаны есімде қалыпты. Бірнеше құмай тазы болды, олардың бірінің аты «Лашын» екенін білем. Одан басқа тауық, үйрек сияқты үй құстары да болды. Ақпапамның балалары үйдің осындай шаруашылығына өздері қарайтын. Кішкентай күндерінен еңбекке өте жақын болды. Ауылда өтетін жиын-теріннен кейінгі шопандар тойында Ақпапам баптаған атпен Марат, ия Мақсот бәйгеге шабатын. Үнемі бәйгеден озып келетін. Ол үйдің үлкені де, кішісі де мені мен бауырларым-

ды ерекше қамқорлады. Менің әкем 47 жасында дүниеден өткенде Ақпапам бізді аманат етіпті. «Қазына балаларымды аш-жалаңаш қылады деп ойламаймын, бірақ балаларым ағайындарды танымай қалмасын, көз қырынды салып жүр», – дегенін анам өмірден өткенше айтып отыратын. Осы аманатқа Ақпапам өте адал болды. Алды он жастағы мен, соңы екі жастағы Айгүл, шиегтей жас баламен қалған анама Ақпапам үнемі қамқор болды. Біз үнемі Ақпапаның бізге деген мейірімі мен әкелік пейілін көріп өстік. Жаз болса Марат пен Мақсотты Қазынаға көмектесіндер, шөп шабысыңдар деп бізге жіберетін. Біз жазғы каникулда Сарайшыққа баратынбыз. Сонда көргенім Ақпапам мен Әсия мамамның көп адамға көмек қылатыны. Үйдің қасында жағдайы төмен көршілер көп болатын. Үлкен қазанға пісірген тамақты Әсия мама бөліп құйып, көршілерге беріп жіберетін. Тамақты өте дәмді пісіретін. Күн сайын өзгеше етіп, түрлі ас әзірлейтін. Ешқашан балаларға ұрсып, дауыс көтергенін естімеппін. Өзінің балалары бар, біз бар, топырлап кіреміз, топырлап шығамыз, соның бірде-біріне қабақ шытпаған екен. Әсия мамамды ойласам оның: «Иии, Алла!» деп қойып қана отыратыны құлағыма келгендей болады. Анам әкемнің балаларым ағайындарды танымай қалмасын дегенін үнемі жадында ұстады. Бізді барлық ағайындармен араластырды. Бір жылы Қабілет екеумізді Өрлікке жіберіп, бір-екі ай сонда болғанымыз есімде. Бірақ, барлық ағайынның ішінде Ақпапамның үй ішімен тығыз араластық. Біздің өміріміздегі барлық қуаныш пен қайғыда сол шаңырақтың алар орны ерекше. Қуанышымызды бөлісті, қайғымызды бірге көтерді. Ақпапам қапшықтап беріп жіберетін Сарытоғайдың алмасының дәмі әлі аузымнан кеткен жоқ. Ең алғаш Ақтөбенің медицина институтына түсіп, Мақсотпен бірге оқуға кетіп бара жатқанда: «Қызым, шашыңды қиып шайтан болма» деп еді Ақпапам. Көп жылдар өтіп, қашан шашым түсіп, амалсыз қиғанға дейін Ақпапамның айтқан сөзі менің ойымда жүретін. Мен институтты бітіріп келген жылы Ақпапам дүниеден озды. Мен әлі күнге оның айтқан сөздері мен жасаған абзал істерін ұмытқаным жоқ. Оның барлық әрекетін балалары жалғастырып келе жатқанына қуанамын. Өзі жоқ болса да, артындағы Софья апам мен Мақсот, Мараттай перзенттері дәл баяғыдағыдай біздің жай-күйімізді біліп, хабарласып отыруды дағдыға айналдырған. Әлі күнге мен сол баяғы жалаңаяқ бала күнімдегідей, Ақпапамның алдынан алақайлап жүгіріп шығатынымдай, оларды да сағына күтіп жүремін. Өмір осындай адамдармен көрікті, осындай адамдар барда жақсылықтың да жоғалмайтыны анық.

Айтбаев Ташкент Боранғалиұлы

Шалда ұрпағы Айтбайұлы Боранғалидың баласы. «Эмба-мұнайгаз» Акционерлік Қоғамы, «Эбамұнайэнерго» басқармасының басшысы. Атырау қаласы.

Мен әкем дүниеден өткенде тоғыз жаста болатынмын. Тоғыз жастағы бала не біледі... Бірақ есімде қалғандарды айтайын. Біз Қорқыт көкемізді Ақпапа деп атадық. Ол әкем барда да үйге жиі келетін. Екеуі Гурьев облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе станциясында бірге еңбек етті. Бәйгеге қосар ат жаратқанда әкеме келіп ақылдасатын. Әкемді «Бөке» деп атайтын. Бірде бәйгеге қосатын атын жаратып болған соң, үйге әкеліп әкеме көрсетті. Әкем атты мініп, бір айналып келді де: «Атың өте ұшқыр ат, бірақ сүріншек. Аяғы кетіп қалады-ау?» – деді. Көп ұзамай бір бәйгеден алдымен келді де, аттың аяғы күп болып ісіп кетті. Екеуі аттың тізесін пышақпен тіліп жіберді де, сары суын алды. Тілінген жерді шуда жіппен тігіп, екеулеп жүріп емдеп алды. Ол атты одан кейін бәйгеге қосқан жоқ, бірақ ұзақ уақыт мініп жүрді. Қазір ойласам, Әкем Ақпапам үшін жай ғана аға емес еді. Екеуі бір-біріне соншалықты жақын болатын, аға да, дос та, сырлас та, ақылшы да болған екен. Әкем қайтыс болар алдында Ақпапам үнемі біздің үйде болды. Дәл сол 9 май күні, мейрамға үйге барып келейін деп Сарайшыққа кетіп еді. Кеште әкем қайтыс болды да, Ақпапам ести сала қайта келді. Ол содан бастап темекі тартты. Мен оған дейін оның темекі тартқанын көрмегенмін. Содан кейін бес жылдан кейін ғана темекіні тастағанын білем. Әкем қайтқан соң ол кісі бізге үнемі қамқор болды. Үйдің барлық шаруашылығы, біздің оқуымыз, бәрі де Ақпапамның назарында болды. Жаз болса Мақсот пен Маратты анам Қазынаға шөп шабуға көмектесіндер деп, біздің ауылға жіберетін. Олар оқуға кеткен соң Қабілет екеумізді шақырып алатын еді. Бірде екеумізді шақырып, тәжірибе станциясынан бір жерді белгілеп берді де, шабуды тапсырды. Біз түске дейін айтылған жерді шауып болдық та, келесі бөлікке ауыстық. Кешке Ақпапам келгенде біз біраз жерді жайпап салған едік. Ол не дерін білмей тұрып қалды да, шабылған жоңышқаны түгелімен машинаға тиетіп, бізге беріп жіберді. Жай уақытта басқаға бір айыр шөпті қоғам мүлкі деп бергізбейтін Ақпапамның осы әрекеті мені әлі ойландырады. Бізге деген туғандық, әкелік қамқорлығының бір көрінісі де-

сем, қателеспейтін шығармын. Ең басты қасиеті деп Ақпапамның дүние қумағандығын, адалдығын айтар едім. Сарайшықтың бойында ол күнде ескі заманның іздері өте көп еді ғой. Ескі қала орнынан балалар шашылған адам сүйектерімен бірге талай қымбат заттарды да табатын. Бірде Мақсот сол жерден алмас қылыш тауып алды. Қазір ойласам өте құнды ескерткіш, бағалы жәдігер екен ғой. Соны Ақтөбеден келген, ұмытпасам, С.А.Афанасьев деген археологқа беріп жіберді. Мақсот, әрине, өзі тауып алған соң қимап еді, Ақпапам болмай, бергізді. Үкіметке, қоғамға өте адалдығы осындай әрекеттерінен көрінетін. Тәжірибе станциясындағы алма ағаштарды көзінің қарашығындай қадірлейтін. Үнемі аралап, сынған тал, үзілген алма көрінсе бәрін аяғынан тік тұрғызатын. Жұмыста да, үйде де тәртіп болуын қадағалайтын. Шарбақта көлденең көк шөп жатпайтын. Қорада малға деп жиналған шөптің үстіне балалықпен шығып, ойнасақ, малдың жейтін шөбін аяқпен баспандар дейтін. Жылқы малы кірпияз ғой, таза шөпті ғана жейтінін біз біліппіз бе? Әсия мама да оған ешқашан қарсы келіп, бір ауыз сөз айтқанын көргем жоқ. Үндемейтін, күлетін де қоятын. Жылқы малын баладай мәпелейтін. Бәйгеге ат қосқан күні менің нағашы шешем Шашты: «Бүгін Қорқыттың аты бәйгеден алдымен келеді» деп, үйге кемпірлерді жинап қоятын. Ол болса бәйгеден алған ақшасын сол кемпірлерге, балаларға таратып беретін. Ол бәйгеден ешқандай пайда көрмеген адам. Ол үшін бәйге жан рахаты болды десем, түсінікті шығар. Үйдегі бес тазының бәрінің де аты Лашын болатын. Олардың бәрі де қара түсті болатын. Тек бір тазының аты Аққұйын болатын. Сол Аққұйынды ауылдың бір адамы келіп, қойыма шапты дегенде, Ақпапам атқызып тастап еді. Кім білсін, сол айтылған шындық па, әлде көре алмаған адамның қызғанышы ма? Соншалықты сенгіштігі ғой. Ауыл жастарының тәртібін, кинодан шыққандардың жүріс-тұрысын қадағалап жүретін. Өз заманының адал перзенті еді ғой. Адалдық пен тазалық оның өмірінің ең басты қағидасы еді. Сол адалдық пен тазалықтан ешқашан тайған жоқ. Тағы да айтқым келген бір жай. Бұл – қазіргі үлкенді сыйлау, бауырмалдық қасиеттер өзекті мәселеге айналып бара жатқан заманда өте қажет, айтылуға тиісті әңгіме. Бірде, 1970 жылдардың шамасы ғой деймін, Қуаныш көкем, тарантасқа ат жегіп Өрлікке апарды. Әбіл атам атты сол бойда тарантастан босатқызды да: «Бұл атты тек бәйгеге жаратасың», – деді. Қуаныш көкем Әбіл атам бір

ауыз сөз қайырған жоқ, тарантасқа жегетін ат әкелуге кетті. Кейін Гурьевте өткен ауылшаруашылық қызметкерлерінің слетінде сол қара атпен Орынғали бәйгеге шауып, бірінші келді. Ағаның айтқаны ініге бұлжымайтын заң сияқты еді. Бұл – біздің әулеттің әуелден келе жатқан ережесі. Сонымен қатар, әулетіміздің түгелімен атқа құмарлығы ғана емес, ат танитын сейіс, атбегілігінің де белгісі еді. Біз әкеміз өмірден ерте өтсе де, әкедей қамқор болған Ақпапамның, әкемнің басқа да аға-інілерінің бізге деген қамқорлығын көрдік, істерінен үлгі алдық, өмір жолымызға бағдар еттік.

Альфия Арсыланова. Жиені

Атам қайтыс болғанда мен он жаста екенмін. Көп нәрселер есімде қалмапты, бірақ есімді білгелі атам мен әжемнің мейірімін көргенімді білем. Әкем мен шешем бізді үнемі ауылға, Чкаловқа жіберетін. Әжем бар дәмдісін біздің ауымызға тосып, біздің ой-нап жүріп әр жерге тастап кеткен киімдерімізді жинап жүретін және ол үшін ешқашан ұрыспайтын. Жазғы каникул сайын мен әжеме баруға асығатынмын. Қасында болып, үйдің бар шаруасына көмектесем, үй жинаймын, мал қарауға көмектесем, сиыр сауам, әйтеуір әжемнің қасынан қалмаймын. Атам мен әжем қонақ келгенін өте жақсы көретін, олардың үйінде қонақ болмайтын уақыт өте сирек болатын. Әжемнің самаурыны бұрқылдап қайнап, әп-сәтте дастарханы әзір болатын. Өзі аса мейірімді болғасын ба, (бала жақсы көргенді бірден біледі ғой) мен де әжемді өте жақсы көрдім, оны «Әсия әби» деп атайтынмын. Анам Лилия өз анасын мақтан ететін. Оның соғыс уақыты мен одан кейінгі таршылық уақытта көптеген адамдарға жақсылық жасағанын үнемі айтып отыратын. Балалық шағым есіме түссе мен оны әжем мен атамның ауылында өткен уақыт деп қана есіме алам. Менің ең бақытты, ең алаңсыз уақытым сол кездер екен. Менің бақытты балалығымның куәсі ару Ақжайықтың жағасындағы Чкалов, қазіргі Бейбарыс ауылының тұсынан өтсем, маған әлі күнге Әсия әби мен Атам сонда жүргендей елестейді.

Земфира Арсыланова. Жиені

Альфия екеумізді Чкаловта елдің бәрі танитын. Екеуміздің «Альфушка-Земфушка» деген қосымша атымыз да болатын. Альфия атам мен әжеме өзі бара беретін, ал мен әке-шешеммен барғанды жақсы көретінмін. Атамды, оның көп қылықтарын есіме сақтамаппын, бірақ бізді өте жақсы көретіні, төбесіне көтеретіні есімде қалыпты. Сондықтан менің естелігімде әжем туралы көп айтылса, оның да өз себебі бар. Олар бізді қатты еркелететін. Қонақ арылмайтын үйден. Қалайда бір қонақтар келіп жатады, ия кетіп жатады. Көңілді қонақтарда әжемнің татарша айтатын частушқалары да есімде. Әжемнің тіл үйретін тәтті пирогтары қандай еді! 1990 жылы менің анам Лилия қайтыс болды. Бұл біздің әулетімізге үлкен соққы болып тиді. Әжем осыдан кейін-ақ ауырғанын білдіре берді. «Бала қайғысы жүректе» деген бар ғой, анамның мезгілсіз өмірден өтуі оны қатты күйретіп кетті. Мен сол уақыттан бастап әжеммен бірге тұрдым. Алласы аузынан түскен жоқ, ешқашан бөтеннің сыртынан ғайбат сөз айтпайтын. Мен жұмақ бар болса, әжем сонда жүрген шығар деп ойлаймын және соны тілеймін. Өмірден өткенше тек балаларының тілегін тілеумен ғана өтті. Таңертең ерте тұрып, үй алдында сататын сүттен алатын. Өзі шайды сүтпен ішкенді ғана ұнататын. Балалары келе жатса ерте тұрып, ет асып, түрлі тәттілерді пісіре бастайтын. Денсаулыққа пайдасы зор деп, моншаны өте бағалады, мені де соған үйретті. Егер менің бойымда жақсы қасиеттер болса, оның көпшілігі анам мен әжемнен ауысқан дер едім.

Байзақова Күлән Бітірқызы

1951 жылы туған. Білім беру саласының ардагері. Индер ауданы Орлік ауылында тұрады.

Мен ес білгенде Ақкөкем Сарайшық ауылында тұратын. Оның атын Ақкөке деп алғаш кім атағанын, оны бізге кім үйреткенін мен білмеймін, анығы ол кісі сол атқа өте лайық адам еді. Ақтығы мен адалдығын, бауырмалдығын айтатындар менсіз де көп шығар. Мен қайталамауға тырысайын. Біз, сіңлім Гүлжан екеуміз, Ақкөкемнің Бітір деген інісінің қыздарымыз. Түсінікті болуы үшін, енді өз әкеміз туралы да аз ғана мәлімет бере кетейін. Ол 1922 жылы туып, Ұлы Отан соғысынан II, III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталып,

аман оралған. Соғыста байланысшы болған екен. Соғыстан келгеннен кейін, өз мамандығы бойынша бастауыш сынып мұғалімі, мектепте әскери жетекші, Өрліктегі балалар үйінің директоры қызметін атқарады. Соғыста алған ауыр жарақаттың салдарынан 1953 жылы, бар-жоғы отыз бір жасында дүниеден өтеді. Әкем қайтыс болғанда мен екідемін, сіңлім Гүлжанның туғанына тоғыз күн ғана болған екен. Бұл да бір тағдыр ғой. Біз өз өмір жолымызды әкеміз бен анамыз қалаған ұстаздық жолымен жалғастырдық. Екеуміз де ұзақ жылдар білім беру саласында еңбек етіп, зейнеткерлікке шықтық.

Енді Ақкөкем туралы. Ол кісі ауылға келген әр сапарында біздің жай-күйімізді білуге қалайда уақыт табатын. Гүлжан екеумізді алдына отырғызып, сабағымызды сұрап отырғанда оның жүзінен тек бауырмалдық қана емес, жанашырлық пен аяушылық көрінетін. Менің Ақкөкемнің өмірі – ел тарихының соншалықты ауыр уақытымен тұспа-тұс келген өмір. Ес білгеннен еңбекке араласып, одан кейін соғыста қан кешті. Соғыстан аман келгенімен елде оларды мамыражай тірлік күтіп тұрған жоқ еді. Соғыс салған жаралардың жазылуына барынша көмек қылған, қан майданда қаза болған сандаған боздақтың бәрі үшін де өмір сүрген, олардың елде қалған жарлары мен балаларының көз жасын сүртіп, қолынан келген көмегін қылған адам. Оның елге сіңірген еңбегі туралы сол кездегі баспасөз беттерінде де жарияланып еді. 1969 жылы мен Гурьевтегі педагогикалық училищеге оқуға түстім. Сонда Ақкөкем: «Үй жалдайды деген не? Сонда Иманғалиева Әдемі деген апаңның үйі бар, сонда жатып оқисың», – деп, мені сонда орналастырып еді. Кейін педагогика институтында төрт жыл сырттай оқығанымда, жылына екі рет Әсия анамыздың қасында болатынмын. Ол кісі өте бір сабырлы адам болатын. Аузынан Алласы түспеген, жұма сайын өлгендер рухына дұға бағыштап, жеті шелпегін пісіріп отыратын адам еді. Үйге келген адамға дәм татырмай шығармайтын. Маған отбасылық өмірлеріндегі қуанышы мен қызықтарын, соғыс уақытында көрген қиыншылықтарын, Ақкөкемнің қонақжайлығы мен өткір мінезін әңгімелейтін. «Ол маған ештеңе айтпастан, үйге тола қонақты ертіп келе беретін. Бізде көп мал болған жоқ. Бір ешкі сойып, Күләш Байсейітованы да қонақтағанбыз. Талай ата-анасыз қалған баланы, баласыз қалған ананы қамқорладық, солардан алған алғысымыз шығар, балаларым жаман емес. Тек ерте дүния салған Лилия қызым болмаса, басқасы аман, шүкір. Енді кейінгі ұрпақтары аман болғай», – деп айтып отыратын. Қазақтың «Алтын алма, алғыс ал» деген сөзін бойтұмар етіп ұстаған екен

Ақкөкем мен Әсия анамыз. Қуаныш папам Ақкөкем келгенде: «Балаларыңды әкелмейсің, орысша оқытып жүрсің. Олар ертең бізді, біздің балаларымызды танымайды да», – дейтін. Ол сөзге Ақкөкем үнсіз күлетін де қоятын. Қазір ойласам, Ақкөкем алдын болжай білген екен. Балалары өмірден өз орындарын тапты. Туысканды танып, білу үшін қай тілде оқығаның маңызды емес екен. Тегіне тартпай қоймайды деген осы шығар. Бәрі де бір-бір отбасының тірегі, ағайын-туыстың қамқоры. Әкелеріміз қазір бізді, кейінгі ұрпақтарын көрсе: «Ұрпақтарым жарады, біз жаққан отты өшірмепті», – деп разы болатын шығар деп ойлаймын.

Түгелбаев Қашқын зайыбы Оқу апа

Партия, совет қызметкері болған Түгелбаев Қашқын ағамыздың зайыбы. Атырау қаласында тұрады.

Біз бірге тумағанмен, бірге туғандай болып араластық. Әуелі «бірге тумадық» деген сөзді түсіндірейін. Менің құдай қосқан қосағым Қашқын көкелерің жетімдер үйінде өскен. Әкесі мен шешесі сонау Сталиндік зұлмат заманның құрбаны болып, репрессияға ұшырағанда, ағасы Жамал тоғыз жаста, өзі жеті жаста, қарындасы үш жаста далада қалыпты. Ата-анасыз қаңғып қалған жетім балаларды малшылар тауып алып, жетімдер үйіне өткізеді. Жамал мен Қашкеңді Махамбеттегі балалар үйіне, қарындасын Кулагиноның балалар үйіне тапсырыпты. Шалданың ұрпағы Айтбайдың Қанымбике деген қызы сол жетімдер үйінің тамақ беретін жерінде жұмыс жасайды екен. Өзінің інісі Исламмен бірге оқитын Жамалды інісімен бірге, балалар үйінен басқа жаққа ауыстырарда ешқайда жібермей алып қалыпты. Қанымбике апайды көрдім, күйеуі соғыстан оралмапты, кейін басқа адаммен тұрмыс құрды, ол кісіні де көрдім. Інісі Ислам да сол соғыста құрбан болған. Соғыс басталғанда Қашкеңнің жалғыз ағасы Алматыда ауырып қайтыс болады да, өзі әскери комиссариатқа барып, майданға сұранады. Содан 1944 жылы денсаулығына байланысты елге оралады. Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен заман болды ғой. Өзіне пана болған бар туысканынан еш хабар алмай қалған Қашқын көкелеріңді соғыстан кейін Қорқыт ағамыз тауып алады. Бүкіл ағайын-тумасына хабарлап, ақ түйенің қарны жарылған үлкен қуаныш етіп той жасапты. Біздің туыстық байланысымыздың осындай тарихы бар. Қазір бұл ертегі сияқты көрінер, бірақ сол кездің адамдарының бәріне тән қасиет

жетімге деген қамқорлық, бауырмалдық, жанашырлық еді ғой. Бір ғана берілетін ғұмырда адамға деген мейірімі мен адамгершілігін жоғалтпаған адам еді ағамыз. Данышпан Абай айтқан «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дегендей, ешқандай қиындық пен кедергіге қарамастан, ағалық қамқорлық көрсеткенін Қашекең өзі дүниеден өткенше ұмытқан жоқ. Адамға жасаған жақсылық ешқашан ізсіз кетпейді. Көп нәрсе жадымда қалмапты. Білетінім, өте жақсы адам еді. Ағалы-інілі адамдардай болып араластық. Біз Сарайшыққа да, Чкаловқа да жиі барып тұратынбыз. Барған сайын ағай малын сойып, айналасын жиып, інім келді деп, той қылатын. Жүрген жері кеңдік, дархандық еді ғой. Заманның да тыныш кезі еді. Қазір сағынып көрісер үлкен кісі де қалмады, өзіміз де біраз жасқа келдік. Ағайдың ұрпақтары әке атына лайық болып ержетті. Софья қызым мен Ғалым баламызға разы болып отырамын. Софья елге танымал дәрігер болды. Марат бар ағайынның басын біріктіріп отыр, жары Майра да текті әулеттің баласы ғой, әр нәрсенің ретін біледі, өзім ағайдың балаларының осындай болғанына қуанамын. Жақсының артынан із қалады ғой, ағайдың қалдырған ізі мәңгілік өшпейтініне сенемін.

Сырым Айтмырзаұлы

Шалда ұрпағы Айтмырзаның баласы. 1947 жылы туған. Ұзақ жылдар ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен. Қазір Атырау облысы Махамбет ауданында тұрады.

Менің анам Шалда ауылына 1925 жылы келін болып түскен екен. Есімді білгеннен мені мен бауырларымның қамқоры болған Қорқыт тәтемнің жақсылығы көп еді ғой. Өмірден өтерінде әкем бізді Қорқыт тәтеме аманаттапты. Одан бұрын да қамқорлығын аямаған тәтеміз біздің өміріміздегі ірісі мен уағы аралас барлық өзгерістерде бірге болды. Біздің білім алуымыз, еңбекке араласуымыз, өмір жолындағы барлық қадамдарымыз тәтемің тікелей қатысуымен жүзеге асты. Ағаларымның ішіндегі ең алғыры болатын. Анам оның жазықсыз қудалауға ұшыраған ағасы Шалдаұлы Айтбайды түрмеден ақтап алып шыққанда небәрі жиырма жаста ғана болғанын жырдай етіп айтып отыратын. Жап-жас баланың жасы ғой жиырма деген. Ақталу қағазын алып келіп, ағасын түрмеден алып шыққанын анам көрген екен. Сол жастан бастап-ақ ағайын-тумасының қамқоры, арқасүйер қорғаны болғаны ғой. Кейін Сарайшықтың училищесінде сол үйде жатып оқыдым. Өте

ілгері ойлайтын, алдын болжай білетін адам еді. «Оқыңдар, болашақ білімдінікі», – дегенді жиі айтатын. Кері сөйлегенді ұнатпайтын, еңбекқор, табанды, алған бетінен қайтпайтын қасиеттері кейінгіге үлгі болатын. Таңертең ерте тұратын, сергек жүретін және бізді де соған үйрететін. Махамбет ауданында аса сыйлы болды, оның жүрген жерінде абыройы асқақ болуына өзінің жоғарыда аталған қасиеттеріне қоса Әсия анамыздың да еңбегі өте зор болды. Тәтем түздің адамы, үйдегі ошағының берекесін келтіріп, отбасының жылуын сақтай білген әйелдің орны ерекше емес пе? Өмірде көп кездесе бермейтін екі жақсының үлгісі еді екеуі. Ұрпақтары іздерін жалғастырып келеді, ұзағынан болсын деп тілеймін.

Молдашева Светлана Сатанқызы

Медицина саласының ардагері. Жоғары санатты дәрігер. Атырау қаласы.

Қорқыт – нағашым. Ол – менің анам Аманғали қызы Кітанның немере ағасы. Анамның айтқандарынан есімде қалғандары мен өзім көргендерді жинақтап айтуға тырысайын. Соғыс жылдары анам балалар үйінде тәрбиеші болып жұмыс жасаған екен. Соғыс жылдарғы аштық пен жалаңаштық, жетімдік пен жоқтықты көзімен көрген адам ғана түсінер. Анам да солардың бірі. Соғыстан келген Қорқыт тәтем де соғыстан кейінгі ызғарлы жылдардың бар қиындығын қайыспай көтергендердің арасында. Тәтем сол кездің бар ауыртпалығын елмен бірге көтерісті, соғыстан жарақатпен келгенін ешкімге міндет еткен жоқ. Ел басына түскен нәубетті иықпен көтерген қатардағы сансыз жауынгердің бірі. Анам айтатын: «Мені тоғайға отын әкелуге апаратын. Қыс. Айнала аппақ қар. Отындық ағашты шанаға биік етіп тиеп алатын да, мен үстінен секіріп түсетінмін. Тура бір әскери дайындықта жүргендей сезінетінмін өзімді». Осылай есіне алғанда анамның өз ағасына деген құрметі мен мақтанышы, сонымен қатар сағынышы көрінетін жүзінен. Менің нағашы мамам, яғни, өзінің жеңгесі ауырғанда бір айдай қасында болып, қамқорлағаны есімде. Біз үнемі араласып тұрдық. Балаларын өте жақсы тәрбиеледі. София апам менен бір курс жоғары оқыды, ол мені үнемі үлкен ретінде қамқорлап жүретін.

Жазғы каникул күндері болатын. Бірде мен Чкаловқа бардым. Күн өте ыссы болатын. София екеуміз шашымызды боядық та,

тәтем көрмесін деп орамалмен мықтап байлап алдық. Әсия мама кешкі асты далаға дайындаған болатын. Тамақ ішіп отырғанда тәтем: «Сендер осы жаңа ғана бастарыңды жуып жүрген жоқ па едіңдер, қап-қара болып кір ағып тұр ғой», – дегені бар емес пе? Ағып тұрған бояу екенін шынымен білмеген аңқаулығына есіме түссе әлі күнге күлем. Оны көбі қатты болды дейді, мен қаттылығын көргем жоқ. Анам үнемі Әсия маманың қайырымдылығын, адамға деген ізгі ниетін айтып отыратын. Ол кезде дүниенің жоқ кезі, не алса да арнайы рұқсатпен алатын кез. Анам бірде Әсия мамадан кесе сұрағанда, дүкеннен тек кесе ғана емес, басқа да көп ыдыс беріп жібергенін айтатын. Ешқашан жасаған жақсылығын ешкімге міндет етпеген адам еді. Тәтем тірі болғанда ол Чкаловтан ешқайда көшпейтін еді деп ойлаймын. Екеуі біріне-бірі сай жаратылған адамдар еді. Нағашыларым мені өте жақсы көретін, әдемі әзілдейтін. Әбіл атамның «Сатанның қызы болсаң құлағыңды кесем, Кітанның қызы болсаң тимеймін», – деп қорқытатыны есімде. Мен келе жатып үй сыртынан Әбіл атамды қарап алатын едім, оның көзіне көрінбей алыстан қашып кететін едім. Менің балалық шағымның ең бір есте қалған шуақты сәттері нағашыларыммен байланысты, сондықтан да «балалығыңды сағынсаң нағашыңа бар» деген қанатты сөздің бекер айтылмағанын түсінем.

ЗАМАНДАСТАРЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Бақтыбек Таубаев

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы. Махамбет, Индер аудандарының құрметті азаматы. Атырау қаласы.

Қорекең ағамызбен алғаш рет 1963 жылы жаз айында кездестім. Сол жылы Гурьев облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе станциясына алты айлық өндірістік тәжірибеден өтуге келген болатынмын. Ағамыз Сарайшық ауылдық кеңесінің төрағасы екен. Тура мінезді, тік сөйлеп, әділін айтатын асыл аға ретінде жадымда қалды.

1964 жылы көктемде Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтының жолдамасымен сол облыстық тәжірибе станциясына жұмысқа орналастым. Мамандығыма сәйкес аймақтық агрохимиялық лабораторияның меңгерушісі лауазымында қызметке кірістім. Осы кезеңде Ағамыздың айтар ақылы, берер кеңесі мол өнегелі өмірінен көп нәрсені аңғарып, ой түйіп, үлгі алушы едік. Қорекеңнің саналы өмірі бойына бұқара халықпен жұмыс істеген бай тәжірибесі, жоғары білімді, ғылымға жаңа бет бұрып еңбек ете бастаған біздерге, сол кездегі жастарға өмір сапарымыздағы еңбек жолымыздың алғашқы баспалдағы, мектебі болды десем, артық айтқандық емес. Ағамыз тәжірибе станциясының ғылыми бөлімшесінің бастауыш партия ұйымының хатшысы да, кадр секторының жетекшісі де болды. 1966 жылы облыстық тәжірибе станциясы «Зауральный» совхозымен қосылып ғылыми-өндірістік мекемеге айналған болатын. Ағамыз уақытпен шыңдалған, қоғаммен біте қайнаған басшы еді. Ұжымға, жас ғылыми қызметкерлерге байыпты бағыт-бағдар беріп, ұйымдастыру, көпшілік-тәрбие жұмыстарын жүзеге асырып отырды. Әсіресе, Қорекеңнің отансүйгіштік, патриоттық сезімдері айрықша, айқын көрініп тұратын. Ол темірдей тәртіп пен іске жауапкершілікті қалайтын. Бұл оның майдангер ретіндегі жауынгерлік қасиеттерінің нышаны болатын. Жаз мезгілінде тәжірибе учаскесінде арам шөптерді отауға сенбіліктер ұйымдастырып, еңбек өнімділігін арттыруға ерекше назар аудартын. Бұл біздің ғылыми жұмысымыздың нәтижелілігіне оң ықпал ететін. Институтты жаңа бітіріп келген жас ғылыми-қызметкерлер тарапынан кейде жіберілетін еріншектік пен жалқаулыққа дер кезінде шұғыл тойтарыс беріп, ұжым бірлігін нығайтуға баса назар

аударып отыратын. Адам бойындағы жалғандыққа, жалқаулыққа, жалтақтыққа, жасандылыққа жаны қас болатын. Соның жемісі десем қателеспеспін, ұжымда өз ісінің мамандары, ғылыми дәреже-атақтарын иеленген ғалымдар, салмақты да салиқалы, орнықты да ойлы, ілтипатты да ізетті азаматтар буыны өсіп жетілді. Ең бастысы адамгершілік қасиеттері жоғары, жандары таза, қоғам дамуына өз үлестерін қосқан, болашаққа сеніммен қарайтын басшы-мамандар қалыптасты. Олардың қатарында сол кездегі жас ғылыми қызметкерлер Сәлімгерей Тоққожин, Люткова Янна Никифоровна, Абилов Рухолла, Сұлтанбеков Қайыр, Жұмалиева Жамал, Жұмағалиев Жолдас, Наурызалиев Мәнау, Асанов Сағидолла, Мұқашева Гүлжан, Оспанова Келжан, Избергенов Құлынтай, Бекқожиева Күләш, Сәтбергенов Нармағанбет, Түсіпқалиев Құмарғали сынды азаматтар болатын. Өкініштісі, олардың көпшілігі бүгінгі күні арамызда жоқ. Олардың рухтары разы болғай! Ғылыми мекемеміздің басшысы, шын мәніндегі жетекші, қамқоршы, пана, тәлім-тәрбиесі сабақ, аз сөйлеп, көп тыңдап, нақты бір шешім қабылдайтын Нұрмұхан Ауданов ағамыз, ал ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жетекшіміз, директордың орынбасары – жүзі жарқын, қабағы ашық, имандылығы жүзінен көрініп тұратын, шындығы бетіне үйірілген, абыз, ғалым ағамыз Айтжан Иманғалиев болды. Қорқыт ағамыз осы ғылыми ұжымымыздың құрметіне бөленіп өтті. Ұжымымыздың сыйластығы сондай, жұмыс барысында, ғылыми есеп кезінде жас ғалымдар өзара күлдіргі әңгіме, әзіл-оспақтарды жиі айтып жүретін. Біздің ортамызда жиі айтылатын төмендегі өлең жолдары менің есімде қалыпты:

Жалғандықтың жартасы жартасы мықты қандай,
Жер жарылып жатса да нық тұрардай.
Ақтың аппақ екенін біреулерге,
Қиналасың дәлелдеп, ұқтыра алмай.

Немесе:

Пайда түспес жандарға сәлемі кем,
Көңіл керең, көз жарғақ, әдемі рең.
Биіктік пен тереңді өлшер дәйім,
Өз басының бықсыған әлемімен.

Сол сияқты:

Қабақ шытпай, күлімдеп жүр, күлімде,
Қиындықта сабыр сақта, түңілме.
Адамшылық – жылы шырай, жылы жүз,
Жылы сөзбен елжірейді көңіл де.

Осындай нақылдарға, әзілдерге көбіне әріптестеріміз Сәлімгерей Токқожин, Жолдас Жұмағалиевтар ұйтқы болатын. Осыдан-ақ сол кездегі жастардың аңғарымпаздығын, ойшыл ұмтылыстарын аңғаруға болатындай. Бұған ұжымдағы жастардың көркемөнерпаздар үйірмесі де көп ықпал етті. Мен өзім де осы ұйымда Қорекең ағамыздың ұсынысымен 1967 жылы партия қатарына кандидат болып қабылдандым, кейін мүшелікке өттім. Жас коммунист ретінде Қорекеңнің басшылығымен бастауыш партия ұйымының қоғамдық негіздегі тапсырмаларын (тәжірибе станциясының сапалы салынуы, методикалық тәсілдердің сапалы қолданылуы, тұқым шаруашылығы, агротехникалық шаралар, өнім өткізу есебі, т.б.) орындауға қатыстым. Сол жылдары Сарайшық селолық кеңесіне депутат болып сайландым. Мұнда да Қорекең ағамыздың ықпалы зор болғанын жоққа шығара алмаймын.

Жалпы Қорекең ағамыз саналы өмірін өрелі мақсаттарға сарп еткен жан. Данышпан Лев Толстой: «Адам өмірінде күмәнсіз бір бақыт, бұл өзге үшін өмір сүру», – деген екен. Абзал ағамыздың елі үшін тындырған ісі де, қалдырған ізі де сайрап жатыр. Ол ел басына түскен қиындықтан, бал дәурен балалықтың қызығын да көре алған жоқ. Жастайынан Жаманқала балық кәсіпшілігінде жұмысшы болып еңбекке араласты. 1925-1941 жылдар аралығында Доссор мұнай кәсіпшілігінде оператордың көмекшісі, оператор, есепші, бас есепші, кәсіподақ төрағасы қызметтерін атқарды. 1941 жылы майданға аттанып, 1942 жылы Одесса қаласында офицерлер даярлайтын училищені бітіреді. 1941-1943 жылдары бөлімше командирі, 1943 жылдан аға лейтенант шенінде рота командирі болады. Ол 195-атқыштар дивизиясының 565-атқыштар полкі, 301-атқыштар дивизиясының 1050-атқыштар полкі құрамында Батыс майдан, 3-Украина, 1-Белорусь майдандарында шайқасты. Мұндағы ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Қызыл ту» ордендерімен, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Кенисбергті алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», медальдарымен марапатталған. Аға лейтенант Қорқыт Байзақовтың взвод, рота басқарып, жау шептерін талқандағандағы батылдығы туралы №1050 наградаға ұсыну парағында: «Жолдас Байзақовтың басқаруындағы взвод 1944 жылдың 29 маусымында қарсыластарға оқ жаудыра отырып, жаудың 13 солдатын жойды. Ол өзінің батыл да, ержүрек іс-әрекеттерімен, шебер басқарушылық қабілетімен полктің Днестр өзенінің оң жағалауын азат етуіне үлкен көмек көрсетті.

Қ.Байзақовтың бұл ерлігі «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградтауға әбден лайық»,— деп жазыпты полк командирі майор Кульчий.

Қорекең ағамыздың отбасы да елге сыйлы, ұлағатты шаңырақ болды. Айналасына шуақ шашып жүретін Әсия апамыз да ерекше жан болатын. Тұла бойы тұнып тұрған мейірім мен рахымшылық болатын. Бүгінде алтын асықтай ұрпақтары да өз шаңырақтарын көтеріп, ұрпақ өрбітіп, қоғамға лайықты еңбек етуде. Лилиясы дүниеден ертерек озды. Оның ұрпақтары бар. Софья, Мақсот, Марат, Роза, Нүрия, Светалар өз орталарының сүйіктісіне айналған. Соның ішінде Марат Қорқытұлының мұнай саласына, оның ғылымына сіңіріп келе жатқан еңбегі — аймақ мақтанышы екені ақиқат. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген, міне, осы шығар. Қорқыт ағамыздың тағы бір қыры, ол ұлттық салт-дәстүрді терең қастерлейтін. «Ер қанаты — ат» дегендей, небір жүйріктер мен тұлпарларды ұстап, баптайтын, жарататын, бәйгеге қосатын. Оның әрдайым бабында тұратын қоян, түлкі алғыш тазылары болатын. Қорекең анда-санда тұлпарына мініп, тазысын ертіп аңға бара жатқанда біз сыртынан ұзақ қызықтап қарап қалушы едік. Бәйгеге қосқан аты озып келгенде балаша шаттанатын, шабандап қалса кәдімгідей жабырқап, оның себебін табу үшін байыз таппайтын.

Алып бәйтеректің саясы мол болатыны сияқты, жақсы ағалардың да әсері тек тұстастарына ғана емес, кейінгі інілеріне де, жастарға да зор болады екен. Мені 1969 жылы облыстық партия комитеті өз аппаратына, ауылшаруашылық бөліміне нұсқаушы лауазымына қызметке қабылдады. Кейін жоғары партия мектебін, аспирантураны тәмамдап, Балықшы, Махамбет, Индер аудандарында, облыста, партия, кеңес, шаруашылық салаларында жетекшілік еттім. Қай жерде, қандай лауазымда болмайын, әрдайым алғаш еңбек жолымды бастаған ғылыми ұжымымды, Қорекеңнен, Қорекең сияқты ағаларымнан алған тәлім-тәрбиемді ыстық ықыласпен еске алып жүремін. «Өткеннің өнегесі-бүгінгі күннің баға жетпес байлығы» деген мүмкін осы болар. «Чем больше жизни, тем дороже прошлое» деген орыс халқының нақылы бар, бұл естеліктердің жадымда мәңгі сақталып қалғаны да содан шығар. Сондықтан да Қорекеңдей асыл ағамыздың бейнесі ұмытылмақ емес.

Бұл кезде даңқың қалды арамызда,

Ісіңнің айналғандай бәрі аңызға.

Алыстан тұлғаланып көрінесің,

Өзіңсің өшпейтұғын санамызда, — деп, ойымды түйіндегім келеді.

Пейіште нұрың шалқығай, асыл АҒА!

Орынғали ҚАРАСАЕВ

соғыс және еңбек ардагері,

Атырау облысының Құрметті азаматы.

«Қариялар азайып бара жатыр» демекші, сонау сұрапыл соғыстың сұмдығы мен сұрқиясын көзімен көрген, қан майданда от кешіп, қар жамылып, мұз төсенген сарбаздардың, бүгінгі ардагерлер қатарының күн өткен сайын сиреп келе жатқаны өкінішті. Осындайда біздер, аға буын келер ұрпақ еліне бостандық сыйлауға үлес қосқан батырлардың ерліктері мен өнегелі өмірін біліп жүрсе екен, өздері көрмесе де, жадына түйіп жүрсе екен деп армандайсың. Біздің бүгінгі мақсатымыз осы – өмірден өткен әз ағалардың азаматтық істерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Отан алдындағы борышымды өтеп, әскер қатарынан оралғанымда жарқын қабақпен құшақ жая қарсы алған ағалардың бірі Қорқыт Байзақов болатын. Жасының үлкендігіне қарамастан бауырына тартып, қатарынан қалдырған жоқ. Ол кезде жас жігіттер үшін ел ағаларының жанында жүру үлкен құрмет болатын. Жатырқамай, айналасындағы жолдастарымен таныстырып, орталарындағы қуаныштар мен кездесулерден қалдырмауға тырысты. Кішіге ізет көрсетіп, ағалық қамқорлығын аямаған абзал азаматпен таныстығымыз осылай басталды. Тез араласып, бауырлардай болып кеттік.

Қорқыт Байзақұлы қарапайым, кішіпейіл, қандай іс болмасын үлкен жауапкершілікпен қарайтын тындырымды азамат еді. Мінезі тік әрі салқам болатын. Жанұяда жайлы, балаларын еңбекқор, ұқыпты әрі адал болуға бар жан-тәнімен тәрбиеледі. Өзі де қандай істе болмасын тиянақты, мұқият болды. Әсіресе, табиғат аясында жүргенді жаны сүйетін.

Кейін мен білім іздеп, ауылдан жырақ кеттім. Қорекеңмен арамыз ажырап қалды. Оқуымды аяқтап елге келсем, Қорқыт Байзақұлы Махамбет аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі екен. Сағынысып көрісіп, сыйластығымыз бұрынғыдан бетер арта түсті. Одан соң Қорқыт Байзақұлы жоспарлау комитетінің төрағасы, 1952-56 жылдары Чкалов атындағы совхоздың партбюро хатшысы, Сарайшық селолық кеңесінің төрағасы жұмыстарын абыроймен атқарды. 10 жылдан астам «1 май» совхозының кадр бөлімін басқарды.

Ол уақытпен санаспай, халыққа адал қызмет етті. Әсіресе, халықтық бақылаушы болып қызмет еткен жылдары қыс мезгілінде мал азығының орнымен жұмсалуды, көктем туса тұқымның

мезгілінде себіліп, талапқа сай отырғызылуын, жаз болса пішен дайындау науқанының барысын, ал күзде өнім жинау жұмыстарын қатаң бақылауда ұстайтын. Осы бағытта бірнеше тексерулер ұйымдастырып, бақылау тобы ашқан кемшіліктер бойынша нақты шаралар алуды ұсынатын. Ол туралы совхоз активтері «Біздің Қорекең халықтық бақылау тобының жұмысына әбден тауып қойылған адам» деп бағалайтын.

Соғысқа қатысқан ер-азаматтардың сүйсінерлік ерекше қасиеті – қан майдандағы ерліктерін айтып мақтанбайтын. Өзім де Ұлы Отан соғысына қатыстым. Бірақ, сарбаздармен әңгіме бола қалғанда «мен бұйттім», «мен мынадай немісті өлтірдім» болмаса «мен танк жардым» дейтін әңгімелер естілген емес. Қорқыт та біреу әдейілеп сұрамаса, соғыс туралы ашылып айта бермейтін. Әйтпесе, Қорекеңнің кеудесіне таққан «Қызыл жұлдыз», «Қызыл ту» ордендеріне, «Ерлігі үшін», «Берлин қаласындағы жеткен жеңісі үшін», «Варшава және Кинисберг қалаларын жаудан босатқаны үшін» медальдарына, Украина және Белоруссия майдандарындағы, Берлин қаласында жасаған ерлік істеріне мақтанып, көкірек көтеруіне әбден болады. Және ол өзі соған лайықты еді.

Есесіне, Қорқыт Байзақовтың ерен ерліктерін ел аңыз етіп айтып жүрді. Қатардағы жауынгер болып қантөгіс ұрыстарға араласқан Қорқыт Байзақұлының небір тар жол, тайғақ кешуді бастан өткергенін білетінбіз. Ол елінің абыройы мен бостандығын қанымен, жанымен қорғай білді. Қайтпас қайсар жауынгер кейін офицерлік курсты тәмамдап, қол бастады, ұрыстарға араласты. Қиындықтан қаймықпай жол таба білетін командир атанды. Взвод, рота басқарып, жау шептерін талқандады. Осындай ұрыстарда екі рет фашист оғы тиіп, қатты жараланса да қайтадан қанды шайқастарға кірді. Оның батылдығы туралы №1050 сталиндік атқыштар полкінің командирі, майор Кульчий «Жолдас Байзақовтың басқаруындағы взвод 1944 жылдың 29-шы маусымында қарсыластарға оқ жаудыра отырып, жаудың 13 солдатын жойды. Ол өзінің батыл да ержүрек істерімен және шебер басқарушылығымен полктің Днестр өзенінің оң жағалауын азат етуіне үлкен көмек көрсетті. Қ.Байзақовтың бұл ерлігі «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталуға әбден лайық», – деп жазды.

Соғыстан аға лейтенанттың шенін тағып, өңіріне жауынгерлік үш орденді қадап қайтқан солдат, сірә, некен-саяқ шығар. Айта берсе, Қорқыттың азаматтық, ерлік істері өте көп еді. Соғыстан кейінгі

кезде де Қорқыттың аты қара қылды қақ жарған әділдігімен, ел арасында орын алған кейбір кикілжің дау-таластарды шешіп, екі жаққа ортақ оң шешімді тауып отыруымен, дуалы ауыз өсиеттерімен және ұлағатты сөздерімен шықты. Әсіресе, жастар жағы көбірек жиналғанда бүгінгі қоғамда болып жатқан келеңсіздіктерді сол уақытта-ақ дөп басып айтып отыратын. Бүгінде қарап отырып таңырқаймын.

– Адам өз атын кісілікпен, ізгілікпен шығарады. Кісілікке қонақ-жайлылық, жомарттық жатады. Ал, ізгілік – адамды алғысқа бөлейтін, өзін өлсең де атыңды өлтірмейтін ерекше қасиет. Адам боламын десендер, айналайындар, Абай аталарың айтпақшы, жамандық атаулыдан алыс болыңдар. Жамандықтың да түрі көп. Мысалы, ашу ақылдың жауы. Ал, қорқақтық ездікке жетелейді, қорқақтықтың жолдасы – үрей, бұған кешегі соғыс кезінде көзіміз анық жетті. Жағымпаздық та сол қорқақтықтың ағайыны. Еріншектік пен жалқаулық – адамның аяғын бастырмас, көзін аштырмас, еңсені басып жүнжітетін ауру. Кісі боламын десендер, күншілдіктен қашық жүріңдер, – деп үнемі айтып жүруші еді.

«Атадан ұл туса игі, ата жолын куса игі» демекші, бүгінде Қорқыттың ұрпағы әке абыройын, әулет беделін жоғары көтеріп келеді. Жетеуін көргенде Қорқыттың тәрбиесін көргендей боласың. Барлығы – жоғары білімді мамандар, тәрбиесі жарасқан жандар. Бәрі де жанұялы.

Марқұм Лилиясы ұлағатты ұстаз болды. Қызы София Маңғыстау облысының бас терапевті, Ақтау қаласындағы емхананың бас дәрігерінің орынбасары, Алматы қаласындағы ҚР Президенттік Басқару клиникалық ауруханасында ұзақ жылдар дәрігер болып еңбек етті, ері Ғалым екеуі ұрпақ тәрбиелеп, еңбегінің зейнетін көріп отырған ардақты ана. Ата-аналары өмірден өткеннен кейін бауырларына бас-көз болып, әрқашан інілері мен сіңлілерінің хабарын біліп, жағдайын сұрап, үнемі анадай қамқор боп отырады. Бұл да жақсы әке мен ананың тәрбиесі десе жарасар. Ұлы Максот – Ақтөбе қаласындағы өкпе ауруларын емдейтін ауруханада дәрігер, үлгілі отбасы иесі. Мараты, Нұриясы мен Светасы – әр саланың инженерлері. Розасы әке жолын қуып, есеп қызметкері болды. Іштерінде облысқа ғана емес, республикаға танылған ғалым да бар. Байзақов Марат Қорқытұлы – талай мәрте жер астының құпия сырын ашқан елге танымал ғалым. Барлығы да Қорқыт сияқты ағайындардың торқалы тойы мен топырақты өліміне ортақтасып, әкеден жұққан

бауырмалдық қасиеттерге көлеңке түсірмей келеді. Аналары Әсия апай да өте кішіпейіл, алыс-жақынға бірдей әз ана болды. Қорқыт ағамыз түздің адамы болғандықтан, оның ошағының берекесін келтіріп, ағайын-туманың арасын жалғастырған, балаларының отбасы жылуын сезініп өсуіне үлкен еңбек сіңірген де осы Әсия анамыз болатын.

Қорқытты білетіндер «үлкен жүректі азамат еді», «жомарт жан еді» деп әлі күнге дейін құрметпен еске алып отырады. «Тау алыстаған сайын ұлғая береді» дегендей, әз ағаның тұлғасы мен ерлік істері, азаматтық болмысы мен парасатты бейнесі уақыт өткен сайын асқақтап келеді.

*Мақала 2014 жылы мамыр айында
«Егемен Қазақстан» және «Атырау»,
«Прикаспийская коммуна»
газеттерінде жарияланды*

Орынғали ҚАРАСАЕВ

*Ветеран войны и труда,
Почетный гражданин Атырауской области*

С каждым годом редуют ряды ветеранов войны, очевидцев той ужасной войны, которые шли в самом эпицентре огня, тяжелой кровавой дорогой к заветной победе. Нестерпимо жаль! Нам очень хочется, чтобы подрастающее поколение, пусть никогда не познает горестей войны, но всегда помнит и ценит доблесть и отвагу своих дедов и прадедов, принесших себя в жертву для нашей мирной жизни. Наша цель сегодня рассказать подрастающему поколению о гражданском долге наших братьев, жизни которых унесла война.

Когда я вернулся из армии, выполнив свой гражданский долг перед Отчиной, Коркыт Байзаков был первым, кто встретил меня с распростертыми объятиями. Несмотря на свой почтенный возраст всегда опекал и помогал мне. В те времена, для молодых ребят было большим почетом и уважением идти рука об руку с уважаемым человеком. Он знакомил меня со всеми своими друзьями, приглашал на все встречи. Вот так и началось мое знакомство с благородным человеком, не жалевшим заботы и чтившего окружающих. Мы быстро подружились и стали как родные.

Коркыт Байзакулы относился ко всякому делу очень ответственно и был, простой, благородный человек. Был прямолинеен и честен.

Прекрасный семьянин, вырастил своих детей трудолюбивыми и честными во всем. Очень любил природу.

Позднее, я поступил учиться и уехал из аула. Мы с Кореке расстались. По окончании института, я приехал и узнал, что Коркыт Байзакулы работает заведующим финансовым отдела Махамбетского района. Потом, Коркыт Байзакулы стал заведующим плановым отделом, в 1952-1956 годах стал секретарем партийного бюро совхоза имени Чкалова. Был председателем сельского совета села Сарайшык и более 10 лет проработал начальником отделом кадров совхоза «1 Май».

Не считая ни с чем, он честно служил народу. Особенно в годы когда работал народным контролером всегда следил за своевременностью всех сезонных работ: будь это зима – следил за рациональным использованием всех кормов для животных, весной за своевременным посевом, летом за заготовками на зиму, а осенью за сбором урожая. Целенаправленно работая в данном направлении, организовывал проверки, по выявленным недочетом всегда предлагал рациональные и правильные решения. Его работу ценили, а совхозные активисты говорили, что «Наш Кореке по работе группы народного котроля – просто незаменим».

Особенная черта фронтовиков – они не любят рассказывать о войне, и своих подвигах на кровавых полях битвы. Я ведь тоже фронтовик. Но как только речь заходила о войне никто не рассказывал о том, кто сколько немцев убил или сколько вражеских танков подорвал. И Коркыт также, если не спросить напрямую, говорил о войне неохотно. А ведь Кореке кавалер орденов «Красная звезда», «Красная знамя», медалей «За отвагу», «За победу в Берлине», «За освобождение Варшавы и Кенинсберга», как никто другой с гордостью мог рассказывать о своих победах.

Но, в народе ходили легенды о подвигах Коркыта. Мы были слышаны о его подвигах, лишениях и невзгодах, через которые он прошел рядовым солдатом. Будучи отважным солдатом, он окончил офицерские курсы, руководил ротой, шел в наступление. Стал известен как бестрашный офицер, который не боится трудностей. Командовал взводом, ротой, разбивал вражеские отряды. В таких боях его два раза ранило, несмотря на тяжелые ранения он всегда оставался в строю. О его доблести говорит командир Сталинского стрелкового полка 1050, майор Кульчий «Взвод под командованием товарища Байзакова 29 июня 1944 года вступил в схватку с фашистским отря-

дом и уничтожил 13 солдат врага. Он вместе со своим отрядом внес огромный вклад за завоевание полком правого берега Днестра. За эту отвагу К.Байзаков достоин ордена «Красная звезда Немного таких солдат, которые вернулись с войны с тремя орденами за отвагу и с чином старшего лейтенанта. Но раз уж говорить, у Коркыта много поступков настоящего гражданина и отважного воина. И в послевоенные годы Коркыт славился своей справедливостью, умением находить справедливые решения в конфликтных ситуациях. Особенно умел найти нужные слова подбодрить сельчан, разумно рассуждал о совершающихся в обществе кризисах. И сегодня я удивляюсь, тому что он говорил.

– Человек славит сове имя человечностью, честью. К человечности относится гостеприимство и щедрость. А честь – особенное качество, которое будет славить тебя и после смерти. Родные мои, коли хотите стать людьми, как говорил Абай, держитесь подальше от всего плохого. Плохое – многолико. Например, гнев – враг рассудительности. Трусость – товарищ страха, я убедился в этом во время войны. Подхалимство тоже товарищ трусости. Лень – путы на ногах, шоры на глазах людей, болезнь убивающая человека. Держитесь подальше от зависти – это он повторял часто.

«Доброе потомство – доброе наследие» – так говорят в народе. Так и наследники Коркыта с честью носят имя своего отца. Когда видишь его семерых – сразу видно воспитание Коркыта. Все образованные и воспитанные. У всех есть семьи. Покойная Лилия – была признанным педагогом. София и Максат – доктора, Марат, Нурия и Света – инженеры в разных сферах. Роза пошла по стопам отца, и стала бухгалтером. Среди них есть ученый, имя которого известно не только в области, но и во всей стране. Байзаков Марат Коркытулы – ученый, открывший тайны недр земли. Все они как и Коркыт, заботливы к своим родным, и не обделяют ни временем ни вниманием, как и радостные так безрадостные события семьи. Мать Асия была очень доброй, и всеми любимой матерью. Коркыт по роду профессии часто не бывал дома, а супруга была хранительницей очага, воспитывала детей в тепле и уюте, поддерживала неразрывную связь между членами всех родственных им семей.

Все, кто знал Коркыта поминают его добрым словом, и говорят, что он был очень щедрым, и человеком с большим сердцем. Говорят «Чем дальше гора, тем она больше» – так и личность Коркыта, его благородные черты и дела со временем становятся только ценнее.

Қажымұқан ЕСҚАЛИЕВ

Қазақстан журналистер Одағының мүшесі

Аға лейтенант, азамат

Біздің қазақ халқында «жеті ата» деген ұғым бар, кез-келген қазақ баласы жеті атасын білуі керек деген жалпыжұрттық қағида да өмір сүріп келеді. Әрине, жеті атасын түгендеп, олардың кім болып, өмірде не бітіргенін кез-келгеніміз біле бермейміз, бұны білімсіздік десек орынсыз болар еді, өйткені, жеті атаны білу үшін қажетті шарттар бар, олардың ең негізгісі – оны ұрпаққа жеткізетін адамдардың болуы. Кейде сондай адамдардың болмауына немесе олардың дүниеден ерте өтуіне байланысты жеті атамыз туралы білгеніміз жеткіліксіз болып жатады. Бірақ, сол жеті атаның жалғасын, ұрпағын, олардың болмысын, адамгершілік бейнесін көріп, «жеті атаның» да қандай болғаны жайында тұжырым жасауға әбден болатын сияқты.

Бұны айтып отырғанымның себебі, мен Байзақов Қорқыт есімді ағаны білмес бұрын ол кісінің атасы, Шалда деген кісінің артына тарихи да, әдеби де мол мұра қалдырған, Батыс Қазақстанның тулақтай төбешігінің атауына дейін жадында жаттап, ұрпағына тастап кеткен ақын, дипломсыз геолог, өңіріміздің картасын санасында сызған саяхатшы Мұрат Мөңкеұлының – жан досы болғанын, ақынның соңғы демі де Шалданың үйінде біткенін, сол үйден жерленгенін ел аузынан естігенім бар еді. Ал Атыраудың айтулы азаматы, соғыс ардагері, аға лейтенант, жауынгерлік үш орден мен бірнеше медальдардың иегері Қорқыт Байзақұлымен жетпісінші жылдары кездесіп, аз уақыт болса да әңгімесін тыңдағаннан кейінгі алған әсерім зор болды. Мен ел аузынан ғана естіген Шалда есімді кісінің мен үшін жұмбақ бейнесін немересі Қорекеңнің күнделікті кеңшар шаруашылығы жайлы айтқан әңгімесінің өзі қаншалықты жарқырата түскені Қорекеңнің қандай атаның ұрпағы екендігін түсіндірді. Бірнеше ұл-қызы болған Шалда атаның Байзақ атты баласының ұлы Қорқыт өзінің қасиет пен қабілет толы жаратылысын еліне ерте жұмсай бастаған адам. 1912 жылы Өрлік ауылында дүниеге келген, Қорқыт, он жеті жасынан бастап Жаманқала ауылында балық аулау бригадасында жұмысшы болып, сол кезден-ақ өзінің сан қырынан таныла бастаған екен. 1930-1940 жылдар аралығында «Эмбанефть» өндірістік бірлестігіне карасты Доссор мұнай кәсіпшілігінде оператордың көмекшісі, оператор, жұмысшылар комитетінің хатшысы, төрағасы болып сол кездегі мігірсіз еңбек

еткен адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытында жас жігерін сарқа жұмсап жұмыс жасайды. 1941 жылы майданға аттанып, 1942 жылы Одесса қаласында офицерлер даярлайтын училищені бітіреді. 1941-1943 жылдары бөлімше командирі, 1943-1946 жылдары аға лейтенант шенінде рота командирі болады. Ұлы Отан соғысы кезінде құрамы бірнеше ұлт өкілдерінен тұратын ротаны басқару оңай емес еді, сол себепті де рота командирлігіне ерлігімен де, саяси білімімен де, көзге түскен, сыналған, әрбір жауынгердің жан-дүниесін түсіне, тілін таба білетін офицерлер ғана тағайындалатын. Әрине, соғыс кезінде командирдің бұйрығын орындамау қылмыс саналды, бірақ тек қана бұйрықтың күшімен адам жұмсау, тек жұмсау емес ажал оғына қарсы жұмсау алысқа апармас еді. Соғыста командирге бағынышты солдаттың сеніміне ие болған командир ғана оны атақаға көтере алатын, ал Қызыл Армияның аға лейтенанты Қорқыт Байзақов «Отан үшін, Сталин үшін» деп, өзінің ашық та, сенімді, батыл дауысымен өз ротасын шабуылға қанша рет көтергенін біз білмесек те тарих біледі. Оның майдан даласында үш рет жаралануы да батылдығының айғағы. 195 атқыштар дивизиясының 565 атқыштар полкі, 301 атқыштар дивизиясының 1050 атқыштар полкі құрамдарында Батыс майдан, 3-ші Украина, 1-ші Белорус майдандарында шайқасып, ерліктері үшін «Красная звезда», «Боевого Красного Знамени», ордендерімен, «За взятие Берлина», «За освобождение Варшавы», «За взятие Кенигсберга», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» медальдарымен наградталған. Бірнеше әскери-жауынгерлік медальдар иегері. Жауынгер Қорқыт Байзақов туралы жазылған естелігінде Ұлы Отан соғысының ардагері Орынғали Қарасаев: Соғысқа қатысқан ер-азаматтардың ерекше қасиеті қан майдандағы ерліктерін айтып мақтанбайтындығы. Қорекең де біреу әдейілеп сұрамаса ашылып айта бермейтін. Әйтпесе, ол кісінің кеудесінде жарқыраған «Қызыл жұлдыз», «Қызыл Ту» ордендері, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» медальдары – Украина, Белоруссия майдандарындағы, Берлин қаласын алудағы ерліктері қандай мадаққа да сай бола тұра ол соғыстағы ерліктерін Отан алдындағы міндетім ғана деп түсінді. Есесіне, оның ерен ерліктерін ел аңыз етіп, кейінгі ұрпаққа насихат етіп айтып жүрді... Аға лейтенант Қорқыт Байзақов взвод, рота басқарып, жау шептерін талқандауда әрдайым алда болды. Оның батылдығы туралы № 1050 наградаға ұсыну парағында: «Жол-

дас Байзақовтың басқаруындағы взвод 1944 жылдың 29-маусымында қарсыластарға окжаудыра отырып, жаудың 13 солдатын жойды. Ол өзінің батыл да ержүректілік іс-әрекеттерімен, шебер басқарушылық қабілетімен полктің Днестр өзенінің оң жағалауын азат етуіне үлкен көмек көрсетті. Қ. Байзақовтың бұл ерлігі «Қызыл жұлдыз орденімен наградауға әбден лайық» деп жазыпты полк командирі майор Кульчий. Жалпы Қорқыт Байзақовтың Ұлы Отан соғысындағы батырлығы, оның елге оралғаннан кейінгі ерлікке тұрарлық еңбегі туралы баспасөз беттерінде бірнеше рет жазылған. Елге оралғаннан кейін 1946-1948 жылдары Мақат аудандық қаржы бөлімінде бас есепші, 1948-1950 жылдары Бақсай аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі, 1956-1976 жылдары Ембі аудандық жоспарлы тексеру тобы жетекшісі, НПУ Мақат партбюро хатшысы, Сарайшық ауылдық кеңес төрағасы, «Первомайский» кеңшары партия комитеті хатшысы қызметтерін атқарып зейнеткерлікке шыққан. Қорекеңнің «Первомайский» кеңшарының партия ұйымын басқарудағы жемісті жұмысы бір кездегі майдан даласындағы адамдармен жұмыс жасап, оларды ұйымдастыру, мақсатты істің уақытылы орындалуына бір кісідей жұмылдыра білу тәжірибесінің бейбітшілік жылдарында да пайдаға асуының көрінісіндей сезіледі. Себебі, кеңшар жұмысы да оңай шаруа болған жоқ, ол да «мылтықсыз» демесек, нағыз майдан еді ғой! Өзінің жары, жан серігі Әсия апаймен бір бақытты да, өнегелі, кең керегелі, ұл-қызды шаңырақтың астында көпшілік үлгі тұтар жанұя басшылары болды. Майдангер әке мен тыл майданының жауынгері болып, Ұлы Жеңістің жакындауына өз үлесін қосқан ана өздерінің өмірге, отанға деген кіршіксіз көзқарастарын ұрпақтарына дарыта тәрбиеледі. Қызы Лилия (марқұм) ұстаздық етіп, шәкірттер, ел болашағы иелерін тәрбиелеп, оларға патриоттық тәрбие дарытумен өтті. София жоғары санатты дәрігер болып, оңтүстік астанамыз Алматы қаласында жемісті еңбек етіп, ел құрметіне бөленді. Софияның жолдасы Махамбет орта мектебінің түлегі Ғалым Оразбаев та елімізге белгілі, Алматы қаласының сәні мен сәулетіне, инженерлік желілерінің салынып, пайдалануына зор еңбек сіңірген құрылыс инженері. Ұлы Мақсот та білікті дәрігер. Марат, Нүрия, Света – инженерлер, әр саланың қызметкерлері. Розасы есеп-қисап саласының маманы.

Қорекең мен Әсия апайдың ұрпақтарын көріп, жоғарыда айтқанымыздай олардың ата тегінің қандай адамдар болғанын сезіну, арамыздан олар кеткелі жылдар өтсе де олардың адами бейнесін

көзімізге елестету қиын емес. Мен осы тұрғыда Қорекеңнің ұлы, Уфа қаласындағы мұнай институтын бітірген инженер, Халықаралық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының құрметті геолог-барлаушысы, «Құрмет» орденінің, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалінің иегері, мұнай өнеркәсібі саласының майталман маманы Байзақов Марат Қорқытұлының ата тегінің жолын ұстанған азамат екендігін атай кеткім келеді. Бұл азамат та өзінің шебер ұйымдастырушы, ғалым, жалпы қайырымдылық, көрегенділік қасиеттерімен, меценаттық мырзалығымен ел құрметіне бөленген, ата тегінің қандай екенінің анықтауышындай, жомарт та жайсаң жаралған азамат. Бей нелеп айтар болсақ Шалда қарттың шөбересі, Қорекеңнің азаматтық бейнесінің көшірмесі.

Елін ерлікпен қорғаған, ерлік пен еңбекті бізге мұраға қалдырған, айтар ақылы, берер кеңесі мол, өмір мектебінде көп оқыған, өнегелі де білімді ұрпақ тәрбиелеген Байзақов Қорқыт аға ел-жұрт құрметіне бөленіп өтті. 1979 жылы қайтыс болды.

*Мақала 2015 жылы мамыр айында
Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы»
газетінде жарияланды*

Ахат ТӘЛТЕНОВ

*Атырау облысының аудандарында басшылық қызметте болған,
ауыл шаруашылығы саласының ардагері. Қазір Атырау қаласында
тұрады.*

Жалындаған жастық шағымның естеліктеріне толы сол күндерді әлі сағынышпен еске аламын. 1970 жылы Алматының зооветеринариялық институтын бітіріп, «1 май» совхозына зоотехник болып келдім. Бұл кезде Қорекең совхоздың кадр бөлімін басқарады екен. Маған жас маман ретінде оң бағыт берген, алдағы болашағыма бағдар берген жақсы ағаның қай қасиеті де маған өнеге болды десем, еш артығы жоқ. Қызмет бабында өте тындырымды, жауапкершілігі аса жоғары, тәртіпке баса мән беретін адам еді. Соғыс ардагері болғасын ба оның барлық іс-әрекеті, жүріс-тұрысы, тапсырма беруі мен оның орындалысын талап етуі әскери адамды еске салатын. Орыс-қазағы аралас шағын ауылмыз ғой, оған қиындығын айтып келетін адамның шегі болмайтын. Біреудің баласы тәртіпсіздік қылады, біреудің күйеуі арақ ішіп қояды немесе үйіне тиіседі, соның

бәрінде қандай тентек болмасын тезге салып, сабасына түсіретін. Жастығымыз болар, кейде сондайда «Қореке, соны қайтесіз, өздері шешер», – десек: «Ол маған сеніп шаруасын айтып тұр ғой, көмектеспесем кім болғаным?» – дейтін. Осындай әрекетімен ой салатын, өнеге көрсететін. Кімнің үйінде той болса қуанышын бөлісуге де, қайғысына ортақтасуға да уақыт табатын. Халықтық бақылау тобының жетекшісі ретінде оның тындырымдылығы, ешқашан ерінбейтіні көпке үлгі болатын. Жұмыс бабы ол өз алдына, біз өте тату көрші болдық. Үйінен қонақ арылмайтын, қазаны оттан түспейтін, шуақты шаңырақ болды. Әсия апай өзіне лайық адам болатын. Қорекеңнің мінезіне тұп-тура қарама-қарсы мінез, өте салмақты, бір де бір рет оның дауыс көтергенін естімеген екенмін. Балалары өте еңбекқор, оқуға да алғыр, талапты балалар болды. Кішкентайынан атқа мініп, бәйгеге шапты, үнемі жүлделі болып жүрді. Үйдің ішкі де, сыртқы да шаруасына балаларды әбден үйреткені есімде. Ол қай істе де жол табатын. Бір бітпеген ісінді айтсаң, ол сол істі қалайда шешудің жолдарын табуға тырысатын және шешетін де. Күлбілтені білмейтін, қандай істе де әділін айтатын. Тез ашуланатын да, тез қайтатын. Ол ұрысса да үндемей, әділ екенін іштей мойындап тұратынбыз. Жаспыз ғой, кейде ұйқымыз қанбай тұрамыз, сонда: «Ерте жатып, ерте тұр. Сонда тынығып қаласың», – дейтін. Сергек жүруге, әр күні алтыннан қымбат жастықты қадірлеуге ақыл беретін. Немересі Болат ауылға келгенде, жетектеп қасынан тастамай: «Осы Болаттың атқа шапқанын, бәйгеге қатысқанын көрсем...», – деген арманын айтатын. Ондай адамдардың орны бөлек қой. Өзім үшін де, біздің отбасымыз үшін де өте қымбат жан еді. Өмірден ерте кеткені өкінішті, бірақ артында жақсы атын жалғастырар ұрпағы қалды, өзі жаққан оты өшкен жоқ. Өмір жалғасы да осы шығар....

Шамиль КАКИШЕВ

Білім беру саласының ардагері. Қазір Атырау қаласында тұрады.

Мен Қорекеңді ең алғаш 1956 жылы қыста көрдім. Ол кезде мен ол кісіні танымайтын едім. Бір күні келе жатсам, алдымнан атшана жеккен адам қарсы ұшырасты. Оның аты да, шанасы да, оған қолданған саймандары да көз тартарлықтай әдемі болатын. Шананың өне бойына жезден жүргізген өрнектері кісі қызығарлықтай еді. Ал шанаға жеккен торы атты айтыңыз! Тұнып тұрған әсемдік! Жүгені бірыңғай томпақ жезбен өрнектелген, доғасында да сондай өрнек,

делбесі де, құйысқаны да жезбен әсемделген. Қолында дойыр қамшы, үстінде әскери киім, галифе шалбарлы адамның соңынан ұзақ қарап тұрғанымды байқамаппын. Таңғалғанымды несін жасырайын. Бұрын-соңды атшананы осындай әдемі, келісті етіп сәндегенді көргенім. Қасымдағылардан сұрасам, олар бұл кісінің Кулагинода тұратын, райфинотделдің бастығы Қорқыт Байзақов екенін айтты. Сол келбетінің өзімен-ақ атты, көлікті өте бағалаған адам екенін байқатты. Әлі күнге сол бейнесін сүйсініп есіме аламын. 1970 жылы Чкаловқа мектеп директоры болып бардым. Осы кезден бастап Қорекеңмен жақын таныстығым басталды. Оның іскерлігі, әскерилерше қалыптасқан тапсырма беру мен оның орындауын талап етуі сол кездің өзінде аңызға айналып еді. Қорекеңнің берген тапсырмасы қалайда орындалатын. Жұмысқа жауапкершілігі өте жоғары болатын. Ауылдың ішкі тәртібіне Қорекеңдей жаны ашып араласқан азамат сирек болар. Ауылда тәртіп болуына үлкен көмек қылды. Ол кезде қазіргідей «біреудің шаруасы» деген ұғым болмайтын еді ғой. Адамдар біріне бірі шын жаны ашып, қолынан келген көмегін аямайтын еді. Сондай істің алғы шебінде Қорекең жүретін. Басына ауыртпалық түскен отбасылардың Қорекеңнің көмегін көрмегені жоқ. Бүкіл ауылға, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін Қорекеңнің ісі үлгі болды. Балалары мен басқарған мектепте оқыды. Бәрі де отбасы өнегесін көрген балалар. Өте жақсы араластық, сыйластық. Қыздарыммен қыздары қатар оқыды. Жақсы істерін әлі күнге ұмытқаным жоқ, еліне жанашыр болған, қоғамға, қызметіне адал болған тұлғаның бірегейі болған адам деп еске аламын.

Замандасы Сапаш БИСАЛИЕВ

Мен Қорекеңмен қатар жүрген, үзеңгілес болған інісінің бірімін. Ол кісіні білетін, сыйлайтын жолдастары өте көп болатын. Еліне, жүрген ортасына сыйлы болған, өз ісін өз дәрежесінде атқара білген, үлкен- кішіге өнеге болған ағамыз еді. Өз қызметінде өте жауапты, талапты қоя да, орындата да білетін. Қай кезде де ондай адамның орны бөлек қой. Керек жерінде қатты да, тәтті де айта білетін, өте бір шебер ұйымдастырушы болды. Өмірден өткенше қасында болдық, соңғы қонағын бірге атқарыстық десем, артық айтқандық емес. Қорекең мен Әсияның еске алатын, атап өтуге тұратын талай жақсы істерін көрдік. Екеуі өте қонақшыл, үлкен-кішіні құрметтей

білетін еді. Төрінен қонақ арылмаған, көпшіл, берекелі шаңырақ еді. Ұрпақтары да ата жолын білетін, ана сыйлаған ұрпақ болып өскеніне разы боламын. Қорекеңнің балалары ата-анасының атына сөз келтірген жоқ. Олардың да ұрпағы сондай құрмет көрсетсін деген тілегім бар.

Замандасы Сираж ТӨЛЕНОВ

1952 жылдан Қорекеңмен жұмыстас болдым. Екеуміз нағашы-жиенді болып араластық, еш ренжісіп көрмеппіз. Қашан көзі жұмылғанша бірге жүрген, қасында болған аға да, дос та болған қамқоршым еді. Біріміздің үйімізде шай қайнаса, екіншіміз сонда болатын, тату, заманымыз бір дос едік. Жұмысына өте мұқият, жолдасына жанашыр, қасында жүрген үзеңгілестеріне өте қайырымды, қолынан келген көмегін аямаған адам еді. «Тіке айтамын, сол үшін көп адамға жаға бермеймін. Жоқ-жітікке, жетім-жесірге көп көмектесем, маған өлгендерден болмаса, тірі кісіден көп алғыс бола қоймас», – деп, әзілдеп күлетін. Дүниеден өтерінде Махамбеттің ауруханасында жатып, мені шақырды. Барсам төсегінде отыр екен. «Бұл ауру мені ала келгенге ұқсайды. Мен кеткесін ағайын-туғаныммен бірге менің қонағымда жүрерсің, шаруамды атқарысарсың», – дегендей әңгімелер айтты. Шынымды айтсам, мен сенгенім жоқ, өзі сондай мықты, жігерлі адам, ауруға бой бермей жазылып кететіндей көріп сендім бе, әлде ақылшы дос-ағаны өлімге қимадым ба, білмеймін. Бір жағынан өзі кеткеннен кейінгі шаруаны тап бір жұмыс бабымен кетіп бара жатқандай етіп айтқанына әлі таң қалам. Өлімге мойынсұну ма, әлде батырлық па? Әлде Алланың ісі деп көну ме? Әлі күнге таңмын. Қасында жүргенде ешқашан өлместей көретін, өмір таусылмастай көретін әдеті емес пе, жұмыр басты пенденің. «Бір бала бар, әкеден өте туады, бір бала бар, әкеге жете туады, бір бала бар кері кете туады» дейді ғой қазақ. Қалай туды, былай туды демей-ақ қояйын, балалары Қорекеңе сөз келтірген жоқ. Көзіміздің алдында өскен балалар болғасын ба, өзімізге соншалық ыстық, жанымызға жақын тартып тұрамыз. Олар да бізді көргенде ата-анасын көргендей болатын шығар, әйтеуір қол үзбей, амандық-саулық білісіп тұрады. «Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін» деген сөздің ақиқаты да осында шығар...

Ұлықпанов Ермек Мырзагерейұлы

1950 жылы туған. Ауыл шаруашылығында еңбек еткен. Қазір шаруа қожалығын басқарады. Махамбет ауданы Бейбарыс ауылында тұрады.

Менің атам Дүйісов Ұлықпан Қорекеңмен аса сыйлас болған адам еді. Әуелі атам туралы аз ғана сөз. Ол 1880 жылы туған, туған жері он екінші ауылда, отыз үйлі Себек Бөрте атанған ауыл екен. Атақты Исатай мен Махамбет көтерілісіне қатысқан Үбі батырдың жиені. Атамды заманында Атырау өлкесінде білмеген жан сирек шығар. Мен ол кезде баламын ғой, көп жайлар есімде жоқ, балалықпен назар аудармадым ба білмеймін. Мен Мақсотпен бірге оқыдым. Атам мен Қорекең екеуі жезделі-балдыз болып араласатын. Әзілдері жарасқан адамдар еді. Ол кездің адамдары сөз қадірін білетін, адамдықтың жолын ұстанған адамдар еді ғой. Ол кезде партияның заманы, коммунист деген адалдық деген сөзбен бір еді. Қорекең нағыз коммунист болатын. Адалдығы, қоғам жұмысына деген тазалығы бүкіл ауылға үлгі еді. Не айтса де тіке айтатын, ешкімнің бет жүзіне қарамайтын тура, әділетті еді. Балаларын өте күшті тәрбиеледі, балаларының бүгін қандай жақсылыққа қол жеткізсе де, алдымен отбасынан алған тәрбиесінің көрінісі. Ат жаратқаны, балаларының атқа мінгені, талай бәйгелердің алдын бермегені бәрі есімде. Өте таза, талап қоюы да, оны орындатуы да ерекше адам еді. Нағыз өз заманының адал перзенті болған адам. Ауылдың барлығы оны тыңдап, ақылына жүгінетін. Оның алдынан мәмілеге келмей аттанған адам болмаған екен. Үлкенді сыйлап, ақылын тыңдаған заман ғой. Бүгінгі заманда өзгеге жаны ашып, жақсылық болсын деп, жан аямай жүретін ондай адамдар аз.

Амиров Хабиржан Абдырахманұлы

1941 жылы туған. Ауыл шаруашылық ардагері. Төменгі Жайық суландыру басқармасы Құрсай насос станциясының бастығы болып қызмет атқарған. Қазір Махамбет ауданы Сарайшық ауылында тұрады.

Біздің ұрпақ – соғыстың зардабын ең көп шеккен ұрпақ. 13 тамызда мен дүниеге келіппін де, 17 тамызда әкем соғысқа аттаныпты. Менен үлкен үш ағам мен бір апам, менімен бес баламен анам әкемнің жолына қарап, қала беріпті. Әкем Амиров Абдырахман

Гатауылұлы сол кеткеннен оралмады. Оның ең соңғы хатын анам 1943 жылы алыпты. Біз әкемізді өмір бойы күттік. Содан да болар соғыс даласын көрген, соғыстан аман келген әр азамат біз үшін әкемізді көріп келгендей әсер қалдыратын. Мен әлі күнге дейін әкемнің замандастарын сағынышпен еске аламын. Солардың бірі Байзақов Қорқыт Байзақұлы болатын. Біз ол кезде Сарайшықта тұратынбыз. Ең алғаш көргендегі суреттей әдемі, әскери форма киген, аса сымбатты жас жігіт әлі көз алдымда. Менің бала қиялымда ол ертегінің батыры сияқты елестейтін. Кейін апам Зайтунаны алуға бас құда болып келді. Қорекең өте беделді, сыйлы болды. Ол келе жатыр дегенде, ауыл аяғынан тік тұратын еді. Чкаловта халықтық бақылау ұйымының жетекшісі болып жүргенде, ол кісінің өзі ауыл адамдарын ұйымдастырып екен үлкен парк болды. Ауылдың үлкендері мен жастарын ұйымдастырып, өзі қадағалап жүріп, сол парктің жақсы болып көркеюіне ұйтқы болып еді. Ауылдағылар оны «Қорекеңнің паркі» дейтін. Қазір бар-жоғын білмеймін. Нағыз табиғаттың, елдің жанашыры еді. Ауыл жастарының тәрбиесі мен тәртібіне асқан жанашырлықпен қарайтын. Мына бір оқиға есіме түсіп отыр. 1961 жылы мен армия қатарына шақырылдым. Менімен бірге бір топ жас жігіттер бар. Ертеңіне жүретін болып, шашымызды алғызып, сол күні би кешін ұйымдастырмақшы болдық. Өзімізше елді таң қалдырмақ болып, кинодан кейін бұрын әскерде болғандардың киімдерін сұрап алып киіп, би кешіне баруға шықтық. Қалай екенін кім білсін, ауылда солдаттар толып жүр дегенді естіген Қорекең жетіп келді. Бәріміз әскери киімді тастап, биге күндегі киіммен бардық. Балалық-ай десеңші.

Ауылдың қандай тентегі болса да Қорекеңнің алдында мінез көрсетпейтін. Адамға сондай жаны ашығыш, қамқорлығын аямайтын, өте әділ адам болатын. 1957 жылы су тасығаны белгілі. Мен жетінші класта оқимын. Су тасқынынан сақтануда ауылдың үлкен-кішісі жұмыла жүрді. Сонда Әсия апай берген мешоктардың арқасында ауылды су басу қаупінен аман алып қалды. Сонда Қорекеңнің де, Әсия апаның да адамдар үшін жасаған ерлігінің куәсі болғанбыз. Кейін сол мешоктардың жетпегенінің кесірінен апай сөзге ілінді. Қорекеңнің адалдығын сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Оған қоса өте балажан болатын. Бірде, нешеде екенімді білмеймін, бір топ жетім баланы колхоз председателінің полуторка машинасымен Индердің тұзына апарғаны есімде. Балалардың бәрінің де әртүрлі аурулары бар, өз бетімен тұзға бара алмайтын,

жағдайы жоқ отбасының балалары болатын. Тұздың басына қой апарып сойды, бір апта емделіп, кері қайттық. Біз үшін санаторийден кем болған жоқ. Ол кісінің сондай балажандығын білетіндіктен болар, әйтеуір оның атына мінуге керім құмар болдым. Бірде атына мінейін деп, жалынып сұрап алдым. Қоян аулайын деп қоймағасын, көңілімді жықпайын деді ме, екі тазыны ертіп, атына мінгізіп жіберді. Алма бағынан шыға бере бір қоян қашты. Тазылар әп-сәтте қоянды қуып жетті де, ұстап алды. Аттан түсіп қасына барған мені тазылар баласынды ма, ырылдап, жақындатпады. Мен үйге қарай тұра қаштым. Сол жерде ат қалды байлаулы. Келіп, Қорекенге айттым, жыламсырап. Сонда Қорекен еш ренжіместен, бір шақырымдай жерде қалған атына жаяу барып алып келді. Біз әкемізді көрмесек те, оның замандастарын көрген, олардан өнеге түйген ұрпақпыз. Оның берген тәрбиесінің жемісін балаларынан көремін.

Ян Давид Геннадьевич. Мұнайшы

Балалық шағымды еске алсам, Чкалова ауылы мен ондағы сандаған ұлт өкілдерінің тату-тәтті тұрған сол бір мамыражай кезі елестейді. Біз, кішкентай балалар, Қорқыт ағаның үйіне баруға құмар едік. Өйткені ол кісі үнемі атқа мініп жүретін. 1950 жылдардың басында, көкөніс өсіретін ауылда тұратын біздер үшін, атқа мінген адам ерекше болып көрінетін. Ол аз болса, ол үйде екі бірдей тазы ит болатын. Ит болғанда қандай, жай үй күзететін иттер емес, аң аулайтын иттер еді. Сонымен қатар менің есімде ұзындығымен ерекшеленетін, ұшына қорғасын құйылған, сабына дейін терімен өрілген қамшысы қалыпты. Ол үйдің кіре берісінде ораулы күйінде ілулі тұратын. Біз Қорқыт аға аулап келген қасқырды, ия болмаса жабайы қабанды көру үшін жиі-жиі жүгіріп келіп тұратынбыз. Ол кісі бізді ешқашан қумайтын, ұрыспайтын. Бәріміздің атымызды, кімнің баласы екенімізді, бәрін жатқа білетін. Оның үстіне мен Лилиямен бір класта оқитынмын.

Үлкендер ол кісінің аңға қарусыз шығатынын айтатын. Атқа мініп, қасына екі итін ертіп, өрім қамшысын қолына алып аңға шыққанда ешқашан олжасыз қайтпайды екен. Үнемі ықшам киінетін, әскери китель мен галифе шалбар, етікпен жүретін, кеудесінде ордені болатын. Өте салмақты, сұсты келбетінен тәртіп пен жинақылық аңғарылатын. Біздің үлкендер оның сонау қиыншылық

жылдары қоныс аударып келген кәрістерге документтерін дұрыс алуына, өтініштер жазуға бар қолынан келгенінше көмектескенін үнемі айтып отыратын. Ешқашан ешбір ұлттың баласын алаламай, бәріне көмектескенін көзін көргендер әлі айтады.

Ян Давид Геннадьевич. Нефтяник

Вспоминая детство в пос. В.Чкалов, где проживала вместе со всеми семьями корейцев, семья Байзаковых, нас мальчишек тянуло к Коркыт-ага к отцу Марата. Во первых, он всегда был на лошади, что было редкостью в деревне в начале 1950 годы, где хозяйство исключительно овощеводческое. Во вторых, это две его собаки, статные, умные с бело-оранжевыми боками окраски (каких не было ни у кого в деревне, одни дворняжки), ими оказались русские борзые. И еще, в памяти до сих пор запечатлело его кнут, длинная плетенная кожаная со свинцовым наконечником, с оплетенной из кожи ручкой. Она висела у них на стенке в прихожей, собранная в круг. С ребятишками часто сбегали к ним во двор, смотреть то на убитого волка или дикого кабанчика принесенного Коркыт-ага. Он никогда не прогонял нас, как это обычно бывает, доверял что ли нам, он знал каждого из нас по имени, кто чей сын, к тому же мы учились в одном классе со старшей сестрой Марата, Лялей. Старшие поговаривали, Коркыт-ага охотится без ружья. На лошади, с двумя борзыми с кнутом-плетью. Он был всегда подтянут, одевался в темно-синий китель военного покроя, в брюках галифе заправленные в сапоги, на груди был орден, сейчас не помню какой. В нем подчеркивалось строгость, стать, может быть это и должность обязывала – возглавлял партком колхоза. По рассказам старших, Коркыт-ага много помогал в те далекие трудные годы полуграмотным депортированным корейцам колхозникам – грамотно оформлять документы и просьбы. Он очень участливо относился к людям, слышал их чаяния и всегда помогал чем мог.

ПЕРЗЕНТТЕРІНІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Байзақова Софья Қорқытқызы

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген, жоғары санатты дәрігер. Медицина саласының ардагері. Жары Ғалым Оразбаев екеуінің Қадим және Гүлфайруз атты ұлы мен қызы бар. Немере сүйіп отырған бақытты ата мен әже.

Әр бала үшін өзінің ата-анасынан қымбат жан жоқ шығар? Шынымды айтсам, әкем мен шешем туралы қанша айтсам да, айтып жеткізе алмайтын сияқтымын. Мен үшін соншалық қымбат жандар алыстап қалған балалығым сияқты, менен мүлдем алыста қалғандай. Бірақ, таулардың алыстаған сайын биіктейтіні сияқты, мен үшін де олардың тұлғасы күн санап биіктей бермек. Әкем мен анам үкіметтің таусылмайтын жұмысымен жүріп те бізді ештеңеден тарықтырмады, кез-келгеннің қолы жете бермейтін оқу орындарында оқытты. Жұмыс деп біздің тәрбиемізді көзінен таса қылған жоқ, табысқа тек адал еңбекпен жетуге үйретті. Әкем мен анам біз үшін адамдықтың эталоны болды. Қазір ойлаймын, қазіргідей молшылық заман да емес, балаларына қоса айналадағы бар ағайын-туысын, жетім-жесірді қамқорлау үшін үлкен жүрек керек қой. Әкем жай күнде қатал көрінетін. Біздің білім алуымызға қатаң талап қоятын, оның талабы қалайда орындалатын да. Енді ойласам, баланы дүниеге әкелу бір басқа да, оны сол өзгермелі өмірге дайындау мүлдем басқа екен ғой. Әкем бізді үлкен өмірге сол кезден дайындаған екен. Өмір жолы соқтықпалы-соқпақсыз болушы ма еді? Сол жолда Әке – қатты, Ана – тәтті болуы – өмірдің басты қағидасы емес пе? Әкем бізді қанша жақсы көрсе де, сыртына шығарып көрмеген екен. Әкем атты жанындай жақсы көретін. Тек жақсы көріп қана қоймай, бәйгеге ат жаратып, талай аламанда жүлде алған тұлпарларды дайындаған атбегі еді. Аттың әбзелдері, сәнді жасалған қамыт, жүгендер тап-таза болып, жинаулы тұратын. Үйде тазының бірнешеуі болатын. Оларға анамның қазанға ас пісіріп беретіні де есімде. Ал анам өте мейірімді адам еді. Өз баласына әркім де мейірімді шығар-ау. Мен ол туралы емес, анамның барша жанға мейірімді болғанын айтқым келеді. Соғыс уақытында да, кейін де анам қоймашы болып жұмыс істеген. Ол жұмыстың қандай жауапты екен белгілі. Сол үкіметтің дүниесін өз басын қатерге тігіп, аш-жалаңашқа беріп, көмек қылған анам, тіпті бірде шаталып кете де жаздаған. Ол тірісінде көп адам-

нан алғыс алған адам. Кейін анам қайтыс болғанда, кездейсоқ естіп, біз мүлдем танымайтын адамдар келгенде, анамызды қарапайым адамдардың алғыспен еске алатынын білдік, қуандық, мақтандық. Олар ашаршылық кезде Анамыздың қайырымын көрген жандар екен. Анам оларды қазақ, орыс, татар деп бөлмей бәріне бірдей қайырым қылыпты. Осы орайда мен мына жайды да айтқым келеді. Менің анамның ұлты – татар. Бірақ, сонымен қатар менің анам – нағыз қазақтың әйелі. Мен ойлаймын, кез-келген қазақтың әйелі менің анам сияқты бола алмас еді. Өмір бойы азаматының атын ардақтап, оның биік болуы үшін өзін төмендете білген менің анам – нағыз әулие деуге тұратын адам. Кейде мен біреулердің татарлар жайлы айтқан нашар пікірлеріне қатты ренжимін. Сондай сөзді айтқан адамдардың өздерінің өресіне күмәнім бар. Өйткені, «Жаман халық жоқ, жаман адамдар бар» деген сөз бар емес пе? Мен өз әкем мен анамды мақтан етемін. Ондай адамдардың баласы болу тек мақтаныш қана емес, үлкен жауапкершілік екенін білем. Өйткені олардың көзін көргендер мені және бауырларымды тұлпардың тұяғы, алтынның сынығы деп біледі. Біздің олардың атына кір келтіруге қақымыз жоқ деп білемін. Мен өмірдің сан белесінен асқанда, ата-анамның алдында шексіз қарыз екенімді тағы да еске аламын да, «Анаңның қарызын Меккеге жаяу арқалап апарсаң да қайыра алмайсың» деген даналық сөздің растығына тағы да көз жеткіземін.

Байзақов Мақсат Қорқытұлы

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер, медицина саласының ардагері. Қазір Ақтөбе қаласында тұрады. Отбасылы, жары Шарамен екеуінің Болат пен Майра атты балалары бар.

Әкем атты жан-тәнімен жақсы көретін. Соғыста атты әскерде болған әкем, не бір тар жол тайғақ кешулерде жансерігі болған жылқы малын аса қадірлейтін. Оның атты жақсы көруін жай ғана атқұмарлық деуден гөрі, табиғатпен етене дала ұлының ерекше жаратылысы деуге болар еді. Осы қасиеті қашан көзі жұмылғанша оны өзгелерден бөлектеп тұрды. Мен әкем туралы айтсам, міндетті түрде ат жарату, бәйге, құмай тазы туралы айтатыным да сондықтан. Әкем мені бес-алты жасымнан атқа мінгізіп үйретті. Осы кездің өзінде-ақ әкем бір жақтан жолаушылап келгенде атты суытуға жұмсайтынын біліп, емін-еркін атқа міну үшін, оны асыға күтіп жүретінмін. Бір жолы әкем келген бойда атқа мініп кетіп, үйге қайтып келе жат-

тым. Үйге қайтар жолда ауыл иттері төбелесіп жатыр екен. Иттерден үріккен ат бас берместен мені ала қашты. Атты тоқтататын қайрат менде қайдан болсын, тек құлап қалмау үшін ердің қасынан ұстап алып, басым ауған жаққа кете бардым. Қанша шапқанымды кім білсін, әйтеуір сілем құрып шаршаған мені атым үйге өзі алып келді. Үйдегілер, әсіресе анам қатты үрейленіп отыр екен. Әкем болса ләм-мим деместен мені аттан көтеріп түсіріп алды. Ол үндемесе де, аттан құламай, еш жерімді жарақаттамай, менің аман келгеніме қуанғанын көзінен байқадым. Алтыншы класта оқып жүргеннен бастап, әкем бәйгеге шабуға үйретті. Бұл жаз кезінде болған еді. Жаз сайын ауданның озат шопандарын марапаттау үшін шопандар слеті өтетін. Оны ел ішінде «Шопандар тойы» деп атайтын. Онда өнер ұжымдарының концерті, палуандар күресі, түрлі ұлттық ойындар мен сайыстар өтетін. Әрине, ең қызықтысы бәйге болатын, сондықтан оның басталуын бәрі асыға күтіп тұрды. Ақсақалдар кімнің аты бірінші келетінін болжап, кейбір аттың сыны мен мінін айтып, қызу әңгіме жүріп жатты. Осы қым-куыт аласапыранның өзі мені де желіктіріп, жүрегім кеудеме симай, алып-ұшып барады. Бұл кезде мен атқа шабуды жақсы үйренгенім сонша, бәйге мен үшін ат үстінің рахаты сияктанып, қасымда тұрған басқа сайыскерлерге тәкаппарлана қарап тұрдым.

Бәйге басталғанға дейін әкем маған басында қалай шабатынымды, ортасында не істейтінімді, жақындағанда қалай әрекет ететінімді тапсырып қойған болатын. Бәйге басталғанға дейін мен оның бәрін есімде ұстап, барлығын да жасайтындай болып тұр едім. Аттарды жіберген сәттен бастап, бәрі де тарс есімнен шықты. Құстай ұшқан атты әкем айтқандай тоқтатпастан, жиырма километр қашықтықтан алдыма қара салмай мәре сызығын қиып өттім. Әкемнің қуанышында шек болған жоқ. Көзі жасаурап, әке қуанышы мен бәйгенің құмарлығы қабаттасып, жүзі бал-бұл жайнаған әкемді қоршап, құттықтағандардың есебі жоқ еді. Ал мен үшін бұл күн өмірімнің ең бір ғажайып сәті болып қалды. Осыдан кейін мен атқа шапқан жоқпын, осы жеңісті жолды Марат ұзақ уақыт жалғастырды.

Әкемді ауыл ақсақалдары өте құрметтейтін. Олар үнемі үйге келіп, өздерін толғандырған мәселелерімен бөлісетін, оны шешудің жолдарын ақылдасатын. Біздің үйден шыққанда олар аса бір риза көңілмен кетіп бара жатқанын бала болсам да байқайтынмын.

Бір қарағанда қатал болып көрінетін әкемнің жүрегінде қаншалықты мейірбандық пен адами қасиеттер жатқанын оның жа-

нында жақын жүргендер ғана білетін. Ол ешқашан маған қиын болды деп шағымданған емес, тіпті ауруы жанына батқанда да асқан шыдамдылық танытты, үнсіз шыдады. Ол өмірден кеткенде бәріміз үшін өмір тоқтап қалғандай болды. Оның жоқтығына көндігу үшін бізге ұзақ уақыт керек болды. Оның өмірі қысқа болды, немерелерінің өскенін, шөберелерінің дүниеге келгенін көруді оған жазбады. Әлі күнге дейін мен әкемнің ақыл-кеңесі мен маған деген сенімін, әкелік мейірімін аңсаймын. Тіпті қиналған сәттерімде қасымда әкем болғанда бұлай болмас па еді дегендей ойлар келетінін несін жасырайын. Жыл сайын ініммен, апа-қарындастарыммен бірге әкеміз бен анамыз, қыршындай жас кеткен үлкен апамыз Лилия жатқан қауымға барып, зиярат етеміз. Мен олардың ешқашан ұмытылмайтынына сенем. Біз жер басып жүргенде, олар да біздің жүрегімізде өмір сүре беретіні анық.

Әкем дүниеден озғанан кейін бір жыл өткен соң дәл сол әкем жатқан ауруханаға соқыршек болып, ота жасатуға мен де түстім. Отадан кейін үш күн уақыт өткенде мен әкем соңғы демін алған палатаға келдім. Көзімнің алдына бір жыл бұрынғы көрініс қайта келіп, сол қасіретті қайтадан басымнан өткізгендей болдым. Сол сәттегі көңіл толқынысым өлең болып құйылып, сол бір қасіретті күндердің белгісі болып қалды:

Бұл бөлмеде жан әкемнің демі бар,
Жан жарамның, айтшы, қандай емі бар?
Ақырғы рет көк аспанға қараумен,
Қимастықпен алған соңғы демі бар.
Өмірді сен сүйіп едің жаныңмен,
Сен арқылы мен өмірді танып ем.
Адасқандай қалың тұман ішінде,
Балаларың қалды адал жарыңмен.
Неге асықтың өмір деген бәйгеден?
Әке, сені жоқ дегенде сенбегем.
Қолын бұлғап қоштасты да менімен,
Тұлпардай боп өте шықты кермеден...

Өмірде қандай жетістікке жетсем де, мен бәрі үшін Әкеме қарыздармын. Сен менің мәңгі жүрегімдесің, Әке!

МОИ ВОСПОМИНАНИЯ О ПАПЕ

У папы была огромная любовь к лошадям. Я бы сказал даже не любовь, а какая-то страсть. В войну он служил в кавалерии, и, видимо, лошадь была его лучшим другом в боях и походах. И эту любовь отец пронес через всю свою жизнь до самой последней минуты.

Когда мне было 5 или 6 лет, кстати, в это время папа уже доверял мне остужать лошадей, когда он возвращался домой с какой-нибудь поездки, и я с нетерпением ждал его, чтобы в очередной раз показаться на лошади. И на этот раз я с удовольствием сел в седло и поехал в сторону от дома. И вдруг соседские собаки на моем пути устроили драку. Лошадь перепугалась и понесла меня. Сил удержать лошадь у меня не было, я недостаточно был силен, и поэтому, чтобы не упасть, я отпустил поводья и обеими руками схватился за луку седла. Сколько она носила меня по степям и лугам я не помню, но в итоге она сама принесла меня домой вдоволь на скакавшемся. Естественно, дома все были перепуганы, особенно мама. А папа принял меня на руки, не сказав ни слова, но по его глазам было видно, что он доволен мною, ведь я, не смотря на испуг, не упал, а вернулся домой живым и невредимым.

А когда я учился в шестом классе, папа впервые решил меня испытать на скачках. Дело было летом, предстоял грандиозный праздник – слет чабанов, прозванный в народе «Чабан-той», где чествовали и награждали лучших чабанов района. Потом было выступление лучших артистов области, схватки борцов, а также различные игры и конкурсы. Но самым зрелищным конкурсом, конечно, была байга, и все, с нетерпением, ждали ее начала. Аксакалы громко спорили, выдвигали свои версии о том, чья лошадь придет первой, и бурно обсуждали достоинства и недостатки каждого скакуна. И вся эта шумиха вокруг сильно возбуждала и волновала меня, заставляя трепетать мое юное сердце. До этого я уже научился хорошо ездить на лошадях, а скакать галопом для меня было сверхнаслаждением, и я считал себя лихим наездником и с некоторым высокомерием поглядывал на своих соперников, среди которых были и взрослые парни. Еще до скачек папа учил меня всем премудростям байги, где нужно быть в начале скачек, в середине, и в конце. И мне казалось, что всё это я хорошо усвоил и, непременно, буду следовать всем законам

байги. Но когда лошади рванули со старта, я, естественно, всё забыл. Лошадь моя понеслась как птица, и удерживать ее, как учил меня папа, я не стал. Вырвавшись вперед на одном дыхании, даже близко не подпустив к себе ни одного наездника, я в гордом одиночестве пересек финишную прямую, проскакав двадцать километров. Восторгу и радости папы не было предела. Глаза его были влажными и светились от радости, счастья и гордости за меня. Вокруг него собралась огромная толпа людей. Все хотели пожать папе руку и поздравить с победой на скачках и выразить свое восхищение. А для меня этот день навсегда остался в памяти как самое великое чудо в моей жизни. Больше мне побеждать не пришлось, или я перерос, или скакуны были не те, но зато это прекрасно и с триумфом делал мой брат Марат.

Папа имел огромное уважение среди односельчан, в том числе и среди аксакалов. Они часто приходили к нему за советом в тех или иных вопросах, и я своими глазами видел, как они уходили довольными, а может и счастливыми, по крайней мере, мне так казалось. На первый взгляд папа казался суровым человеком, но, сколько теплоты, сердечности и человеческого обаяния излучала его душа, знали только близкие ему люди. Он никогда ни на что не жаловался и даже в самые трудные для него минуты молча переносил боль. Я как врач понимал, что ему плохо, об этом говорили его анализы, но он до конца оставался самим собой. И когда он «уходил», нам, его детям, казалось, что время остановилось, что это несправедливо, так не должно быть, почему это случилось. Но это случилось...

Папа прожил короткую жизнь. Ему не суждено было увидеть, как растут его внуки, рождаются правнуки...

В моей жизни очень часто не хватает папиного совета, мудрости, наказа, любви. И когда мне бывает трудно, и душевная боль заставляет меня сильно страдать, я ловлю себя на мысли о том, что всего этого могло не быть, если бы папа был рядом.

Мы каждый год с братом, а иногда и с сестрами, приезжаем на кладбище, где покоятся папа с мамой и рядом старшая наша сестра Лиля, умершая совсем молодой в сорок шесть лет... В скорби долго молчим над этими святынями... И пока мы живы так будет всегда.

Через год после смерти папы, я попал в ту же больницу, где он провел последние дни. Мне предстояла операция по поводу аппендицита. И вот, на третий день после операции, я пришел в палату папы, нахлынули воспоминания о последних самых тяжелых для нас днях. Здесь же родились эти строки:

И здесь был папа, лежал на той кровати
Измученный, усталый и больной,
И, широко раскрытыми глазами,
В последний раз на этот мир смотрел.
Любимый, нежный, Он тянулся к жизни
С последних сил, и даже в страшный миг
Всё спрашивал: – «Как дома? Мама? Света?»
Потом тихонько головой поник...
И загорелись тысячами звезды
В глазах моих как огненный туман,
А папа уходил всё дальше, дальше,
Махал рукой «Кулуным бол аман».
Всё кончилось, часы остановились,
Пробил последний слабый сердца стук,
И лишь отчаянье на лице застыло
И ничего, один пустой лишь звук...
Всего, чего я достиг в этой жизни, я обязан отцу.
Вечная ему память...

**Светлая память моей любимой маме
Батыровой Асие Рамазановне. Июль 1970 год.**

Прекрасен мир, мы солнцу улыбаемся,
Ждем счастья, живем своей мечтой,
И как, порою, все мы забываем,
Что всё хорошее от наших матерей.
От их улыбок, от ладоней теплых,
От их любви горячей и святой,
От их души, омытой ясным светом,
Чудесен и прекрасен мир земной.
Я славлю Тебя, милая, родная,
И имя светлое и гордое твое
Я пронесу навеки в своем сердце,
Чтоб вечно ощущать твое тепло.
И буду жить твоим наказом, мама,
Идти путем, указанным тобой,
И на земле добру, любви и счастьем
Открою свое сердце для людей.
Я молод, мир сердца моего еще так мал.
День завтрашний, какой он, я не знаю,
Но верь мне, мама, я счастье найду,
Огонь любви твоей навечно сохранию.

Сүйікті Анам Батырова Әсия Рамазан қызына
1970 жыл, шілде

Нұрға толы, сырға толы ғаламда,
Қол созамыз алыстағы арманға.
Бірақ біздер білеміз бе, Анаға
Тең келетін жан болмасын жалғанда.
Сенің күлкің...
Алақаның аялы...
Жер Әлемге шапағатын жаяды.
Әлем нұрлы сенің махаббатыңмен,
Сен өзіңсің, бәйтерегім саялы.
Сенің атың жүрегімде жаңғырып,
Тұра берер атқан сайын таң күліп.
Сенің айтқан әрбір сөзің, ақылың,
Жүрегімде жатталады мәңгілік.
Мен білмеймін, не береді ертеңім,
Алыстарға тартқан арман желкенім.
Өшірмеймін өзің жаққан отыңды,
Өзің жайлы өмір күйін шертемін.

Байзақова Роза Қорқытқызы

Ұзақ жылдар қаржы саласында еңбек еткен. Қазір Алматы қаласында тұрады. Жары Альберт екеуі ұл-қыз, немере тәрбиелеп отырған бақытты ата-ана.

Сырт адамға әкем өте қатал сияқты көрінетін. Есейе келе оның бізге қатал қарауының астарындағы біздің келешегімізді ойлаған абзал әкенің ісі екенін ұғындым. Ең бастысы ол біздің бойымызда адалдық болуын мақсат етті.

Ешқашан өтірік айтпауға үйретті. Ол үнемі: «Мен қашан өлетінімді және ана дүниеде не болатынын білмеймін, басқасының бәрін білемін», – дейтін. Мен бұл айтқанына балалық сәби жүрегіммен сенгенім сонша, егер өтірік айтсам, әкем бәрін біліп қояды деп ойлайтынмын. «Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей» деп бекер айтпағаны анық. Мен әлі күнге дейін өтірік айтсам, әкем өзінің отты жанарымен қарап тұратындай, бәрін біліп қоятындай күйде боламын. Орта мектепті бітірген соң мен бухгалтерлер мектебін бітіріп, әкем кадр бөлімін басқаратын «Бірінші май» совхозында есепші болып еңбек жолымды бастадым. Ол мені ешқашан қорғаштап көрген жоқ,

бірісе қырдағы аспазға көмекшілікке, бірде шөпшілерге көмекке жіберетін. Ауылда бұл істе бір рет те болса жасап көрген адам оның не екенін жақсы біледі және менің сол кездегі жай-күйімді түсінеді деп ойлаймын. Кешкілік қолымның тілік-тілігі шығып, жыларман күйде үйге келген мені көрген анам әкеме мені қайтадан жібермеуін қанша өтінсе де, әкем алған бетінен ешқашан қайтқан емес. Енді ойласам, әкем мені ешқашан қиыншылықтан қорықпауға, оны жеңе білуге үйреткен екен. Адалдық пен тазалықты талап ететін есепшілік қызметте ұзақ жылдар бойы жасап, өмірлік тәжірибе жинақтаған қазіргі күні мен өзімді әкемнің жолын жалғастырып жүргенімді мақтан етемін. Өмір жолында кездескен ірілі-ұсақты қиындықтар мен сәтсіздіктерге мойымауыма, ешқашан алға қойған мақсатым мен армандарымнан бас тартпауыма тәрбиелегені үшін мен әкеме өмір бойы ризалықпен бас иемін. Мен әкем мен анамдай ата-ананың қызы болғаным үшін Аллаға шексіз ризамын. Сондай әке мен анадан тәрбие алып, сол шаңырақтың бір перзенті болуды нәсіп еткен Аллаға шексіз шүкіршілік. Анамның мейірімін мен ешқашан сөзбен айтып жеткізе алмайтын шығармын. Арада қанша жылдар өтсе де, мен анамды аса бір ілтипатпен, сағынышпен еске алатын адамдардың естеліктерін тыңдағанда, менің бойымнан осы қасиеттер табыла ма деген ойдың қамауында қаламын, өзіме сын көзіммен қараймын, сондай абзал анадан туып жаман болуға қақым жоқ екенін түйсінемін. Анам мен әкемнің адамға деген жанашырлығының бір көрінісі ретінде мен бір әңгіме айтқым келеді. Біздің үйде әжеміз болды. Біз оны Қалима апа деп атайтынбыз. Басқа бауырларымды қайдам, мен ол кісіні өзімнің туған әжем деп ойлайтынмын. Өйткені, әкем мен анамның ол кісіге қылған құрметі кез-келген адамды солай ойлауға мәжбүр ететін. Есейе келе оны әкем менің бес-алты айлығымда үйге әкелгенін білдім. Біздің отбасымызда он үш жыл бойы тұрып, 1968 жылы жазда мәңгілік мекеніне де біздің үйден аттанды. Ешқандай туыстық қатынасы жоқ, жары мен баласы соғыста қаза тапқан, жалғыз қалған ананы өз анасындай мәпелеп, бағып-қағып, мәңгілік мекеніне ақ жуып, арулап аттандырған менің әкем мен анамның мейірімін кез-келген адам жасай алмас. Олар, мен үшін, өз аналары алдында орындай алмаған қарыздары мен соғыс даласынан қайтпай қалған сандаған боздақтардың армандарын өз қолдарымен жүзеге асырған сияқты болып көрінеді. Қалима апаны Нұрия мама деп атайтын, ал әке-шешемді тура әжесінің баласы сияқтанып атымен атайтын. Қалима апа да Нұрияны аса еркелетіп, үнемі қасынан тастамай

ертіп жүретін, кейде айтқанын тыңдамаған Нұрияға анам зекірсе, оны ұнатпағанын білдіріп, қорғаштай бастайтын. Қазіргі күні мен өз әкелері мен аналарын бақпай, қарттар үйіне аттандырып жатқан безбұйрек балалар туралы айтылғанда, өз әкем мен анамның алдында қаншалықты қарыздар екенімді түсінемін. Олар мені және бауырларымды адамдыққа, мейірбандыққа өз әрекеттерімен тәрбиелепті. Кейде тіпті өз балаңмен, өз туғаныңмен тіл табыса алмай қалатын мынау алмағайып заманда, жат адамның жанын өзінің туғанындай түсінген менің әкем мен анам сияқты адамдар көп болса ғой, әлемде жетім-жесір мен жылау-сықтау мүлдем болмас еді-ау.

Байзақова Светлана Қорқытқызы

Байзақов Қорқыттың кенжесі қызы. 1965 жылы туған. Қазір Астана қаласында тұрады. Отбасылы. Жары Бақытжанмен екеуінің Назгүл, Камила, Нұрлан есімді перзенттері бар.

Мен отбасының ең кенжесімін, ал кенженің өз артықшылықтары мен басымдықтары бары белгілі. Сондықтан болар, әкем мені ерекше жақсы көретін. Әкем туралы ойласам, менің есіме ең алдымен мына бір оқиға түседі. 1972 жыл болатын. Ол кезде мен екінші класта оқитынмын, ал Роза оныншы класта еді. Көктемгі каникулда екеумізді Атырау қаласында тұратын Люция нағашы апамызға жіберді. Бірнеше күннен кейін, ауылға қайтар күн жақындағанда, нағашы апам маған Ақтөбе қаласына барып келейік деді. Ақтөбеде бұл кезде Мақсот ағам мен Софья апам медицина институтында оқитын. Мен әрине қуана келістім. Бұл үшін әуелі Розадан рұқсат сұрау керек болатын. Әзер дегенде Розаны көндіріп, мен Ақтөбеге кете бардым, ал Роза ауылға қайтты. Ауылға келген соң мені сұраған анама Роза мән-жайды айтады да, әкеме мені әлі Атырауда каникул аяқталғанша болады дейді. Әкеме, әрине, бұл ұнамайды. Ертеңіне мені алып қайтуға қалаға қарай тартып отырған әкем, Люцияның есігін қағып-қағып үйге қайтады. Ертеңіне де дәл осылай болады, ақыры Роза шыдай алмай папама бәрін айтып береді. Мамама да, Розаға да әкем әбден ұрсады. Ал мен болсам, әкемнің сонша неге ашуланғанын түсінбедім. Мен жалғыз кеткен жоқпын ғой, оның үстіне туған ағам мен апама бардым емес пе? Тек есейе келе ғана мен папамның мен үшін соншама алаңдағанын, менің тағдырым үшін, амандығым үшін қаншалық қобалжығанын түсіндім. Өз балаларым болғанда, олар үшін талай ұйқысыз таңдарды атырғанда ғана мен әкемнің сол күйін жаныммен ұғындым. «Ата-ананың қадірін,

балалы болғанда білерсің» деген сол шығар, сірә. Әкем балаларына қатал қарады, бізді мақтауға сараң болатын, бірақ бәрібір ол мені өте жақсы көретін. Ол өмірден өткенде мен бар болғаны он алты жаста болатынмын. Мен үшін одан жақын адам жоқ болатын, ол бір күні жоқ болады-ау деген ой маған ешқашан келіп көрген емес еді. Бұл қайғы маған өте ауыр тиді. Мен үшін ең қымбат, ең аяулы, мәңгі қасымда жүретіндей болған әкем бір сәтте мені тастап кете барды. Осындай қиын шақта біз бір-бірімізге барымызша сүйеу болуға тырыстық, үйді, шаруашылықты әкемсіз қарап, өз бетімізше шешім қабылдауға, әкемсіз өмір сүруге үйрендік. Осылайша менің балалығым аяқталып, әкемсіз, ересек өмірге қадам бастым. Мен әкем мен анамның маған сіңірген еңбектері үшін, берген тәрбиесі үшін мәңгі ризамын. Мен неге қол жеткізсем де, олардың берген тәрбиесінің жемісі деп білемін.

Сатимова Марияш Балтабайқызы

Шалда әулетінің жиені. Атырау облысы Мақат ауданы М.Баймұханов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Балалығыңды сағынсаң нағашыңа бар» дегенді қай қазақ айтты екен? Кімнің болсын ең бақытты шағы балалығының нағашымен тікелей байланыстылығына ешкімнің дауы жоқ. Менің де балалығымның куәсі, анашымның иісі сіңген киелі топырақ – Ақ Жайықтың арнасы мен Өрлік ауылын әрдайым сағынышпен есіме алатыным да содан шығар.

Менің анам Шалданың Әбіл деген ұлынан туған. Оның өз төркіні туралы айтқан әңгімелерін, аңызға бергісіз хикаяларын біз кішкентайымыздан естіп, көкірегімізге түйіп өстік. Содан да болар, бұл тақырыпта айтылған барлық әңгімелер менің жаныма жақын, жүрегіме жылы нұр құяды. Анам өз төркіндерін өте жақсы көретін, біз Шеркеш деген атауды Нағашы деген ұғыммен бір деп түсініп өстік. Біз өз ағаларын Аппаға, Ақкөке, Кіштай аға, Тәте деп атаған анамның үлгісімен өз арамызда бір-бірімізді Аға, Көке, Тәте, Кішкентай аға деп атап өстік. Осы дәстүрді қазір біздің балаларымыз да жалғастырып келе жатыр. Анам бізге адалдықты, тазалықты, адамгершілікті үнемі өсиет етті. Өмірден ерте өткен анасы Қайша мамамыз туралы үнемі айтып отыратын. Бірде одан, балалығымыз шығар: «Апа, мамаңызды сағынасыз ба?» – деп сұрағанымыз бар. Сонда анам: «Мен күнде анамды ойлап оянам, таңертеңгі шайымды

«Мамама тие берсін» деп аузыма алам», – деген болатын. Өзі бірінші класты ғана оқыдым дегеніне қарамастан, апам өте аңғарымды, кез-келген нәрсені оң пайымдай алатын, заман жайын тез түсінген адам еді. Оның айтқан әзіл әңгімелері, қазақы қалжыңдары, ойлы аңыздары әлі жадымда. Ертегіні майын тамыза, апамдай айтқан адамды мен әлі кездестірген емеспін. Әр бала үлгіні өз ата-анасынан алып өседі ғой, нағашылырым туралы сөз айту үшін, өз ата-анам туралы айтуым керек деп ойлаймын. Әкем Балтабай мен анам Дәмет өмірде өте сыйласып өтті, өмірден де қол ұстасып бірге кетті. Оларды біз «Қыз Жібек пен Төлеген»деп атайтын едік. Әкем Жайық бойында Сатым молда атанған адамның баласы екен. Тағдыр жазып, менің анаммен бас қосып, екеуі өмірге әкелген ұрпақтарының қызығымен қатар, өмірінің соңында қайғысын да көріп, дүниеден өтті. Қырық үш жасында өмірден өткен ағам Нариманды нағашылырымыз өте жақсы көретін. Бар қылығын, өткір мінезі мен адалдығын «Өзімізге тартқан» деп меншіктейтін. Ата-анамыз нағашылырымызға бізді жиі алып баратын. Әбіл атам есімде емескі қалыпты. Ал өмірден ерте өткен Қанат нағашымды біз Аға деп атадық. Әлі күнге есімізге алсақ, Қанат ағам деп айтамыз. Анам жалғыз інісі болған соң біздің Аға дегенімізді қалаған шығар. Қанат ағам өте бауырмал болатын. Есімде қалған бір оқиға. Анам ауырып, Индердің ауруханасына алып кетті. Ол кезде байланыс нашар, бізге хабарласа алмаған ауруханадағылар Өрлікке хабарлап, апамның жағдайы қиын екенін айтады. Түн ішінде Қанат ағамның жанұшырып жеткені, әкем мен екеуінің Индерге кеткені әлі есімде. Қатты уайымдағаны түрінен көрініп, түтігіп, асығыс жеткендегі кейпін әлі сағынып есіме алам. Ол өмірден өткенде анамның: «Бауырмалым-ау, бауырың езіліп кетті-ау» деп жылағаны да есімде. Көп сөйлемейтін, өте сабырлы, шыдамды адам еді. Аллаға шүкір, ұрпақтары өсіп, жапырағы жайылып келе жатыр. Анам өзін «Майқұйрықпын» дейтін. Оның мағынасы, артынан ұл туылса, қыз баланы майқұйрық деп еркелетеді екен. Өзінен үлкен апасы Қазизаны өте құрметтейтін, оның Бибіхан, Сұлухан, Сәния атты қыздарын өте жақсы көретін. Базар деген апасы болғанын, жастай қайтыс болғанын айтуынан білетінбіз. Менің нағашыларымның ең басты қасиеті – бауырмалдығы. Сонымен қатар, олар – өмірдің қандай сындарына да төтеп бере алатын, өр мінезді жандар. Қандай қиындықты да әзілге, күлкіге айналдыра алатын мықты рухтың иелері. Мен Қорқыт нағашымды сирек көрдім, бірде ауылға келгені есімде. Атқа мінген, аяғына киген аппақ

етігі ғана есімде. Бүкіл ауылдың баласы атқа мінген кісіні көру үшін соңынан жүгіргені есімде. Енді бірде қыстың бір боранды түнінде, қасында бір орыс әйел, тағы бір адамдар бар, келіп қонғаны бар. Әкем мен анам «Тәтем келді» деп, құрақ ұшып, қонақтады. Қорқыт нағашым қайтыс болғанда: «Ауруханада жатқанда бір бара алмадым, мені ойлап жатты-ау», – деп жылағаны есімде.

Анам Шеркештің қызы болғанымен, Беріш Бегістің, біздің әулеттің Анасы болды. Тұтас әулетіміз әкем мен екеуін пана тұтатын еді. Ұлдары Есмұрат, Нариман, Нартай, Амантай, қыздары Сара, Алуа, Марияш, Сағия, бәріміз де әрқайсымыз өз отбасымыздың амандығын тілей отырып, осындай іргелі әулеттің жиендері болғанымызды мақтан етеміз.

Осы кітаппен жұмыс барысында түйгенім: жақсылық ешқашан ізсіз кетпейді. Қорқыт нағашымның көзін көрген жандардың көпшілігі өмірден өтіп кетті. Олардың естеліктері ойдағыдай шығуы үшін, олардың әр жылдары, әр жерде айтқан естеліктері жазылған бейнетаспаларды үздіксіз қарадым, жинақтадым. Әртүрлі жиындарда айтылған лебіздердің басын біріктірдім. Осы жазбалардың бүгінгі күнге сақталып, көптің игілігіне жарауы тікелей Майра жеңгеміздің еңбегі десем, артық айтпайтын шығармын. Бұл оның аталар рухына құрметі мен өз ұрпағының болашағына жасаған қамқорлығы деп түсінемін. Естеліктердің толыққанды шығуына барынша үлес қосқан замандастары мен туыстардың еңбегі өлшеусіз. Нағашымның көзін көргендер мен қамқорлығын сезгендер барынша өз ойларында сақталып қалған бейнесін беруге тырысты, азаматтық тұлғасын биіктетіп көрсетті. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» дегендей, елінің арқасүйер азаматтарын халық ешқашан ұмытпайтынын, елінің есінде қалған азамат тұлғасын бар қырынан байқатты.

Сынаптай сырғыған уақыт-керуен тоқтамас. Артында іздеушісі, жоқтаушысы бар адам – өлмеген адам. Өмірден өзі өтсе де, артында ізі қалған Қорқыт Байзақұлының пейіште нұры шалқысын!

МАЗМҰНЫ

Сөзбасы	4
Әкем туралы естеліктер	10
Анам. Менің нағашыларым	18
Біздің әулет	23
Өзім туралы	26
Біздің Шеркеш руының шежіресі	32
Біздің отбасы	47
Ойларым мен толғаныстарым	56
Сөз соңы	62
Поговори со мной, Отец	63
Об Отце	69
О матери. Наши нагаши	77
Наши родственники	82
О себе	86
О роде Шеркеш	91
О нашей семье	102
О моей семье	111
Послесловие	118
Туыскандар естеліктері	120
Замандастарының естеліктері	145
Перзенттерінің естеліктері	166

МАРАТ БАЙЗАҚОВ

**АЙТАРЫМ БАР,
ӨЗІҢЕ, ӘКЕ...**

*Шығарманың әдеби нұсқасын жасаған
Сатимова Марияш Балтабайқызы*

Редакторы – *Айнұр Алматықызы*
Компьютерде беттеген – *Ниязбай Оразымбет*
Көркемдеген – *Жамила Айдос*

ИБ 116

Теруге 20.10.2015 жылы жіберілді.
Басуға 29.10.2015 жылы қол қойылды.
Пішімі 60х90 $\frac{1}{16}$ Шартты баспа табағы 7,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №.

«Баспа-Сөз» баспасы
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143, 403-кеңсе



Аманжол мен Әнуша



Біздің отбасымыз, Чодалар қызы



Начомыларемме



Начомы эжемиз Марьям



Әбләхы Қыямет



Әсем. Аршылықтың қайтадан



Әжемиз бен балдар



Байжарулан Бүтүр
інісі Асқарлан мен қарындасым
Қашыммен бірге



Әкем әскерде



Сатымзов Балтабай, Әбілқатын Дәмет



Мама мен Ярулла балалықым



Ярулла немерешесінің үйінде



Әкесі әскерде



Әкесі әскерде



Айтбаев Боранғалдың ұрпақтары



Әкесі шахматты жақсы ойынайтын



Аналар ісіндегі бейі Ақпана апалы



Алиар мен Аяланың ұрпақтары



Ғалым мен Софья



Қызығам мен Бекрст — құдағар



Қадия мен Мариям балаларымен



Алиар мен Аяланың ұрпақтары



Гүлфайруз



Жұрмағалиев Салық құрлығы отбасы



Мирқұт пен Шара немересі Мұхаммедқұл



Құла-құлағы, жемісдерімен бос досында



Аалберт — күйеубала



Аға-жесіткенің балалары Болат пен Майра



Достармен бірге



Өрліктің Мәлік бастаған жерлестері



Аалберт пен Розинаның отбасы



Бауырлар



Үйдө. Баллырмен



Хайдардың отбасы



Нүрсия, ұлы Азаматпен



Мерейтой қонақтары — ағайындар



Тоғамбай, Нұрға, Мәрат, Қуаныш, Жәмила. Той таусылмағым



Жұмыным — Әлем Нұрғалиева



Батырхан мен Сырғаның отбасы



Туыстар арасында



Төреғанның отбасымен бірге



Ғизел ағалар: Ғизел, Төлөп, жандарымын



Айдын Һаҗиһаҗова



Қармыс Атамырза ағасында